[20] Frigaard, I. Simple yield stress fluids // Current Opinion in Colloid & Interface Science. 2019. Vol. 43. P. 80–93. https://doi.org/10.1016/j.cocis.2019.03.002.

[21] Olver, F.W.J., Lozier, D.W., Boisvert, R.F., Clark, C.W. (eds.). NIST Handbook of Mathematical Functions. New York: Cambridge University Press, 2010.

[22] Corless, R.M., Gonnet, G.H., Hare, D.E.G., Jeffrey, D.J., Knuth, D.E. On the Lambert W function // Advances in Computational Mathematics. 1996. Vol. 5. P. 329–359. https://doi.org/10.1007/BF02124750.

[23] You, Z., Huilgol, R.R., Mitsoulis, E. Application of the Lambert W function to steady shearing flows of the Papanastasiou model // International Journal of Engineering Science. 2008. Vol. 46, No. 8. P. 799–808. https://doi.org/10.1016/j.ijengsci.2008.02.002.

[24] Pitsillou, R., Georgiou, G.C., Huilgol, R.R. On the use of the Lambert function in solving non-Newtonian flow problems // Physics of Fluids. 2020. Vol. 32, No. 9. https://doi.org/10.1063/5.0021437.

[25] Housiadas, K.D., Georgiou, G.C. The analytical solution for the flow of a Papanastasiou fluid in ducts with variable geometry // Journal of Non-Newtonian Fluid Mechanics. 2023. Vol. 319. Article 105074. https://doi.org/10.1016/j.jnnfm.2023.105074.

ҒТАХР 28.15.19

https://doi.org/10.51889/2959-5894.2026.95.3.003

Ә.Ж. Жамбулатова[1*], Қ. Әлімхан[1]

[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан
**e-mail: aigerimzhambulat@gmail.com*

СЫЗЫҚТЫҚ ЕМЕС АУЫСПАЛЫ ЖҮЙЕЛЕРДІ ШЕКТІ УАҚЫТ ІШІНДЕ ТҰРАҚТАНДЫРУ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада ауысу заңдары еркін болатын сызықтық емес жүйелерді шекті уақыт ішінде тұрақтандыру мәселесі қарастырылады. Мұндай жүйелер басқару теориясында маңызды орын алады және робототехника, химиялық реакторлар, мехатроника және виртуалды өзара әрекеттесу жүйелері сияқты көптеген инженерлік салаларда кездеседі. Классикалық тұрақтылық теориясында жүйе күйінің тепе-теңдік нүктесіне асимптотикалық жақындауы қарастырылса, шекті уақыттағы тұрақтылық жүйе күйінің белгілі бір шектеулі уақыт аралығында нөлге жинақталуын қамтамасыз етеді. Бұл қасиет жүйенің жылдам әрекет етуін және сыртқы әсерлерге төзімділігін арттырады. Мақалада ауысу режимдері бар сызықтық емес жүйелердің математикалық моделін қарастырылып, ортақ Ляпунов функциясына негізделген тұрақтылық шарттары талданады. Сонымен қатар жүйені шекті уақыт ішінде тұрақтандару үшін дәрежелік интеграторды қосу әдісіне негізделген басқару тәсілдері сипатталады. Ұсынылған әдістер ауысу заңдары еркін болатын жағдайларда да жүйе тұрақтылын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Зерттеудің нәтижелерін тексеру мақсатында бірнеше сандық мысалдар қарастырылып, жүйе MATLAB ортасында моделденді. Алынған графиктер жүйе күй айнымалыларының шекті уақыт ішінде нөлге жинақталатынын көрсетті. Сандық нәтижелер ұсынылған әдістердің тиімділігін және олардың практикалық қолданбаларда қолдануға жарамды екенін дәлелдейді.

Түйін сөздер: коммутацияланатын сызықтық емес жүйелер, шекті уақыттағы тұрақтандыру, Ляпунов функциясы, дәрежелік интегратор әдісі, басқару заңы.

Ә.Ж. Жамбулатова[1*], Қ. Әлімхан[1]
[1]Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, г.Астана, Казахстан

МЕТОДЫ СТАБИЛИЗАЦИИ НЕЛИНЕЙНЫХ ПЕРЕКЛЮЧАЕМЫХ СИСТЕМ ЗА КОНЕЧНОЕ ВРЕМЯ

Аннотация

В статье исследуется задача стабилизации нелинейных переключаемых систем за конечное время при произвольных законах коммутации. Подобные динамические системы широко применяются в различных областях современной техники и управления, включая робототехнические комплексы, мехатронные устройства, химико-технологические процессы и системы виртуального взаимодействия. В отличие от классического подхода, основанного на асимптотической устойчивости, при котором состояние системы лишь постепенно приближается к положению равновесия, концепция устойчивости за конечное время гарантирует достижение равновесного состояния в течение заранее ограниченного промежутка времени. Данное свойство позволяет повысить быстродействие системы и улучшить её устойчивость к внешним возмущениям. В работе рассматривается математическая модель нелинейных систем с переключениями режимов функционирования. Для анализа устойчивости используются условия, основанные на общей функции Ляпунова. Кроме того, представлены методы синтеза управления, построенные на рекурсивной процедуре добавления степенного интегратора, обеспечивающие стабилизацию системы за конечное время. Предлагаемый подход сохраняет работоспособность даже при произвольном характере переключений между подсистемами. Для подтверждения теоретических результатов проведены численные эксперименты с использованием программного пакета MATLAB. Результаты моделирования показывают, что все переменные состояния системы достигают нулевого значения за конечное время. Полученные данные подтверждают эффективность разработанных алгоритмов управления и демонстрируют

перспективность их применения при решении практических задач управления нелинейными переключаемыми системами.

Ключевые слова: переключаемые нелинейные системы, стабилизация за конечное время, функция Ляпунова, метод добавления степенного интегратора, закон управления.

A. Zhambulatova[1*], K. Alimhan[1]
[1] L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

FINITE-TIME STABILIZATION METHODS FOR NONLINEAR SWITCHED SYSTEMS

Abstract

This paper investigates the problem of finite-time stabilization for nonlinear switched systems under arbitrary switching laws. Such systems play an important role in control theory and are widely encountered in many engineering applications, including robotics, chemical reactors, mechatronic systems, and virtual interaction systems. While classical stability theory focuses on the asymptotic convergence of system states to an equilibrium point, finite-time stability guarantees that the system states reach the origin within a finite time interval. This property improves the response speed of the system and enhances its robustness against external disturbances. The paper considers a mathematical model of nonlinear systems with switching modes and analyzes stability conditions based on a common Lyapunov function. In addition, control design methods based on the adding a power integrator technique are presented to achieve finite-time stabilization. The proposed approaches ensure system stability even when the switching law is arbitrary. To verify the effectiveness of the developed methods, several numerical examples are investigated and simulated in the MATLAB environment. The obtained results demonstrate that the state variables converge to zero within a finite time. Numerical simulations confirm the effectiveness of the proposed control strategies and indicate their potential applicability in practical engineering systems.

Keywords: switched nonlinear systems, finite-time stabilization, Lyapunov function, adding a power integrator technique, control law.

Кіріспе

Соңғы жылдары коммутацияланатын сызықтық емес жүйелер басқару теориясының маңызды зерттеу бағыттарының біріне айналды. Мұндай жүйелер бірнеше динамикалық ішкі жүйелерден тұрады және динамикасы уақыт бойынша осы ішкі жүйелердің ауысуы арқылы сипатталады. Ауысу режимдері бар жүйелер робототехникада, химиялық реакторларды басқаруда, энергетикалық жүйелерде, мехатроникада және виртуалды өзара әрекеттесу құралығыларында кеңінен қолданылады. Осыған байланысты мұндай жүйелердің тұрақтылығы мен басқарылуын қамтамасыз ету мәселелері басқару теориясының маңызды ғылыми және қолданбалы міндеттерінің бірі болып табылады [1].

Классикалық басқару теориясында жүйелердің тұрақтылығы көбінесе асимптотикалық тұрақтылық тұрғысынан зерттеледі. Бұл жағдайда жүйе күйі тепе-теңдік нүктесіне уақыт шексіздікке ұмтылған кезде жақындайды. Алайда көптеген практикалық жүйелер үшін мұндай қасиет жеткіліксіз болуы мүмкін. Инженерлік қолданбаларда жүйе күйінің тепе-теңдік нүктесіне шекті уақыт аралығында жетуі талап етіледі. Осыған байланысты соңғы жылдары шекті уақыттағы тұрақтылық ұғымы кеңінен зерттелуде. Шекті уақыттағы тұрақтылық жүйенің күй айнымалылардың нөлдік тепе-теңдікке нақты бір уақыт шектеулі уақыт аралығында жинақталуын қамтамасыз етеді және мұндай басқару жүйелері жоғары жылдамдықпен жинақталу, сыртқы әсерлерге төзімділік және басқару сапасының жақсаруы сияқты бірқатар маңызды артықшылықтарға ие [2].

Сызықтық емес жүйелер үшін шекті уақыттағы тұрақтандыру мәселесі көптеген ғылыми еңбектерде қарастырылған. Әсіресе төменгі үшбұрышты құрылымдағы жүйелер үшін кері қадамдау әдісіне негізделген басқару тәсілдері кеңінен қолданылып келеді. Сонымен қатар, шекті уақыттағы тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін дәрежелік интеграторды қосу әдісі ұсынылып, оның тиімділігі бірқатар жұмыстарда дәлелденген [3]. Дегенмен ауысу режимдері бар сызықтық емсе сызықтық емес жүйелер үшін шекті уақыттағы тұрақтандыру мәселесі әлдеқайда күрделі болып табылады. Себебі, жүйе динамикасы ауысу сигналдарының әсерінен

уақыт бойынша өзгеріп отырады. Сондықтан мұндай жүйелер үшін барлық қосалқы режимдерге ортақ Ляпунов функциясын құру және басқару заңын әртүрлі режимдер үшін бірдей түрде анықтау маңызды ғылыми мәселе болып табылады.

Осы жұмыста ауысу заңдары еркін болатын сызықтық емес жүйелердің белгілі бір класы үшін шекті уақыттағы тұрақтандыру мәселесі қарастырылады [4]. Жүйенің төменгі үшбұрышты құрылымы пайдалана отырып, дәрежелік интеграторды қосу әдісіне негізделген басқару тәсілдері талданады. Сонымен қатар, ұсынылған әдістердің тиімділігін көрсету мақсатында бірнеше сандық мысалдар қарастырылып, жүйенің динамикалық қасиеттері сандық моделдеу арқылы зерттелді.

Осылайша, зерттеудің негізгі мақсаты – ауысу режимдері бар сызықтық емес жүйелер үшін шекті уақыттағы тұрақтандыру әдістерін талдау және олардың тиімділігін сандық моделдеу арқылы көрсету.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеу шарттару мен әдістері

Бұл жұмыста ауысу режимдері бар сызықтық емес жүйелердің белгілі бір класы қарастырылады. Зерттелген жүйе төменгі үшбұрышты құрылымға ие және бірнеше ішкі жүйелерден тұратын ауысу жүйесі ретінде сипаталады. Жүйенің жалпы динамикалық моделі келесі түрде беріледі:

$$\begin{aligned}
\dot{x}_1 &= x_2 + \eta_{1,\sigma(t)}(x,u,t),\\
\dot{x}_2 &= x_3 + \eta_{2,\sigma(t)}(x,u,t),\\
&\dots\\
\dot{x}_n &= d(t)u + \eta_{n,\sigma(t)}(x,u,t),
\end{aligned}$$

Мұндағы $x \in R^n$ - жүйенің күй векторы, u - басқару сигналы, ал $\sigma(t)$ - уақыт бойынша өзгеретін ауысу заңы. Жүйе бірнеше ішкі жүйелерден тұрады және олардың арасында ауысу сигналы арқылы режим өзгерісі жүзеге асады.

Зерттеу барысында келесі шарттар қабылданды: Жүйедегі бейсызық функциялар үздіксіз дифференциаланатын функциялар болып табылады және олар белгілі бір шектеулерді қанағаттандырады. Сонымен қатар басқару каналына әсер ететін $d(t)$ функциясы нөлден үлкен және белгілі бір шектеулі аралықты өзгереді. Жүйені шекті уақыт ішінде тұрақтандыру үшін дәрежелік интеграторды қосу әдісі қолданылады [6]. Бұл әдіс рекурсивті басқару алгоритмін құруға мүмкіндік береді және жүйе үшін ортақ Ляпунов функциясын анықтауға негізделген [7]. Әрбір қадамда виртуалды басқару функциялары енгізіліп, жүйенің күй айнымалылары үшін жаңа координаталық түрлендірулер анықталады. Жүйенің тұрақтылығын талдау үшін Ляпуновтың тікелей әдісі қолданылады. Ляпунов функциясының туындысы теріс анық болатындығы көрсетіліп, жүйенің шекті уақыттағы тұрақтылығы дәлелденеді.

Ұсынылған әдістің тиімділігін тексеру мақсатынды сандық моделдеу жүргізілді. Моделдеу MATLAB бағдарламалық ортасында жүзеге асырылып, ауысу режимдері бар жүйелер үшін күй айнымалыларының уақыт бойынша өзгерісі зерттеледі.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу барысында ауысу режимдері бар сызықтық емес жүйелерді шекті уақыт ішінде тұрақтандыру мәселесі қарастырылады. Ұсынылған әдіс дәрежелік интеграторларды қосу тәсіліне негізделіп, жүйе үшін ортақ Ляпунов функциясын құруға мүмкіндік береді. Осы тәсілдің көмегімен ауысу заңдары еркін болатын жағдайда да жүйені шекті уақыт ішінде тұрақтандыратын басқару заңы алынды.

Теориялық талдау нәтижесінде жүйе үшін күй бойынша кері байланысқа негізделген басқару заңы құрылды. Сонымен қатар, барлық ішкі жүйелер үшін ортақ Ляпунов функциясы анықталды. Оның туындысы теріс екендігі көрсетілді. Бұл жүйенің жабық контурында шекті уақыттағы тұрақтылықтың орындалатынын дәлелдейді [8].

Ұсынылған әдістің тиімділігін тексеру мақсатында сандық моделдеу жүргізілді. Алдымен екі режимді CSTR жүйесі қарастырылды. Жүйенің бастапқы шарттары $x_1 = -2.5$ және $x_2 = 3.8$ деп алынды. Моделдеу нәтижелері жүйе күй айнымалыларының уақыт бойынша нөлге шекті уақытта жинақталатынын көрсетті. 1-3 суреттерде жүйе күй айнымалыларының өзгеруі және ауысу сигналының динамикасы бейнеленген. Нәтижелер ұсынылған шекті уақыттағы басқару әдісінің асимптотикалық басқару әдісіне қарағанда жылдамырақ жинақталуды қамтамасыз ететінін көрсетеді.

Екінші мысал ретінде виртуалды ортасы ауысатын тактильдік дисплей жүйесі қарастырылды. Бұл жүйе бірнеше режимнен тұратын ауысу жүйесі ретінде моделденді. Сандық моделдеу нәтижелері 4-5 суреттерді көрсетілген. Алынған нәтижелер жүйе күй айнымалыларының шекті уақыт ішінде нөлге жинақталатынын және ұсынылған басқару алгоритмінің ауысу сигналдарына тәуелсіз жұмыс істейтінін көрсетті.

Жалпы алғанда, жүргізілген сандық тәжірибелер ұсынылған әдістің тиімділігін растады. Ұсынылған басқару заңы ауысу режимдері бар сызықтық емес жүйелердің шекті уақыттағы тұрақтылығын қамтамасыз етеді және күй айнымалыларының жылдам жинақталуына мүмкіндік береді [9].

Дискуссия

Жүргізілген зерттеу нәтижелері ауысу режимдері бар сызықтық емес жүйелерді шекті уақыт ішінде тұрақтандыру мәселесін тиімді шешуге мүмкіндік беретін басқару тәсілін ұсынуға мүмкіндік берді. Ұсынылған әдіс дәрежелік интеграторды қосу тәсіліне негізделген және жүйенің барлық ішкі жүйелері үшін ортақ Ляпунов функциясына құруға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдің маңызды ерекшелігі – басқару заңының ауысу сигналынан тәуелсіз құрылуы және жүйенің еркін ауысу жаңдайында тұрақтылығын қамтамасыз етуі.

Алынған нәтижелер көрсеткендей, ұсынылған басқару алгоритмі жүйе күй айнымалыларының шекті уақыт ішінде тепе-теңдік күйге жинақталуын қамтамасыз етеді. Бұл қасиет асимптотикалық тұрақтылықпен салыстырғанда анағұрлым тиімді, себебі, жүйе күйі нақты бір шектеулі уақыт ішінде нөлге жетеді. Сонымен қатар, шекті уақыттағы басқару жүйенің динамикалық қасиеттерін жақсартып, сыртқы әсерлерге және белгісіздіктерге төзімділігін арттырады. Сандық моделдеу нәтижелері ұсынылған әдістің практикалық тұрғыдан тиімді екенін көрсетті. CSTR жүйесі мен тактильді дисплей жүйесіне жүргізілген моделдеу нәтижелері жүйе күй айнымалыларының ауысу режимдеріне қарамастан шекті уақыт ішінде нөлге жинақталатынын көрсетті. Сонымен қатар, ұсынылған шекті уақыттағы басқару әдісі асимптотикалық тұрақтандыру әдістерімен салыстырғанда жүйе траекторияларының жылдамырақ жинақталуын қамтамасыз ететіні байқалды.

Дегенмен ұсынылған әдістің белгілі бір шектеулері де бар. Атап айтқанда, зерттеу барысында жүйелердің төменгі үшбұрышты құрылымы қарастырылды. Бұл әдісті құрылымы күрделірек немесе параметрлік белгісіздіктері бар ауысу жүйелеріне қолдану қосымша зерттеулерді талап етеді. Жалпы алғанда алынған нәтижелер ауысу режимдері бар сызықтық емес жүйелер үшін шекті уақыттағы тұрақтандыру әдістерінің тиімді екенін көрсетеді және ұсынылған тәсіл басқару теориясында әрі қарай дамытуды қажет ететін перспективалы бағыттардың бірі болып табылады.

Ауысу режимдері бар сызықтық месе жүйелерді шекті уақыт ішінде тұрақтандыру әдістері

Бұл бөлімде ауысу режимдері бар сызықтық емес жүйелерді еркін ауысулар жағдайындағы шекті уақыт ішінде тұрақтандыруға арналған негізгі әдістер математикалық формулалар

негізінде талданды. Негізгі назар ортақ Ляпунов функциясына негізделген тәсілдерге және дәрежелік интеграторды қосу әдісіне аударылады.

Ауысу режимдері бар сызықтық емес жүйенің жалпы математикалық моделі

Қарастырылатын ауысу режимдері бар сызықтық емес жүйелер төменгі үшбұрышты құрылымға ие және келесі түрде сипатталады:

$$\begin{aligned}
\dot{x}_1 &= x_2 + \eta_{1,\sigma(t)}(x),\\
\dot{x}_2 &= x_3 + \eta_{2,\sigma(t)}(x),\\
&\vdots\\
\dot{x}_{n-1} &= x_n + \eta_{n-1,\sigma(t)}(x),\\
\dot{x}_n &= d(t)u + \eta_{n,\sigma(t)}(x),
\end{aligned}$$

Мұндағы $[x_1, \dots, x_n]^T \in \mathbb{R}^n$ - күй векторы, u - басқару сигналы, $\sigma(t) \in \{1, \dots, m\}$ - еркін ауысу заңы, $d(t)$ - басқару каналындағы белгісіз, бірақ оң және шектелген параметр.

Бұл модель ауысу режимдері бар сызықтық емес жүйелердің кең класын қамтиды және көптеген инженерлік жүйелерге тән құрылымды сипаттайды.

Шекті уақыттағы тұрақтылықтың Ляпунов шарттары. Шекті уақыттаңы тұрақтылықты зерттеу үшін біз Ляпунов функциясына негізделген әдісті қолданылады. Егер оң анықталған $V(x)$ функциясы үшін

$$\dot{V}(x) + cV^{\alpha}(x) \le 0, \quad 0 < \alpha < 1, c > 0,$$

Шарты орындалса, онда жүйе күйлері тепе-теңдік күйге шекті уақыт ішінде жақындайды. Ауысу режимдері бар жүйелер үшін барлық ішкі жүйелерге ортақ Ляпунов функциясының болуы еркін ауысулар жағдайында да тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Теорема. Қарастырылатын жүйе үшін дәрежелік интеграторды қосу әдісіне негізделген басқару заңы қолданылған жағдайда, егер барлық $i = 1, \dots, n$ үшін $\eta_{i,\sigma(t)}(x)$ функциялары шектелген болса және $d(t) > 0$ шарты орындалса, онда жүйе еркін ауысулар жағдайында глобальды шекті уақыт ішінде тұрақты болады.

Дәлелдеу. Жүйе үшін ортақ Ляпунов функциясын $V(x)$ деп қарастырайық. Дәрежелік интеграторды қосу әдісін қолдану арқылы басқару заңы таңдалады, соның нәтижесінде жабық контурында Ляпунов функциясының туындысы келесі бағалауды қанағаттандырады:

$$\dot{V}(x) \le -cV^{\alpha}(x), \quad 0 < \alpha < 1$$

Бұл теңсіздік шекті уақыттағы тұрақтылықтың жеткілікті шарты болып табылады [11]. Сонымен қатар, Ляпунов функциясының барлық ішкі жүйелер үшін ортақ болуы жүйенің ауысу заңына тәуелсіз тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сол себепті жүйе күйлері нөлдік тепе-теңдік күйге шекті уақыт ішінде жақындайды [12].

Кері қадамдау әдісі және оның шектеулері

Төменгі үшбұрышты құрылымдағы ауысу режимдері бар сызықтық емес жүйелер үшін кері қадамдау әдісі кеңінен қолданылады. Бұл тәсілде жүйе рекурсивті түрде қарастырылып, әрбір қадамда виртуалды басқару енгізіледі. Нәтижесінде Ляпунов функциясының туындысы теріс анық болады. Алайда, классикалық кері қадамдау әдісі көбінесе асимптотикалық тұрақтылықты ғана қамтамасыз етеді, яғни жүйе күйі нөлдік тепе-теңдік күйге тек уақыт

шексіздікке ұмтылған кезде ғана жақындайды. Сондықтан шекті уақыттағы тұрақтандыруды қамтамасыз ету үшін кері қадамдау әдісін жетілдіру қажет

Дәрежелік интеграторды қосу әдісі

Шекті уақыттағы тұрақтандыруды жүзеге асыру үшін дәрежелік интеграторды қосу әдісі қолданылады. Бұл тәсіл кері қадамдау әдісінің құрылымын сақтай отырып, Липшиц шартын қанағаттандырмайтын басқару заңдарын құруға мүмкіндік береді [10].

Әрбір қадамда виртуалды басқару келесі түрде таңдалады:

$$x_{i+1}^{*} = -|\chi_i|^{\rho_i}\varphi_i(x), \quad 0 < \rho_i < 1,$$


Мұндағы χ_i - кординаталық түрлендіруден кейінгі айнымалы, $\varphi_i(x)$ - оң анықталған, үздіксіз функция. Осы рекурсивті құрылым арқылы Ляпунов функциясының туындысы дәрежелік түрде теріс анық болады, яғни:

$$\dot{V}(x) \le -k\sum_{i=1}^{n}|\chi_i|^{\beta}, \quad 0 < \beta < 1,$$

Бұл жүйе күйлерінің шекті уақыт ішінде нөлге жинақталуын қамтамасыз етеді.


Әдістерді салыстырмалы талдау. Жоғарыда қарастырылған әдістерді салыстыратын болсақ, кері қадамдау әдісі ауысу режимдері бар сызықтық емес жүйелер үшін асимптотикалық тұрақтылықты тиімді қамтамасыз етеді, ал дәрежелік интеграторды қосу әдісі жүйе күйлерінің шекті уақыт ішінде нөлге жақындауын жүзеге асырады. Ортақ Ляпунов функциясымен біріктірілген дәрежелік интеграторды қосу әдісі еркін ауысулар жағдайында жүйені глобальды шекті уақыт ішінде тұрақтандыруды қамтамасыз ететін ең тиімді тәсілдердің бірі болып табылады [13, 14].

Алдымен екі режимі CSTR жүйесі қарастырылады. Жүйенің бастапқы шарттары $x_1(0) = -2.5$ және $x_2(0) = 3.8$ деп алынды. Ұсынылған басқару заңы қолданылған жағдайда жүйе күй айнымалыларының динамикасы 1 суретте көрсетілген.




Сурет 1. Жүйе күй айнымалыларының уақыт бойынша өзгеруі


Екінші мысал ретінде виртуалды ортасы ауысатын тактильдік дисплей жүйесі қарастырылады. Ұсынылған басқару алгоритмі қолданылған кезде жүйе күй айнымалыларының динамикасы 4 суретте көрсетілген. Бұл бөлімде біз шекті уақыттағы тұрақтандыру әдістерінің тиімділігін сандық моделдеу арқылы көрсетілген. Әдебиеттерде ұсынылған ауысатын сызықтық емес жүйелерге арналған мысалдар қайта есептеліп, алынған нәтижелер теориялық қорытындылармен салыстырылды. Сандық моделдеу Matlab ортасында жүргізілді.




Сурет 2. Ауысу сигналы



Сурет 3. Асимптотикалық басқару кезіндегі жүйе күй айнымалылары



Сурет 4. Ауысу жүйесінің күй айнымалылары



Сурет 5. Ауысу сигналы

Екі режимді CSTR жүйесі. Алдымен үздіксіз араласатын реактор (CSTR – continuous-tank reactor) жүйесін қарастырайық. Координаталық түрлендіруден кейін бұл жүйе екі режимді ауысатын сызықтық емес жүйе ретінде келесі түрде жазылады:

$$\dot{x}_1 = x_2 + a_{\sigma(t)} x_1,$$
$$\dot{x}_2 = u,$$

Мұндағы ауысу заңы – $\sigma(t) \in \{1,2\}$, ал параметрлер $a_1 = 0.5, \quad a_2 = 2.$

Шекті уақытта тұрақтандыруды қамтамасыз ету үшін дәрежелік интеграторды қосу әдісіне негізделген басқару заңы құрылады. Бұл басқару заңы Липшиц шартын қанағаттандырмайды және ауысу сигналына тәуелсіз түрде анықталады. Сандық моделдеу барысында бастапқы шарттар әртүрлі мәндерде таңдалып, ауысу сигналы кездейсоқ түрде өзгертілді. Нәтижелер көрсетілгендей, жүйе күйлері $x_1(t)$ және $x_2(t)$ шекті уақыт ішінде нөлге жинақталады.

Графиктерді талдау. Сурет 1-де $x_1(t)$ және $x_2(t)$ күй айнымалыларының уақыт бойынша өзгеруі көрсетілген. Графиктерден жүйенің күйі шекті уақыт ішінде тепе-теңдікке жететіні айқын байқалады. Ауысу сигналының жиі өзгеруіне қарамастан, траекториялар тұрақты түрде нөлге бағытталған, бұл ортақ Ляпунов функциясының тиімділігін растайды.

Тактильді дисплей жүйесінің сандық талдауы. Келесі мысал ретінде ауысатын виртуалды орталармен жұмыс істейтін тактильді дисплей жүйесін қарастырамыз. Бұл жүйе бірнеше режимнен тұратын ауысатын сызықты емес динамикамен сипатталады:

$$\dot{x}_1 = -12x_1 + x_2,$$
$$\dot{x}_2 = -\alpha_{\sigma(t)}x_2 + x_3,$$
$$\dot{x}_3 = \beta_{\sigma(t)}x_2 - \gamma_{\sigma(t)}x_3 + d(t)u,$$

Мұндағы параметрлер режимге байланысты өзгереді, ал $d(t)$ - оң және шектелген функция. Бұл жүйе үшін де дәрежелік интеграторды қосу әдісіне негізделген шекті уақыттағы басқару заңы құрылады. Аталған басқару заңы барлық режимдер үшін ортақ құрылымға ие.

Сурет 2-де тактильді дисплей жүйесінің күй айнымалыларының уақыт бойынша өзгеруі көрсетілген. Нәтижелер жүйе күй айнымалыларының қысқа уақыт ішінде нөлдік тепе-теңдік күйге жинақталатынын айқын көрсетеді. Сонымен қатар, ауысу сигналының әсеріне қарамастан, шекті уақыттағы жинақталу қасиеті сақталатыны байқалады.

Шекті уақыттағы асимптотикалық басқаруды салыстыру. Сандық нәтижелер шекті уақыттағы басқарудың асимптотикалық басқарумен салыстырғандағы артықшылықтарын айқын көрсетеді. Асимптотикалық басқару кезінде күй айнымалылары нөлге бітіндеп, шексіз уақыт аралығында жақындайды. Ал шекті уақыттағы басқару жағдайында жүйе күйлері нақты бір шекті уақыттан кейін дәл нөлге жетеді. Сурет 3-те шекті уақыттағы және асимптотикалық басқару жағдайындағы күй траекториялары салыстырмалы түрде көрсетілген. Шекті уақыттағы басқару жүйенің жинақталу жылдамдығын едәуір арттыратыны байқалады.

Жүргізілген сандық моделдеу нәтижелері шекті уақыт уақыттағы. Тұрақтандыру әдістерінің тиімділігін толық растайды. Ауыспалы сызықтық емес жүйелер үшін ортақ Ляпунов функциясы және дәрежелік интеграторды қосу әдісіне негізделген басқару заңдары еркін ауысу жағдайында да жүйе күйлерінің шекті уақыт ішінде жинақталуын қамтамасыз етеді. Бұл нәтижелер шекті уақыттағы басқарудың практикалық қолданбалар үшін жоғары әлеуетке ие екенін көрсетеді.

Қорытынды

Бұл жұмыста ауысу режимдері бар сызықтық емес жүйелердің белгілі бір класы үшін шекті уақыттағы тұрақтандыру мәселесі қарастырылды. Жүйені тұрақтандыру үшін дәрежелік интеграторды қосу әдісіне негізделген басқару тәсілі қолданылды. Сонымен қатар, барлық ішкі жүйелер үшін ортақ Ляпунов функциясын құру арқылы жүйенің шекті уақыттағы тұрақтылығын дәлелденді. Ұсынылған әдіс ауысу сигналдарына тәуелсіз басқару заңын құрға мүмкіндік береді және жүйенің еркін ауысулар жағдайында тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Жүргізілген сандық моделдеу нәтижелері ұсынылған басқару тәсілінің тиімді екенін көрсетті. Атап айтқанда, жүйе күй айнымалылары шекті уақыт ішінде нөлдік тепе-теңдік күйге жақындайды және жүйенің динамикалық қасиеттері жақсарады. Жалпы алғанда, алынған нәтижелер ауысу режимдері бар сызықтық емес жүйелер үшін шекті уақыттағы тұрақтандыру әдістерінің тиімді екенін көрсетеді. Ұсынылған тәсіл басқару теориясындағы осы бағыттағы зерттеулерді одан әрі дамытуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

[1] Bhat S. P., Bernstein D. S. Finite-time stability of continuous autonomous systems // SIAM Journal on Control and Optimization. – 2000. – Vol. 38, No. 3. – P. 751–766.

[2] Liberzon D. Switching in Systems and Control. – Boston: Birkhäuser, 2003. – 233 p.

[3] Lin W., Qian C. Adding one power integrator: A tool for global stabilization of high-order lower triangular systems // Systems & Control Letters. – 2000. – Vol. 39. – P. 339–351.

[4] Hong Y. Finite-time stabilization and stabilizability of a class of controllable systems // Systems & Control Letters. – 2002. – Vol. 46. – P. 231–236.

[5] Huang X., Lin W., Yang B. Global finite-time stabilization of a class of uncertain nonlinear systems // Automatica. – 2005. – Vol. 41. – P. 881–888.

[6] Wu J. L. Stabilizing controller design for switched nonlinear systems in strict-feedback form // Automatica. – 2009. – Vol. 45. – P. 1092–1096.

[7] Ma R., Zhao J. Backstepping design for global stabilization of switched nonlinear systems in lower triangular form under arbitrary switchings // Automatica. – 2010. – Vol. 46. – P. 1819–1823.

[8] Wang X., Hong Y., Jiang Z. Finite-time input-to-state stability of switched nonlinear systems // Proceedings of the Chinese Control Conference. – 2008. – P. 479–483.

[9] Orlov Y. Finite-time stability and robust control synthesis of uncertain switched systems // SIAM Journal on Control and Optimization. – 2004. – Vol. 43. – P. 1253–1271.

[10] Ding S., Li S., Zheng W. X. Nonsmooth stabilization of a class of nonlinear cascaded systems // Automatica. – 2012. – Vol. 48. – P. 2597–2606.

[11] Chen G., Yang Y., Li J. Finite-time stability of hybrid dynamical systems // IET Control Theory & Applications. – 2012. – Vol. 6. – P. 8–13.

[12] Khoo S., Yin J., Man Z., Yu X. Finite-time stabilization of stochastic nonlinear systems in strict-feedback form // Automatica. – 2013. – Vol. 49. – P. 1403–1410.

[13] Liang Y. J., Ma R., Wang M., Fu J. Global finite-time stabilisation of a class of switched nonlinear systems // International Journal of Systems Science. – 2014.

[14] Sun Y., Wang L. On stability of a class of switched nonlinear systems // Automatica. – 2013. – Vol. 49. – P. 305–307.

[15] Branicky M. S. Multiple Lyapunov functions and other analysis tools for switched and hybrid systems // IEEE Transactions on Automatic Control. – 1998. – Vol. 43. – P. 475–482.

References

[1] Bhat S. P., Bernstein D. S. Finite-time stability of continuous autonomous systems // SIAM Journal on Control and Optimization. – 2000. – Vol. 38, No. 3. – P. 751–766.

[2] Liberzon D. Switching in Systems and Control. – Boston: Birkhäuser, 2003. – 233 p.

[3] Lin W., Qian C. Adding one power integrator: A tool for global stabilization of high-order lower triangular systems // Systems & Control Letters. – 2000. – Vol. 39. – P. 339–351.

[4] Hong Y. Finite-time stabilization and stabilizability of a class of controllable systems // Systems & Control Letters. – 2002. – Vol. 46. – P. 231–236.

[5] Huang X., Lin W., Yang B. Global finite-time stabilization of a class of uncertain nonlinear systems // Automatica. – 2005. – Vol. 41. – P. 881–888.

[6] Wu J. L. Stabilizing controller design for switched nonlinear systems in strict-feedback form // Automatica. – 2009. – Vol. 45. – P. 1092–1096.

[7] Ma R., Zhao J. Backstepping design for global stabilization of switched nonlinear systems in lower triangular form under arbitrary switchings // Automatica. – 2010. – Vol. 46. – P. 1819–1823.

[8] Wang X., Hong Y., Jiang Z. Finite-time input-to-state stability of switched nonlinear systems // Proceedings of the Chinese Control Conference. – 2008. – P. 479–483.

[9] Orlov Y. Finite-time stability and robust control synthesis of uncertain switched systems // SIAM Journal on Control and Optimization. – 2004. – Vol. 43. – P. 1253–1271.

[10] Ding S., Li S., Zheng W. X. Nonsmooth stabilization of a class of nonlinear cascaded systems // Automatica. – 2012. – Vol. 48. – P. 2597–2606.

[11] Chen G., Yang Y., Li J. Finite-time stability of hybrid dynamical systems // IET Control Theory & Applications. – 2012. – Vol. 6. – P. 8–13.

[12] Khoo S., Yin J., Man Z., Yu X. Finite-time stabilization of stochastic nonlinear systems in strict-feedback form // Automatica. – 2013. – Vol. 49. – P. 1403–1410.

[13] Liang Y. J., Ma R., Wang M., Fu J. Global finite-time stabilisation of a class of switched nonlinear systems // International Journal of Systems Science. – 2014.

[14] Sun Y., Wang L. On stability of a class of switched nonlinear systems // Automatica. – 2013. – Vol. 49. – P. 305–307.

[15] Branicky M. S. Multiple Lyapunov functions and other analysis tools for switched and hybrid systems // IEEE Transactions on Automatic Control. – 1998. – Vol. 43. – P. 475–482.

ҒТАХР 27.39.19

https://doi.org/10.51889/2959-5894.2026.95.3.004

Н.С. Жаңабергенова[1,2]*, А.М. Темирханова[3]

[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
[2]Қазақ ұлттық спорт университеті, Астана қ., Қазақстан
[3]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан
**e-mail:* zhanabergenova.ns@gmail.com

КВАЗИСЫЗЫҚТЫ ИНТЕГРАЛДЫҚ ХАРДИ ТИПТІ ТЕҢСІЗДІКТЕР

Аңдатпа

Квазисызықты Харди типті операторларға өзек енгізу маңызды бағыт болып табылады. Дегенмен, өзектің жалпы түрі үшін нәтижелер алу анықталмаған мәселе, сондықтан зерттеушілер белгілі бір өзек класстары үшін Харди типті операторларын зерттейді. Біз [21] жұмыста басталған зерттеулерді жалпылай отырып, O_1^- және O_1^+ кластарына жататын квазисызықты интегралдық Харди типті теңсіздіктердің $0 < r < \infty, 1 < p \leq q < \infty$ параметрлік диапазондарындағы орындалу критерийлері алынды. Яғни, салмақты Лебег кеңістіктеріндегі өзекті Харди операторы қатысқан квазисызықты операторлардың шенелімділігі үшін қажетті және жеткілікті шарттары анықталды. Бұл жалпыланған бисызықты операторларды зерттеуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, өзегі бар квазисызықты теңсіздіктердің нәтижелері бисызықты теңсіздіктерді бағалау үшін балама дәлелдемелер ұсынады. Бұл зерттеу функционалдық талдаудың интегралдық операторлар теориясына дамытады және дифференциалдық теңдеулердің шешімдерін табуда қолданыс табуы мүмкін.

Түйін сөздер: Харди теңсіздік, салмақты Лебег кеңістігі, салмақты функция, квазисызықты оператор.

Н.С. Жанабергенова[1,2], А.М. Темирханова[3]
[1]Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г.Астана,
[2]Казахский национальный университет спорта, г.Астана, Казахстан
[3]Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г.Астана, Казахстан

КВАЗИЛИНЕЙНЫЕ ИНТЕГРАЛЬНЫЕ НЕРАВЕНСТВА ТИПА ХАРДИ

Аннотация

Введение ядра в квазилинейные операторы типа Харди является важным направлением. Однако получение результатов для общего типа ядра является неопределенной проблемой, поэтому исследователи изучают операторы типа Харди для определенных классов ядер. Обобщая исследования, начатые в [21], мы получили критерии справедливости квазилинейных интегральных неравенств типа Харди, принадлежащих классам O_1^- и O_1^+ в диапазонах параметров $0 < r < \infty, 1 < p \leq q < \infty$. То есть были определены необходимые и достаточные условия справедливости квазилинейных операторов, содержащих ядерный оператор Харди в весовых пространствах Лебега. Это позволяет нам изучать обобщенные билинейные операторы. В частности, результаты квазилинейных неравенств с ядрами дают альтернативные доказательства для оценки билинейных неравенств. Это исследование вносит вклад в теорию интегральных операторов в функциональном анализе и может быть использовано при нахождении решений дифференциальных уравнений.

Ключевые слова: неравенство Харди, весовая пространства Лебега, весовая функция, квазилинейный оператор.

N. Zhangabergenova[1,2], A. Temirkhanova[3]
[1]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
[2]Kazakh National University of Sports, Astana, Kazakhstan
[2]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

QUASILINEAR INTEGRAL HARDY-TYPE INEQUALITIES

Abstract

The introduction of a kernel into quasilinear Hardy-type operators is an important direction. However, obtaining results for the general type of kernel is an undefined problem, so researchers study Hardy-type operators for certain kernel classes. Generalizing the research started in [21], we obtained the criteria for the validity of quasilinear integral Hardy-like inequalities belonging to the classes O_1^- and O_1^+ in the parameter ranges $0 < r < \infty, 1 < p \le q < \infty$. That is, necessary and sufficient conditions for the validity of quasilinear operators involving the kernel Hardy operator in weighted Lebesgue spaces were determined. This allows us to study generalized bilinear operators. In particular, the results of quasilinear inequalities with kernels provide alternative method for estimating bilinear inequalities. This study contributes to the theory of integral operators in functional analysis and can be used in finding solutions to differential equations.

Keywords: Hardy inequality, weighted Lebesgue space, weight function, quasilinear operator.

Кіріспе

Негізгі ережелер

Бұл жұмыста өзегі бар квазисызықты оператор қатысқан интегралдық Харди типті теңсіздіктің орындалуының қажетті және жеткілікті шарттары параметрдің кейбір жағдайында алынды. Дәлелдеу барысында локализация әдісі қолданылады. Квазисызықты теңсіздіктер үшін алынған критерийлерді бисызықты Харди теңсіздіктерді сипаттау кезінде қолдануға болады. Сонымен қатар, нәтижелер функционалдық анализ теориясы, операторлар теориясы, гармоникалық анализ, дифференциалдық теңдеулер және спектралды операторлар теориясында қолданыс табуы мүмкін.

Классикалық Харди теңсіздігі, алғаш рет 20 ғасырдың басында Г.Х. Харди енгізген еді. Жылдар өте келе, бұл теңсіздіктер әртүрлі бағыттарда жалпыланды, көпөлшемді және дискреттік жағдайларға, сондай-ақ квазисызықты және бисызықты теңсіздіктер сияқты күрделі теңсіздіктерге дейін кеңейді.

Интегралдық Харди операторы

$$Hf(x) = \int_0^x f(t)dt \tag{1}$$

және оның түйіндес жағдайының салмақты Лебег кеңістігінде шенелімділік критерийлері [1-3] және [4] сияқты еңбектерде алынған. Кейінгі жылдары (1) түріндегі $K(\cdot,\cdot)$ теріс емес өзекті операторлар белсенді зерттеле бастады. Дегенмен, мұндай оператордың жалпы түрі үшін шенелімділік критерийі анықталмаған проблема болып табылады, нәтижесінде зерттеушілер нақты шартты қанағаттандыратын өзектер класын енгізді. 1989-1990 жылдары Р. Ойнаров [5], сондай-ақ 1991 жылы оған тәуелсіз түрде американдық математиктер Р. Керман мен С. Блум [6] келесі шартты қанағаттандыратын өзекпен берілген (1) операторын зерттеді: барлық $0 < t \le \tau \le x < \infty$ айнымалылары үшін

$$d^{-1}(K(x,\tau) + K(\tau,t)) \le K(x,t) \le d(K(x,\tau) + K(\tau,t)) \tag{2}$$

шарт орындалатындай $d > 0$ табылады. Ал [7-9] жұмыстарда жалпыланған $O_n^{\pm}, n \ge 1$ өзектер класы таныстырылып, осы класқа жататын өзектер қатысқан интегралдық салмақты теңсіздіктер талданды. Сонымен қатар, (1) түріндегі операторлардың салмақты бағалауы Морри тәріздес кеңістікте де анықталды [10, 11]. [10] жұмыста (1) операторының көпөлшемді жағдайының Лебег кеңістігінен локальды Морри тәріздес кеңістікке шенелімділігі алынды

және бұл шенелімділікті сипаттайтын теңсіздік квазисызықты операторлар үшін салмақты теңсіздікке эквивалентті екенін көрсетті. Осы зерттеуден кейін интегралдық квазисызықты Харди типті операторлардың салмақты бағалаулары маңызды рөл атқара бастады, квазисызықты операторларға деген қызығушылық артты (мысалы, [12-16] қараңыз).

Бұл мақалада біз (1) интегралдық Харди операторының кеңейтілген түрі өзек қатысқан квазисызықты операторды қарастырамыз. Қарастырылып отырған мәселе келесідей тұжырымдалады: Айталық $0 < r, q, p < \infty$, $\frac{1}{p} + \frac{1}{p'} = 1$ және $I = (0, \infty)$. w, u және v - I аралығында өлшенетін және локальды интегралданатын теріс емес функциялар болсын, яғни оларды салмақты функциялар дейміз.

$f \geq 0$ үшін келесідей салмақты теңсіздіктерді қарастырамыз

$$\left(\int_0^\infty u(x) \left(\int_0^x \left(\int_0^t K(t,s) f(s) ds \right)^r w(t) dt \right)^{\frac{q}{r}} dx \right)^{\frac{1}{q}} \leq C \left(\int_0^\infty v(x) f^p(x) dx \right)^{\frac{1}{p}}, \qquad (3)$$

$$\left(\int_0^\infty u(x) \left(\int_x^\infty \left(\int_t^\infty K(s,t) f(s) ds \right)^r w(t) dt \right)^{\frac{q}{r}} dx \right)^{\frac{1}{q}} \leq C \left(\int_0^\infty v(x) f^p(x) dx \right)^{\frac{1}{p}} \qquad (4)$$

мұндағы $K(\cdot,\cdot) \geq 0$ өзектері $O_1^{\pm}$ кластарына жатады. Осы кластардың анықтамаларын берейік.

Анықтама 1. $K(\cdot,\cdot)$ теріс емес өлшемді функциясы $\{(t,s), 0 < s \leq t < \infty\}$ жиынында анықталған және екінші айнымалы бойынша өспейтін болсын. $K(t,s)$ функциясы O_1^- класына жатады дейміз, егер $U(\cdot)$ және $Q(\cdot,\cdot)$ теріс емес өлшемді функциялары және $d \geq 1$ тұрақтысы табылып, барлық $t, \tau, s: 0 < s \leq \tau \leq t < \infty$ үшін

$$d^{-1}\big(K(t,\tau) + U(t)Q(\tau,s)\big) \leq K(t,s) \leq d\big(K(t,\tau) + U(t)Q(\tau,s)\big) \qquad (5)$$

орындалса.

Анықтама 2. $K(\cdot,\cdot)$ теріс емес өлшемді функциясы $\{(t,s), 0 < s \leq t < \infty\}$ жиынында анықталған және бірінші айнымалы бойынша кемімейтін болсын. $K(t,s)$ функциясы O_1^+ класына жатады дейміз, егер $V(\cdot)$ және $R(\cdot,\cdot)$ теріс емес өлшемді функциялары және $d \geq 1$ тұрақтысы табылып, барлық $t, \tau, s: 0 < s \leq \tau \leq t < \infty$ үшін

$$d^{-1}\big(R(t,\tau)V(s) + K(\tau,s)\big) \leq K(t,s) \leq d\big(R(t,\tau)V(s) + K(\tau,s)\big) \qquad (6)$$

орындалса.

[17–21] жұмыстарында (3) және (4) теңсіздіктерінің орындалу критерийлері $K(\cdot,\cdot) \geq 0$ өзектері (2) шартты қанағаттандырған кезде табылған. Бұл жұмыстарда дәлелдеу кезінде u салмақ функциясына тәуелді көмекші функцияны қолданады. [22] жұмысында бұл мәселе басқаша әдіспен зерттелген, яғни параметрдің $1 < r < q < \infty$ және $1 < p < \infty$ жағдайлары үшін көмекші функциясыз айқын критерийлер алынған. Ал [23] мақалада параметрдің $0 < r < \infty, 0 < q < p < \infty$ жағдайында

$$\left(\int_0^\infty u(x) \left(\int_0^x \left(\int_t^\infty K(s,t) f(s) ds \right)^r w(t) dt \right)^{\frac{q}{r}} dx \right)^{\frac{1}{q}} \leq C \left(\int_0^\infty v(x) f^p(x) dx \right)^{\frac{1}{p}},$$

$$\left(\int_0^\infty u(x)\left(\int_x^\infty\left(\int_0^t K(t,s)f(s)ds\right)^r w(t)dt\right)^{\frac{q}{r}}dx\right)^{\frac{1}{q}} \le C\left(\int_0^\infty v(x)f^p(x)dx\right)^{\frac{1}{p}}$$

түріндегі теңсіздіктердің орындалу шарттары өзектері O_1^- және O_1^+ классына жатқан кезде алынған. Жұмыстың мақсаты [21] жұмыста қолданған әдіспен (5) немесе (6) шарттарды қанағаттандыратын $K(\cdot,\cdot)\ge 0$ өзектері бар (3) және (4) квазисызықты теңсіздіктерді параметрдің $0<r<\infty, 1<p\le q<\infty$ жағдайында сипаттау.

Зерттеу әдіснамасы

Негізгі теоремаларды дәлелдеу үшін алдын ала белгілі екі салмақты Харди типті теңсіздіктердің тұжырымдары мен нәтижелері, матрицаның қасиеттері, Минковский теңсіздігі және басқа да классикалық теңсіздіктер қолданылады.

$L_{p,v}(I)$ арқылы I аралығында анықталған барлық f өлшемді функциялардан тұратын және

$$\|f\|_{p,v,I} \equiv \|f\|_{p,v} = \begin{cases}\left(\int_I v(t)|f(t)|^p dt\right)^{\frac{1}{p}}, & 0<p<\infty,\\ \operatorname*{esssup}_{t\in I} v(t)|f(t)|, & p=\infty\end{cases}$$

функционал ақырлы болатын кеңістікті белгілейік. [21] жұмыста келтірілген бүркеуші тізбектің анықтамасын берейік:

Анықтама 3. $\{x_k\}\subset I$ өспелі тізбек I аралығын бүркеуші тізбек деп аталады, егер $k\to-\infty$ кезде $x_k\to 0$ және $k\to\infty$ кезде $x_k\to\infty$ үшін $\bigcup_k[x_k,x_{k+1})=I$ немесе $\{x_k\}=\{x_k\}_{k=n}^m$ және $x_{n-1}=0, x_{m+1}=\infty$.

Сонымен қатар, төмендегі Харди типті операторлардың нормалары қажет болады:

$$H_{r,p}^-(\alpha,\beta)=\sup_{f\ge 0}\frac{\left(\int_\alpha^\beta\left(\int_t^\beta K(s,t)f(s)ds\right)^r w(t)dt\right)^{\frac{1}{r}}}{\|f\|_{p,v,(\alpha,\beta)}},$$

$$H_{r,p}^+(\alpha,\beta)=\sup_{f\ge 0}\frac{\left(\int_\alpha^\beta\left(\int_\alpha^t K(t,s)f(s)ds\right)^r w(t)dt\right)^{\frac{1}{r}}}{\|f\|_{p,v,(\alpha,\beta)}}$$

мұндағы $0\le\alpha<\beta\le\infty$.

Бағалау процесінде келесі элементар теңсіздікті қолданылады:

Егер $a_i>0, i=1,2,\dots,k$, онда

$$\sum_{i=1}^k a_i^\alpha \le\left(\sum_{i=1}^k a_i\right)^\alpha, \quad \alpha\ge 1. \tag{7}$$

Келісім: $E\ll F$ белгісі p,q және r параметрлеріне тәуелді C тұрақтысымен $E\le CF$ білдіреді. Сонымен қатар, $E\approx F$ дегеніміз $E\ll F\ll E$ екіжақты бағалауы.

Ескерту: Анықтама 1 және Анықтама 2-дегі $Q(\cdot,\cdot)$ және $R(\cdot,\cdot)$ функциялары (2) шартты қанағаттандырады, яғни екінші айнымалысы бойынша өспейтін және бірінші айнымалысы бойынша кемімейтін функциялар.

Зерттеу нәтижелері

Келесі шамаларды енгізейік:

$$A_1^+ = \sup_{z>0}\left(\int_0^z u(x)dx\right)^{\frac{1}{q}} H_{r,p}^-(z,\infty),$$

$$A_2^+ = \sup_{z>0}\left(\int_0^z u(x)\left(\int_x^z w(t)dt\right)^{\frac{q}{r}}dx\right)^{\frac{1}{q}}\left(\int_z^\infty K^{p'}(s,z)v^{1-p'}(s)ds\right)^{\frac{1}{p'}},$$

$$A_3^+ = \sup_{z>0}\left(\int_0^z u(x)\left(\int_x^z Q^r(z,t)w(t)dt\right)^{\frac{q}{r}}dx\right)^{\frac{1}{q}}\left(\int_z^\infty U^{p'}(s)v^{1-p'}(s)ds\right)^{\frac{1}{p'}},$$

$$A_4^+ = \sup_{z>0}\left(\int_0^z u(x)\left(\int_x^z V^r(t)w(t)dt\right)^{\frac{q}{r}}dx\right)^{\frac{1}{q}}\left(\int_z^\infty R^{p'}(s,z)v^{1-p'}(s)ds\right)^{\frac{1}{p'}},$$

$$A_5^+ = \sup_{z>0}\left(\int_0^z u(x)\left(\int_x^z K^r(z,t)w(t)dt\right)^{\frac{q}{r}}dx\right)^{\frac{1}{q}}\left(\int_z^\infty v^{1-p'}(s)ds\right)^{\frac{1}{p'}}.$$

Теорема 1. Айталық $0 < r < \infty, 1 < p \le q < \infty$ және $K(\cdot,\cdot)$ өзегі O_1^- класына жатсын. Онда (4) салмақты теңсіздігі орындалады сонда тек сонда, егер $A^+ = \max\{A_1^+, A_2^+, A_3^+\} < \infty$. Сонымен қатар, $A^+ \approx C$, мұндағы C - (4) теңсіздігінің оптималды тұрақтысы.

Теорема 2. Айталық $0 < r < \infty, 1 < p \le q < \infty$ және $K(\cdot,\cdot)$ өзегі O_1^+ класына жатсын. Онда (4) салмақты теңсіздігі орындалады сонда тек сонда, егер $\tilde{A}^+ = \max\{A_1^+, A_4^+, A_5^+\} < \infty$. Сонымен қатар, $\tilde{A}^+ \approx C$, мұндағы C - (4) теңсіздігінің оптималды тұрақтысы.

Теорема 1 тұжырымының дәлелдеуі. Жеткіліктілігі. Айталық $A^+ < \infty$ болсын. (4) салмақты теңсіздік орындалатынын көрсетеміз. $\int_0^\infty f(s)ds < \infty$ болатындай $0 \le f$ болсын.

$$\int_{x_k}^\infty\left(\int_t^\infty K(s,t)f(s)ds\right)^r w(t)dt = 2^{-r(k-1)}$$

орындалатындай $\{x_k\}$ – бүркеуші тізбек болсын. (4) теңсіздігінің сол жағын J деп белгілеп, оны келесідей бағалаймыз

$$J = \left(\sum_k \int_{x_k}^{x_{k+1}} u(x)\left(\int_x^\infty\left(\int_t^\infty K(s,t)f(s)ds\right)^r w(t)dt\right)^{\frac{q}{r}}dx\right)^{\frac{1}{q}}$$

$$\le \left(\sum_k 2^{-q(k-1)}\int_{x_k}^{x_{k+1}} u(x)dx\right)^{\frac{1}{q}} \le 4^q\left(\sum_k 2^{-q(k+1)}\int_{x_k}^{x_{k+1}} u(x)dx\right)^{\frac{1}{q}}. \qquad (8)$$

Әрі қарай r параметрін екі жағдайға бөліп, келесі өрнектерді қарастырайық:

$1 \le r < \infty$ үшін

$$2^{-(k+1)} = 2^{-k} - 2^{-(k+1)}$$
$$= \left(\int_{x_{k+1}}^{\infty}\left(\int_{t}^{\infty} K(s,t)f(s)ds\right)^{r} w(t)dt\right)^{\frac{1}{r}} - \left(\int_{x_{k+2}}^{\infty}\left(\int_{t}^{\infty} K(s,t)f(s)ds\right)^{r} w(t)dt\right)^{\frac{1}{r}}$$
$$\leq \left(\int_{x_{k+1}}^{x_{k+2}}\left(\int_{t}^{\infty} K(s,t)f(s)ds\right)^{r} w(t)dt\right)^{\frac{1}{r}} \leq \left(\int_{x_{k+1}}^{x_{k+2}}\left(\int_{t}^{x_{k+2}} K(s,t)f(s)ds\right)^{r} w(t)dt\right)^{\frac{1}{r}}$$
$$+\left(\int_{x_{k+1}}^{x_{k+2}}\left(\int_{x_{k+2}}^{\infty} K(s,t)f(s)ds\right)^{r} w(t)dt\right)^{\frac{1}{r}}. \quad (9)$$

$0 < r < 1$ кезде

$$2^{-r(k+1)} = \frac{\left(2^{-rk} - 2^{-r(k+1)}\right)}{2^{r} - 1}$$
$$= \frac{1}{2^{r}-1}\left(\int_{x_{k+1}}^{\infty}\left(\int_{t}^{\infty} K(s,t)f(s)ds\right)^{r} w(t)dt - \int_{x_{k+2}}^{\infty}\left(\int_{t}^{\infty} K(s,t)f(s)ds\right)^{r} w(t)dt\right)$$
$$= \frac{1}{2^{r}-1}\left(\int_{x_{k+1}}^{x_{k+2}}\left(\int_{t}^{\infty} K(s,t)f(s)ds\right)^{r} w(t)dt\right)$$
$$\ll \int_{x_{k+1}}^{x_{k+2}}\left(\int_{t}^{x_{k+2}} K(s,t)f(s)ds\right)^{r} w(t)dt + \int_{x_{k+1}}^{x_{k+2}}\left(\int_{x_{k+2}}^{\infty} K(s,t)f(s)ds\right)^{r} w(t)dt. \quad (10)$$

(8) теңсіздігіне (9) және (10) өрнектерін қойып, келесіні аламыз:

$$J \ll \left(\sum_{k}\int_{x_k}^{x_{k+1}} u(x)\left(\int_{x_{k+1}}^{x_{k+2}}\left(\int_{t}^{x_{k+2}} K(s,t)f(s)ds\right)^{r} w(t)dt\right)^{\frac{q}{r}} dx\right)^{\frac{1}{q}}$$
$$+\left(\sum_{k}\int_{x_k}^{x_{k+1}} u(x)\left(\int_{x_{k+1}}^{x_{k+2}}\left(\int_{x_{k+2}}^{\infty} K(s,t)f(s)ds\right)^{r} w(t)dt\right)^{\frac{q}{r}} dx\right)^{\frac{1}{q}} = J_1 + J_2. \quad (11)$$

J_1 бағалау үшін $H_{r,p}^{-}(x_{k+1}, x_{k+2})$ шамасының анықтамасын қолданамыз және $\frac{q}{p} \geq 1$ шартын ескере отырып, (7) теңсіздігі бойынша келесі қорытындыға келеміз:

$$J_1 = \left(\sum_k \int_{x_k}^{x_{k+1}} u(x) \left(\int_{x_{k+1}}^{x_{k+2}} \left(\int_t^{x_{k+2}} K(s,t) f(s) ds \right)^r w(t) dt \right)^{\frac{q}{r}} dx \right)^{\frac{1}{q}}$$

$$\leq \left(\sum_k \int_{x_k}^{x_{k+1}} u(x) dx \left(J_{r,p}^-(x_{k+1}, x_{k+2}) \right)^q \|f\|_{p,v,(x_{k+1},x_{k+2})}^q \right)^{\frac{1}{q}}$$

$$\leq \sup_k \left(\int_0^{x_{k+1}} u(x) dx \right)^{\frac{1}{q}} J_{r,p}^-(x_{k+1}, \infty) \left(\sum_k \left(\|f\|_{p,v,(x_{k+1},x_{k+2})}^p \right)^{\frac{q}{p}} \right)^{\frac{1}{q}}$$

$$\leq \sup_{z>0} \left(\int_0^z u(x) dx \right)^{\frac{1}{q}} H_{r,p}^-(\mathrm{z}, \infty) \left(\sum_k \|f\|_{p,v,(x_{k+1},x_{k+2})}^p \right)^{\frac{1}{p}} \leq A_1^+ \|f\|_{p,v}. \quad (12)$$

Ал J_2 бағалау үшін өзекке қойылған шартты қолданып, төмендегідей екі шама аламыз:

$$J_2 \leq \left(\sum_k \int_{x_k}^{x_{k+1}} u(x) dx \left(\int_{x_{k+1}}^{x_{k+2}} w(t) dt \left(\int_{x_{k+2}}^{\infty} K(s, x_{k+2}) f(s) ds \right)^r \right.\right.$$

$$\left.\left. + \int_{x_{k+1}}^{x_{k+2}} Q^r(x_{k+2}, \mathrm{t}) w(t) dt \left(\int_{x_{k+2}}^{\infty} U(s) f(s) ds \right)^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}}$$

$$\ll \left(\sum_k \int_{x_k}^{x_{k+1}} u(x) dx \left(\int_{x_{k+1}}^{x_{k+2}} w(t) dt \right)^{\frac{q}{r}} \left(\int_{x_{k+2}}^{\infty} K(s, x_{k+2}) f(s) ds \right)^q \right)^{\frac{1}{q}}$$

$$+ \left(\sum_k \int_{x_k}^{x_{k+1}} u(x) dx \left(\int_{x_{k+1}}^{x_{k+2}} Q^r(x_{k+2}, t) w(t) dt \right)^{\frac{q}{r}} \left(\int_{x_{k+2}}^{\infty} U(s) f(s) ds \right)^q \right)^{\frac{1}{q}} = J_{21} + J_{22}. \quad (13)$$

J_{21} келесі түрде жазайық:

$$J_{21} = \left(\int_0^{\infty} \left(\int_x^{\infty} K(s,x) f(s) ds \right)^q d\mu(x) \right)^{\frac{1}{q}},$$

бұл жерде

$$d\mu(x) = \sum_k \int_{x_k}^{x_{k+1}} u(y) \left(\int_{x_{k+1}}^{x_{k+2}} w(t) dt \right)^{\frac{q}{r}} \delta(x - x_{k+2}) dy$$

және $\delta(\cdot)$ - дельта-функция. J_{21} -дегі өзек (5) шартын қанағаттандырады сондықтан [7] жұмыста келтірілген өзегі бар интегралдық оператордың шенелімділік критерийін қолданып келесі теңсіздікті аламыз:

$$J_{21} \leq \max\{A_{21}, A_{22}\} \|f\|_{p,v}, \quad (14)$$

мұндағы A_{21}, A_{22} шамалары келесідей анықталған:

$$A_{21} = \sup_{z>0} \left(\int_0^z d\mu(x) \right)^{\frac{1}{q}} \left(\int_z^\infty K^{p'}(s,z) v^{1-p'}(s) ds \right)^{\frac{1}{p'}},$$

$$A_{22} = \sup_{z>0} \left(\int_0^z Q^q(z,x) d\mu(x) \right)^{\frac{1}{q}} \left(\int_z^\infty U^{p'}(s) v^{1-p'}(s) ds \right)^{\frac{1}{p'}}.$$

Келесі интегралды қарастырайық:

$$\int_0^z d\mu(x) = \sum_{x_{k+2} \le z} \int_{x_k}^{x_{k+1}} u(x) \left(\int_{x_{k+1}}^{x_{k+2}} w(t) dt \right)^{\frac{q}{r}} dx$$

$$\le \sum_{x_{k+2} \le z} \int_{x_k}^{x_{k+1}} u(x) \left(\int_x^z w(t) dt \right)^{\frac{q}{r}} dx \le \int_0^z u(x) \left(\int_x^z w(t) dt \right)^{\frac{q}{r}} dx,$$

бұл

$$A_{21} \le A_2^+. \tag{15}$$

дегенді береді. Енді келесі интегралды бағалайық:

$$\int_0^z Q^q(z,x) d\mu(x) = \sum_{x_{k+2} \le z} \int_{x_k}^{x_{k+1}} u(x) dx \left(\int_{x_{k+1}}^{x_{k+2}} w(t) dt \right)^{\frac{q}{r}} Q^q(z, x_{k+2})$$

$$\le \sum_{x_{k+2} \le z} \int_{x_k}^{x_{k+1}} u(x) dx \left(\int_{x_{k+1}}^{x_{k+2}} Q^r(z,t) w(t) dt \right)^{\frac{q}{r}}$$

$$\le \sum_{x_{k+2} \le z} \int_{x_k}^{x_{k+1}} u(x) \left(\int_x^z Q^r(z,t) w(t) dt \right)^{\frac{q}{r}} dx$$

$$\le \int_0^z u(x) \left(\int_x^z Q^r(z,t) w(t) dt \right)^{\frac{q}{r}} dx$$

осыдан

$$A_{22} \le A_3^+. \tag{16}$$

(14), (15) және (16) теңсіздіктер негізінде

$$J_{21} \le \max\{A_2^+, A_3^+\} \|f\|_{p,v} \tag{17}$$

шығады. Осы жолмен J_{22} шамасын бағалайық:

$$J_{22} = \left(\int_0^\infty \left(\int_x^\infty U(s) f(s) ds \right)^q d\tau(x) \right)^{\frac{1}{q}},$$

мұндағы

$$d\tau(x) = \sum_k \int_{x_k}^{x_{k+1}} u(y) \left(\int_{x_{k+1}}^{x_{k+2}} Q^r(x_{k+2}, \mathrm{t}) w(t) dt \right)^{\frac{q}{r}} \delta(x - x_{k+2}) dy$$

[4] дереккөзінде келтірілген Харди теңсіздігіне қатысты нәтижелерді қолдана отырып, келесі қорытындыға келеміз:

$$J_{22} \le \sup_{z>0}\left(\int_0^z d\tau(x)\right)^{\frac{1}{q}}\left(\int_z^\infty U^{p'}(s)v^{1-p'}(s)ds\right)^{\frac{1}{p'}}\|f\|_{p,v}.$$

Бірінші интеграл келесідей бағаланады:

It is well known that problem books and exercise collections play a special role in mastering theoretical material in functional analysis and the theory of functions of a real variable at pedagogical institutes and universities. In Russian, there exists a sufficient number of problem collections of various levels in this field. Among the most notable are the works of Yu.S. Ochan, A.A. Kirilov and A.D. Gvishiani, S.A. Telyakovsky, P.L. Ulyanov, A.N. Bakhvalov, M.I. Dyachenko, K.S. Kazaryan, P. Sifuentes, V.A. Petrov, N.Ya. Vilenkin, and M.I. Graev. These collections mainly focus on set theory and measure theory, and provide solutions to a large number of problems. However, the theory of integrals, operator theory, separability, completeness of spaces, compactness, and their applications to problem solving are insufficiently covered. In the Kazakh language, there are almost no problem collections corresponding to university curricula in these disciplines. Among the few published works, one may note G. Akyshev's book on functional analysis, which covers several sections of the subject and includes solutions to problems, although its circulation is very limited. The aim of the study is to identify and systematize the methodological aspects of solving problems in the core areas of functional analysis, as well as to develop approaches to presenting them in the Kazakh language, taking into account the content of the university course. Since this discipline is one of the fundamental areas of mathematics, future researchers (Master's and PhD students) cannot engage in scientific work without mastering it thoroughly. Functional analysis is considered a continuation of real analysis, and its problems are studied in close interconnection. From a methodological perspective, many problems were analyzed and their detailed solutions were provided. The study systematizes the main types of problems in set theory, measure theory, the Lebesgue integral, and functional analysis; defines methodological approaches to solving them; and develops a system of exercises of varying difficulty. The results obtained can be used in teaching functional analysis in the Kazakh language and in developing educational and methodological materials.

Keywords: set, measure theory, integral theory, operators, compactness, separability, completeness of spaces.

Кіріспе

Негізгі ережелер

Зерттеудің негізгі идеясы нақты айнымалы функциялар теориясы мен функционалдық анализдің теориялық мазмұнын есептер шешу үдерісімен өзара сабақтастықта қарастыруға негізделеді. Зерттеу барысында аталған пәндердің негізгі бөлімдері бойынша есептер жүйеленіп, оларды шешуде қолданылатын математикалық ұғымдар, теоремалар мен әдістердің ерекшеліктері айқындалды. Теориялық материалды типтік есептермен байланыстыра ұсыну арқылы математикалық тұжырымдардың есептерді шешудегі қолдану жолдары көрсетілді. Ұсынылған есептер жүйесі білім алушылардың теориялық білімдерін есептерді шешуде қолдануына және функционалдық анализ бойынша қазақ тіліндегі оқу-әдістемелік материалдардың мазмұнын толықтыруға бағытталған.

Функционалдық анализ кәзіргі математиканың іргелі бағыттарының бірі болып табылады және математикалық анализ, дифференциалдық және интегралдық теңдеулер, операторлар теориясы, математикалық физика сияқты бірқатар салалардың теориялық негіздерін құрайды. Функционалдық анализді меңгеру барысында білім алушылардан анықтамалар мен теоремаларды білумен қатар, оларды нақты математикалық есептердішешуде дұрыс қолдана білу талап етіледі.Осыған байланысты теориялық материал мен есептер жүйесінің өзара байланысын қамтамасыз ету функционалды анализі оқытудың маңызды мәселелерінің бірі болып табылады.

Нақты айнымалы функциялар теориясы мен функционалдық анализдің негізгі ұғымдарының абстрактілі сипатта болуы оларды мегеруде есептер мен жаттығулардың маңызын арттырады. Атап айтқанда, жиындар мен өлшенетін функциялар, өлшем теориясы, Лебег интегралы, функционалдық кеңістіктер, сызықтық операторлар, кеңістіктердің толықтығы, сеперабельдігі және компактілік сияқты ұғымдары терең түсіну оларды тиісті есептерді шешу барысында қолданумен тығыз байланысты.Сондықтан теориялық материалды меңгерумен қатар, әрбір тақырыпқа сәйкес есептерді мақсатты түрде іріктеу, оларды белгілі бір жүйеге келтіру және шешу тәсілдерін көрсету қажеттілігі туындайды. Функционалдық анализ бен нақты айнымалы функциялар теориясы бойынша теориялық еңбектер, оқулықтар және есептер жинағы жеткілікті болғанмен, қазақ тілінде білім алатын студенттерге арналған оқу-әдістемелік материалдардың мазмұнын жетілдіру мәселесі өзектілігін сақтап отыр.

Осы бағытта зерттеу жүргізіп, жинақты жазуға түрткі болған белгілі математик, «Нақты анализ» кітабының авторы Қ. Наурызбаевтың мынадай пікірі болды: «… қазақ тілінде жазылған жаттығулар мен есептер жинағы бұл пән бойынша әзірге жоқ. Сондықтан курстың мазмұнын баяндау барысында кейбір маңызды ұғымдарға, фактілерге көңіл аудару мақсатымен оқушыларға тапсырма түрінде және тараулар соңында келтірілген жаттығу есептер мен сұрақтар түрінде бірқатар материал берілді. Бірақ оның көлемі тапшы – бұлар тек үлгі есебінде келтіріліп отыр. Осындай жинақтардың ұлт тілінде жарық көруі – алда тұрған кезекті істердің бірі». Бұл ретте, теориялық материалдарды типтік есептермен байланыстырып, математикалық ұғымдар мен тұжырымдардың есептерді шешуде қалай қалай қолданылатынын жүйелі түрде көрсететін материалдарды қалыптастыру маңызды. Әлбетте, бұл функционалдық анализ бойынша есептерді тек жинақтау емес, оларды теориялық мазмұны, қолданылатын математикалық аппарат және шешу тәсілдері тұрғысынан жүйелеу қажеттігін көрсетеді. Осыған байланысты зерттеудің мақсаты - нақты айнымалы функциялар теориясы мен функционалдық анализдің негігі бөлімдері бойынша есептерді жүйелеу, олардың теориялық материалмен байланысын анықтау және есептерді шешуде қолданылатын негізгі математикалық тәсілдердің ерекшеліктерін көрсету. Мақсатқа жету үшін мынандай зерттеу міндеттері айқындалады: нақты айнымалы функциялар теориясымен функционалды анализдің негізгі бөлімдеріне сәйкес есептерді іріктеу және жүйелеу; есептердің теориялық ұғымдар мен тұжырымдармен байланысын анықтау; типтік есептерді шешуде қолданылатын

математикалық әдістер мен тәсілдерді талдау; теориялық материалды есептер арқылы бекітуге мүмкіндік беретін тапсырмалар жүйесін қалыптастыру; алынған нәтижелерді қазақ тіліндегі оқу-әдістемелік жинаққа қолдану мүмкіндіктерін көрсету.

Зерттеу нысаны – жоғары оқу орындарында нақты айнымалы функциялар теориясы мен функционалдық анализді оқыту үдерісі.

Зерттеу пәні – нақты айнымалы функциялар теориясы мен функционалдық анализ бойынша есептерді іріктеу, жүйелеу және оларды шешуде теориялық нәтижелерді қолдану. Зерттеудің негізгі идеясы теориялық материал мен есептерді өзара сабақтастықа қарастырудан тұрады. Бұл ретте теориялық ұғымдар, анықтамалар мен теоремалар тиісті типтік есептермен байланыстырылып, оларды есепті шешу барысында таңдау мен қолдану жолдары қарастырылады. Мұндай құрылым теориялық білімді септер шешуде қолдану арасындағы байланысты жүйелі түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Зерттеу әдіснамасы

Ұсынылып отырған мақалада зерттеудің әдіснамасын оқу құралының нақты айнымалы функциялар теориясы мен функционалдық анализдің негізгі бөлімдері бойынша негізгі теориялық қағидалары мен есептердің шығару тәсілдері және оларды құрастыру әдістемесі, сондай ақ, теориялық білімді математикалық есептерді шешу барысына қолдануға бағытталған жүйелілік пен сабақтастық ұстанымдары құрайды. Зерттеу барысында теориялық талдау, салыстыру, жүйелеу, жіктеу және жалпылау әдістері қолданылды. Зерттеу материалдарын іріктеу барысында жиындар теориясы, өлшем теориясы, өлшенетін функциялар, Лебег интегралы, функционалдық кеңістіктер, сызықтық операторлар, кеңістіктің толықтығы, сепарабельділігі мен компактылығы сияқты нақты айнымалы функциялар теориясы мен функционалдық анализдің негізгі тақырыптары қамтылды. Әрбір тақырып бойынша теориялық қағидаларды тікелей қажет ететін типтік есептер қарастырылып, олардың шешу жолдары талданды. Осы негізде жазылғанл оқу құралы аталған бағытта елімізде қазақ тілінде жарық көрген алғашқы еңбектердің бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарында қазақ тілінде білім алатын студенттер санының артуы бұл бағыттағы оқу-әдістемелік әдебиеттердің маңыздылығын арттырып отыр. Осыған байланысты құралдың басты мақсаты – білім алушыларға функционалдық анализ бен нақты айнымалы функциялар теориясының іргелі ұғымдарын есептер мен жаттығулар арқылы терең меңгерту, олардың математикалық мәдениетін қалыптастыру және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту болып табылады.

Бүгінгі таңда аталған пәндерді терең игермей, математика саласында толыққанды ғылыми зерттеу жүргізу мүмкін емес. Сондықтан ұсынылып отырған жинақтың ғылыми және әдістемелік құндылығы жоғары болатыны белгілі.

Оқу-әдістемелік құрал авторлардың математика, физика және информатика институтында көп жылдар бойы жүргізген дәрістері мен практикалық, сондай-ақ семинарлық сабақтарының негізінде дайындалған. Сонымен қатар бұл еңбек университет студенттеріне, оқытушыларға және математиканы терең меңгеруге қызығушылық танытатын кең аудиторияға арналған.

Оқу құралының құрылымы университеттің оқу бағдарламасына сәйкес жасалған және осы уақытқа дейін орыс және қазақ тілдерінде жарық көрген еңбектер мен интернет ресурстардағы материалдар негізінде құрастырылған.

Құралдың бірінші бөлімі екі тараудан тұрады және жиындар теориясы мен функциялар теориясына қатысты есептер мен жаттығуларды қамтиды. Жиындар теориясы, өлшемдер теориясы, өлшенетін функциялар, Лебег интегралы және функционалдық анализге қатысты есептерді талдау барысында [1]-[6] әдебиеттер пайдаланылды.Теориялық материалдар [7]-[15] әдебиеттер негізінде іріктеліп алынған. Математиканың негізгі ұғымдарының бірі – жиын ұғымы екені белгілі. Жиындар теориясы нақты айнымалы функциялар теориясының іргетасы болып табылады. Бұл ғылым саласы XIX ғасырдың соңында Г. Кантордың еңбектерінен бастау алады. Дегенмен, бүгінгі күнге дейін жиын ұғымына толық әрі қатаң анықтама берілген

жоқ. Оның орнына сипаттамалық анықтамалар қолданылады. Мәселен, Г. Кантор жиынды «көптің біртұтас ретінде ойша біріктірілуі» деп сипаттаған. Жалпы алғанда, жиын деп белгілі бір қасиеттері немесе белгілері бойынша біріктірілген объектілердің жиынтығын айтамыз. Мысал ретінде натурал сандар жиынын, түзудегі нүктелер жиынын, жазықтықтағы түзулер жиынын немесе планеталар жиынын келтіруге болады. Егер кез келген объект үшін оның берілген жиынға жататынын немесе жатпайтынын анықтауға мүмкіндік болса, онда мұндай жиын анықталған деп есептеледі. Жиындар әдетте латын алфавитінің бас әріптерімен белгіленеді:

$$A, B, C, X, Y, \ldots .$$

Жиынды құрайтын объектілер оның элементтері деп аталады. Егер a элементі A жиынына тиесілі болса, онда бұл $a \in A$ түрінде белгіленеді. Ал a элементі A жиынына тиесілі болмаса, онда $a \notin A$ немесе $a \overline{\in} A$ түрінде жазылады. Мысалы, $\mathbb{Q}$ – рационал сандар жиыны болса, онда $\frac{1}{2} \in \mathbb{Q}$, ал $\sqrt{3} \overline{\in} \mathbb{Q}$.

Табиғатта ақырсыз жиындар кеңінен қарастырылады. Мұндай жиындар ашық және тұйық жиындар, сондай-ақ саналымды және саналымсыз жиындар болып жіктеледі. Егер X жиынында ашық жиындардың τ жүйесі (топология) енгізілсе, онда ол топологиялық кеңістікке айналады. Сол сияқты кез келген бос емес X жиынында әрбір x және y элементтер жұбына теріс емес $\rho(x, y)$ нақты саны сәйкес қойылып, төмендегі шарттарды қанағаттандырса, онда бұл функция метрика деп аталады:


1. $\rho(x, y) > 0$ және $\rho(x, y) = 0 \Leftrightarrow x = y$ (тепе-теңдік аксиомасы);
2. $\rho(x, y) = \rho(y, x)$ (симметрия аксиомасы);
3. $\rho(x, z) \leq \rho(x, y) + \rho(y, z)$ (үшбұрыш аксиомасы).

Осылайша $\rho(x, y)$ саны x және y элементтері арасындағы қашықтықты (яғни X кеңістігінің метрикасын) сипаттайды. Ал көрсетілген үш шарт метриканың аксиомалары деп аталады. Мұндай (X, ρ) жұбы метрикалық кеңістік деп аталады. Метриканы әртүрлі тәсілдермен енгізу арқылы әр алуан қасиеттерге ие кеңістіктерді қарастыруға болады. Осы бағытта ұсынылып отырған жинақта көптеген есептер келтіріліп, олардың ерекшеліктері нақты мысалдар арқылы түсіндіріледі. Мысал ретінде келесі есепті қарастырайық.

Мысал 1. $B_1(x_1, r_1) \subset B_2(x_1, r_1)$ орындалатын метрикалық кеңістікке мысал келтіріңіз, мұнда $r_1 > r_2$ яғни радиусы үлкен шардың радиусы кіші шардың ішінде де жататын метрикалық кеңістіктің мысалын келтіру керек.

Шешуі: $X = \mathbb{N}$ жиынында $\rho(n, m) = |n - m|$ метрикасын қарастырайық. Ашық шарларды төмендегідей таңдайық:

$B_1 = B(1, 4) = \{1,2,3,4\}$, $B_2 = B(3,3) = \{1,2,3,4,5\}$



Сурет 1. $X = \mathbb{N}$ *метрикалық кеңістігіндегі ашық шарлардың өзара орналасуы*

Онда 1-суреттен және ашық шар мәндерінен $B_1 \subset B_2$, бірақ $r_1 > r_2$ екені байқалады.

Математикалық анализ курсынан белгілі болғандай, Риман интегралы негізінен үзіліссіз функциялар және үзіліс нүктелері шектеулі (ақырлы) болатын функциялар үшін анықталған. Алайда қарапайым Дирихле функциясы Риман бойынша интегралданбайды. Осыған байланысты интеграл ұғымын кеңейту қажеттілігі туындап, Лебег интегралы енгізілді. Дегенмен, Лебег интегралы үшін математикалық анализдің классикалық нәтижелерінің бірі – Ньютон-Лейбниц формуласы жалпы жағдайда орындала бермейді. Бұл мәселені шешу мақсатында абсолютті үзіліссіз функциялар ұғымы енгізілген.

Абсолютті үзіліссіз функциялар – кейбір нүктелерде туындысы болмауы мүмкін, бірақ кең мағынада анықталған функциялар класы. Бұл ұғым Ньютон-Лейбниц формуласының

кеңейтілген түрде орындалуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, ол дифференциалдық және интегралдық есептеулер арасындағы байланысты сақтай отырып, функциялардың өзгерісі нөл өлшемді жиындарда «күрт» өзгермейтін процестерді сипаттайды. $f(x)$ функциясы, Егер Лебег бойынша интегралданатын $f'(x)$ функциясының алғашқы функциясы $[a, b]$ кесіндісінде $f(x)$ функциясы болса онда ол абсолютті үзіліссіз болады . Басқаша айтқанда, келесі теңдік орындалады:

$$f(x) = f(a) + \int_a^x f'(t)dt\,.$$

Керісінше, егер функция осы түрде берілсе және $f'(x)$ Лебег бойынша интегралданатын болса, онда $f(x)$ абсолютті үзіліссіз функция болады.

Абсолютті үзіліссіз функциялар Лебег өлшемі бойынша барлық дерлік нүктелерде туындысы бар функциялармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді, тіпті кейбір нүктелерде туындысы анықталмаған жағдайларда да. Мысалы, $y = |x|$ функциясы $x = 0$ нүктесінде туындысы анықталмағанымен, абсолютті үзіліссіз функция болып табылады.

Аталған мәселелерді тереңірек талдау мақсатында оқу құралында бірқатар есептер қарастырылып, олардың кейбіреулерінің шешу жолдары егжей-тегжейлі көрсетілген. Риман және Лебег интегралдарының ерекшеліктері мен өзара байланыстарын айқындау үшін арнайы мысалдар келтірілген. Атап айтқанда, Дирихле функциясының интегралдануы мәселесі арқылы бұл екі интеграл ұғымының айырмашылықтары нақты көрсетіледі.

Оқу құралының екінші бөлімінің бірінші тарауында метрикалық кеңістіктің дербес жағдайлары болып табылатын нормаланған және евклид кеңістіктеріне қатысты есептер қарастырылған. Белгілі болғандай, нормаланған кеңістік толық болған жағдайда Банах кеңістігіне, ал евклид кеңістігі толық (ақырсыз) болған жағдайда Гильберт кеңістігіне айналады. Кеңістіктердің толықтығы мен сепарабелділігі функционалдық анализдің негізгі ұғымдарының бірі болғандықтан, оларды теориялық тұрғыда талдап, есептерде қолдану маңызды. Сонымен қатар, кеңістік ақырсыз өлшемді болған жағдайда шенелгендік ұғымының орнына компакттық және шала компакттық ұғымдары енгізіледі. Бұл ұғымдардың анықтамалары беріліп, оларды есептер шығаруда қолдану жолдары көрсетілген.

Төменде осы ұғымдарды түсіндіруге арналған мысалдар келтірілген.

Мысал 2. $\{x^n\}_{n=1}^{\infty}$ тізбегі $C[0;1]$ кеңістігінде шала компакт емес.

Мысал 3. Төмендегі функциялар жиынының компакттылығын зерттейік:

а) $sin(nx), n = 1,2 \ldots,\ C[0;1]$ кеңістігінде;

б) $sin(\alpha x), \alpha \in [1;2]$.

Шешуі: а) $x = 0$ деп алайық. Онда $y = \frac{\pi}{2n}$ болса,

$$sin(nx) = 0, \qquad sin(ny) = 1.$$

Сонда

$$|x - y| = \left|\frac{\pi}{2n}\right| \to 0 \quad (n \to \infty),$$

бірақ

$$|sin(nx) - sin(ny)| = |0 - 1| = 1.$$

Бұл жағдайда біршенді үзіліссіздік шарты орындалмайды. Демек, берілген функциялар жиыны шала компакт болмайды.

б) Келесі өрнекті қарастырайық.

$$|\sin(\alpha x) - \sin(\alpha y)| = 2\left|sin\frac{\alpha(x-y)}{2}\right|\left|cos\frac{\alpha(x+y)}{2}\right| \le 2\frac{\alpha(x-y)}{2} \le 2|x-y|.$$

Осыдан $\forall \varepsilon > 0\ \exists\ \delta = \frac{\varepsilon}{2} : |x - y| < \delta \Longrightarrow |\sin(\alpha x) - \sin(\alpha y)| \le \varepsilon$ яғни жиын біршенді үзіліссіз. Бұл жерде Арцел-Асколи теоремасы пайдаланылды.

Оқу құралының екінші бөлімінің екінші тарауы операторлар мен функционалдар теориясына арналған. Дифференциалдық теңдеулерді зерттеу барысында ең алдымен олардың шешімдерінің бар болуы, жалғыздығы және корректілігі мәселелерін анықтау қажет екені белгілі. Кез келген дифференциалдық теңдеуді дифференциалдық оператор түрінде жазуға болатындықтан, берілген функционалдық кеңістікте теңдеуді тікелей шешкенге қарағанда, сәйкес операторды қарастырып, оның кері операторының бар-жоғын және шенелгендігін зерттеу жеткілікті болып табылады. Егер шешімдердің тегістігін анықтау керек болса, ондай жағдайда коэрцитвті бағалаулар пайдаланылады [16, 17].

Айталық, X, Y – $K(\mathbb{R}, \mathbb{C})$ өрісіндегі сызықтық кеңістіктер болсын. Егер кез келген $\alpha, \beta \in K$ және $x_1, x_2 \in X$ үшін

$$A(\alpha x_1 + \beta x_2) = \alpha A x_1 + \beta A x_2$$

шарты орындалса, онда $A : X \to Y$ бейнелеуі сызықтық оператор деп аталады.

Мысал 4. $A(x) = kx + b$ операторын қарастырайық. Сызықтық оператор үшін міндетті түрде $A(0) = 0$ шарты орындалуы тиіс. Ал бұл жаңдайда $A(0) = k \cdot 0 + b = b,\ b \neq 0 \Rightarrow A(0) \neq 0$. Демек, $A(x) = kx + b$ – сызықты оператор емес.

Сонымен қатар,

$$A(x_1 + x_2) = k(x_1 + x_2) + b = kx_1 + kx_2 + b,$$

ал

$$A(x_1) + A(x_2) = (kx_1 + b) + (kx_2 + b) = kx_1 + kx_2 + 2b.$$

Осыдан $b \neq 0$ болғанда

$$A(x_1 + x_2) \neq A(x_1) + A(x_2),$$

яғни оператор сызықты емес. Егер $b = 0$ болса, онда $y = kx$ – сызықты оператор.

Енді X, Y – нормаланған кеңістіктер, A – сызықтық оператор болсын. Онда

$$\|A\| = \sup_{x \neq 0} \frac{\|Ax\|}{\|x\|}$$

шамасы операторың нормасы деп аталады. X жиынын Y жиынына бейнелейтін барлық сызықтық операторлар жиынын $L(X, Y)$ деп белгілейді. Егер $\|A\| < \infty$ болса, онда $A \in L(X, Y)$ операторы сызықты шенелген деп аталады. X кеңістігін Y кеңістігіне бейнелейтін барлық шенелген операторлар жиыны $B(X, Y)$ деп белгіленеді.

Тұжырым. Сызықтық операторың нормасы үшін келесі теңдіктер орындалады:

$$\|A\| = \sup_{x \neq 0} \frac{\|Ax\|}{\|x\|} = \sup_{\|x\|=1} \|Ax\| = \sup_{\|x\| \leq 1} \|Ax\|.$$

Ескерту. Кез келген x үшін

$$\|Ax\| \leq \|A\| \|x\|$$

теңсіздігі орындалады. Егер $\|Ax\| \leq ... \leq C\|x\|$ бағалауын жүргізсек, онда $\|A\| \leq C$ шығады. Ал операторың нормасы C шамасына тең болатынын дәлелдеу үшін:

1) Егер $\|x\| = 1$ болатын x саны табылып, $\|Ax\| = C$ орындалса, онда супремум нақты максимумға тең болады, яғни $\|A\| = C$;

2) Егер $\|x_n\| = 1$ болатын тізбек үшін $\|Ax_n\| \leq C$ (төменнен ұмтылса), онда одан $\|A\| = C$ болатыны шығады.

Егер X нормаланған кеңістігінде $|x_0| = 1$ болатын x_0 векторы табылып,

$$\|Ax_0\| = C,$$

және барлық $x \in X$ үшін

$$\|Ax\| \leq C\|x\|$$

орындалса, онда

$$\|A\| = C.$$

Айтылған тұжырымды талдап көрейік:

1. Анықтама бойынша оператор нормасы:

$$\|A\| = \sup_{\|x\|=1} \|Ax\|.$$

2. Айталық, $|x_0| = 1$ болатын x_0 элементі үшін $\|Ax_0\| = C$ орындалсын. Онда анықтама бойынша

$$\|A\| \geq \|Ax_0\| = C.$$

3. Екінші жағынан, егер барлық x үшін $|Ax| \leq C\ \|x\|$ орындалса, онда $\|x\| = 1$ болғанда

$$\|Ax\| \leq C,$$

яғни

$$\sup_{\|x\|=1} \|Ax\| \leq C.$$

4. (2) және (3) нәтижелерін біріктірсек:

$$C \leq \|A\| \leq C,$$

демек,

$$\|A\| = C.$$

Қорытындылай келе, келесі тұжырымдар алынады:

- C саны $|x| = 1$ болғандағы $\|Ax\|$ мәндерінің жоғарғы шекарасы болып табылады;
- Егер осы шекараға жететін x_0 векторы табылса, онда супремум нақты максимумға тең болады;
- Осы жағдайда оператор нормасы дәл осы C санына тең болады.

Ақырлы өлшемді кеңістіктерде (мысалы, A матрица болған жағдайда) $x \longrightarrow |Ax|$ функциясы үзіліссіз, ал $|x| = 1$ сферасы компакт болғандықтан, максимум әрқашан бар болады. Сондықтан бұл жағдайда супремум міндетті түрде максимумға тең. Ал ақырсыз өлшемді кеңістіктерде максимум болмауы мүмкін. Мұндай жағдайда оператор нормасы супремум арқылы анықталып, оған жақындайтын тізбектер көмегімен сипатталады.

Мысал 5 . $A : \mathbb{R}^2 \longrightarrow \mathbb{R}^2$ сызықтық операторы

$$A = \begin{pmatrix} 2 & 0 \\ 0 & 1 \end{pmatrix}$$

матрицасымен берілсін. $\mathbb{R}^2$-дегі евклид кеңістігінің стандартты нормасын қарастырып, оператордың нормасын табайық.

Шешуі:

1-қадам. Операторлың нормасының анықтамасы бойынша:

$$\|A\| = \sup_{\|x\|=1} \|Ax\|.$$

$x = (x_1, x_2)$ болса, онда

$$Ax = (2x_1, x_2), \qquad \|Ax\| = \sqrt{(2x_1)^2 + (x_2)^2} = \sqrt{4x_1^2 + x_2^2}.$$

2-қадам. $|x| = 1$ шарты:

$$x_1^2 + x_2^2 = 1.$$

Осыдан $x_2^2 = 1 - x_1^2$, сондықтан

$$\|Ax\|^2 = 4x_1^2 + x_2^2 = 4x_1^2 + (1 - x_1^2) = 3x_1^2 + 1.$$

3-қадам. Максимумды табу.

$f(x_1) = 3x_1^2 + 1$ функциясы $-1 \le x_1 \le 1$ аралығында $|x_1| = 1$ нүктелерінде максимумға жетеді.

Сондықтан

$$\|Ax\|^2 = 3 + 1 = 4, \qquad \max_{\|x\|=1} \|Ax\| = \sqrt{4} = 2.$$

4-қадам. Максимумның жететінін тексерейік.

$x = (1, 0)$ десек, онда $\|x\| = 1$,

$$Ax = (2, 0), \qquad \|Ax\| = 2.$$

Осыдан норманың максимумы жететіндей $x_0 = (1, 0)$ векторы табылды.

Нәтижесінде

$$\|A\| = 2.$$

Бұл мысал ақырлы өлшемді кеңістікте оператор нормасының максимум арқылы анықталатынын көрсетеді, яғни $x_0 = ((1, 0)), |x_0| = 1$ болатын вектор табылып, векторға оператордың әсерінің нормасы $\|Ax_0\| = 2$ болады және ол мән оператордың нормасымен тең.

Жалпы алғанда, екінші тарауда операторлардың нормасын табу мәселелерімен қатар рефлексивті кеңістіктер, Банах кеңістігіндегі түйіндес операторлар, компакт операторлар, кері операторлар, операторлардың спектрі және спектрлік радиусы сияқты маңызды тақырыптар қарастырылған. Теориялық материалдар нақты мысалдармен және есептердің шешу жолдарымен толықтырылып, олардың функционалдық анализдің дамуына және қолданбалы есептерді шешудегі маңызы жан-жақты сипатталған.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу нәтижесінде нақты айнымалы функциялар теориясы мен функционалдық анализдің негізгі бөлімдері боынша есептер мазмұндық және әдістемелік тұрғыдан жүйеленді.Есептерді шешуде қолданылатын негізгі теориялық ұғымдар мен тұжырымдардың өзара байланысы айқындалып, оларды типтік есептерді шешуге қолдану тәсілдері көрсетілді. Жоғарыда аталған әдебиеттердегі есептер мен теориялық материалдарға зерттеулер жүргізіліп оларды сабақтастыра ұсыну негізінде жиындар теориясы, өлшем теориясы, өлшенетін функциялар, Лебег интегралы, функционалдық кеңістіктер, сызықтық операторлар, кеңістіктің толықтығы, сепарабельділігі мен компактылығы тақырыптары бойынша тапсырмалар кешені қалыптастырылды. Алынған нәтижелер университетіміздің оқу бағдарламасына сай елімізде қазақ тіліндегі алғашқы оқу-әдістемелік құралының бірі ретінде жарық көрген «Функционалдық талдау (жаттығулар мен есептер жинағы) » жинағынының материалдарын жүйелеуге негіз болды.

Талқылау

Зерттеу барысында алынған нәтижелер функционалдық анализді оқытуда теориялық материал мен есептерді біртұтас жүйеде қарастырудың қажеттігін көрсетеді. Функционалдық анализдің көптеген ұғымдарының абстрактілі сипаты білім алушыдан анықтамалар мен теоремаларды білу мен қатар, оларды қандай жағдайда және қандай есептерді шығаруға қолданылатынын түсінуді талап етеді. Зерттеудің практикалық маңыздылығы нақты айнымалы функциялар теориясы мен функционалдық анализ бойынша қазақ тіліндегі оқу-әдістемелік материалдарды толықтыру мүмкіндігімен анықталады. Ұсынылып отырған оқу құралында осы екі пәнді де қамтитын есептер мен жаттығулар жүйелі түрде жинақталған. Айта кету керек, бұл пәндер бойынша қазақ тіліндегі терминология әлі толық қалыптасып үлгермеген. Осыған байланысты терминдердің бірізділігін сақтау мақсатында қазақ тілінде

жарық көрген оқулықтар мен математика саласындағы қазақша-орысша терминологиялық сөздіктер пайдаланылды [16].

Қорытынды

Зерттеу барысында негізгі тақырыптар бойынша есептер жүйеленіп, оларды шешуде қолданылатын теориялық ұғымдар, тұжырымдар және математикалық тәсілдер арасындағы байланыстар айқындалып, өзара сабақтастығын қамтамасыз етудің маңыздығы көрсетілді. Сонымен қатар, оқу-әдістемелікматериалдар аталған пәндердің барлық бөлімдерін толық қамтиды деп айтуға болмайды. Дегенмен, бұл еңбек қазақ тіліндегі ғылыми әдебиетті дамытуға, сондай-ақ болашақта нақты анализ, функционалдық анализ және математиканың басқа да күрделі салалары бойынша ұлттық тілде жарық көретін еңбектердің пайда болуына өз үлесін қосады деп сенім білдіреміз. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, қазақ тілінде «Нақты айнымалы функциялар теориясы» мен функционалдық анализ пәндері бойынша есептер мен жаттығуларды қамтитын «Функционалдық анализ (жаттығулар мен есептер жинағы)» атты оқу құралы жарық көріп, оқырман қауымға ұсынылды (440 бет, 720 есеп пен жаттығулар). Аталған оқу құралының ғылыми-әдістемелік құндылығы жоғарыда келтірілген тұжырымдармен негізделеді. Жұмыс Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті математика факультетінде (профессор Оспанов Қ.), Дулати атындағы Тараз университеті математика факультетінде (профессор Мұратбеков М.Б.), сондай-ақ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті математика факультетінің ғылыми семинарларында (профессор Бердышев А.С.) талқылаудан өтті.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

[1] Очан Ю. С. Сборник задач по математическому анализу. Учеб.пособие для студентов физ-мат. фак. пед.ин-тов – М.: Просвещение, 1981, 271 стр.

[2] Глазырина ,П.Ю. Дейкалова,М.В. Коркина, Л. Ф. Функциональный анализ: учебное пособие Уральский федеральный университет. – Екатеринбург : Издательство Уральского университета, 2016. – 214 с. – ISBN 978-5-7996-1771-4.

[3] ТреногинВ.А., Писаревский Б.М.., Соболева Т.С. Задачи и упражнения по функциональному анализу 2-еизд. Физматлит,2005,240 стр.

[4] Ульянов П. Л., Бахвалов А. Н., Дьяченко М. И., Казарян К. С., Сифуэнтес П. Действительный анализ в задачах. – М.: Физматлит, 2016.

[5] Петров В. А., Виленкин Н. Я., Граев М. И. Элементы функционального анализа в задачах. – М.: Просвещение, 1978.

[6] Ақышев Ғ. Функционалдық анализ: есептер жинағы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2018.

[7] Колмогоров А. Н., Фомин С. В. Элементы теории функций и функционального анализа. – М.: Наука, 2010.

[8] Натансон И. П. Теория функций вещественной переменной. – М.:физматлит, 2017.

[9] Треногин В. А. Функциональный анализ. – М.: физматлит, 2005.

[10] Люстерник Л. А., Соболев В. И. Элементы функционального анализа. – М.: Л., 2001.

[11] Наурызбаев Қ. Ж. Нақты анализ (нақты айнымалы функциялар теориясы). – Алматы: Қазақ университеті, 2004.

[12] Блиев Н. Қ. Функционалдық анализ: қысқаша курс. – Алматы: Қазақ университеті, 2014.

[13] Абдикаликова З., Ибатов А. Функционалдық анализ. 1-2 бөлім. – Алматы, 2020.

[14] Шейпак И. А. Функциональный анализ. Ч. 1-2: семинары МГУ. –М., 2016-2021.

[15] Треногин, В. А. Функциональный анализ : учебник / В. А. Треногин. – Москва : ФИЗМАТЛИТ, 2002. – 488 с.

[16] Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминалогиялық сөздік (математика). –Алматы: Рауан, 1999.

[17] Birgebayev, A.; Muratbekov, M.. Smoothness of solutions (separability) of the nonlinear stationary schr¨odinger equation. Journal of Mathematics, Mechanics and Computer Science, [S.l.], v. 115, n. 3, p. 25-35,

sep. 2022. ISSN 2617-4871. Date accessed: 30 nov. 2022. doi: https://doi.org/10.26577/JMMCS.2022.v115.i3.03.

[18] Berdyshev A.S., Birgebaev A.B., Cabada A. On the smoothness of solutions of the third order nonlinear differential equation. .//Boundary value problems. May 2017. –P. 1-11. DOI 10.1186/s13661-017-0799-4

[19] Бородин П.А., Савчук А.М. Шейпак И.А. Задачи по функциональному анализу. - Новое изд. - М.: МЦНМО, 2017.- 336 с.

References

[1] Ochan Yu. S. Sbornik zadach po matematicheskomu analizu: ucheb. posobie dlya studentov fiz.-mat. fak. ped. in-tov [Collection of Problems in Mathematical Analysis: Textbook for Students of Physics and Mathematics Faculties of Pedagogical Institutes]. Moscow: Prosveshchenie, 1981. 271p.

[2] Glazyrina P. Yu., Deykalova M. V., Korkina L. F. Funktsional'nyi analiz: uchebnoe posobie [Functional Analysis: Textbook]. Yekaterinburg: Izdatel'stvo Ural'skogo universiteta, 2016. 214 p. ISBN 978-5-7996-1771-4.

[3] Trenogin V. A., Pisarevskii B. M., Soboleva T. S. Zadachi i uprazhneniya po funktsional'nomu analizu [Problems and Exercises in Functional Analysis]. 2nd ed. Moscow: Fizmatlit, 2005. 240 p.

[4] Ul'yanov P. L., Bakhvalov A. N., D'yachenko M. I., Kazaryan K. S., Sifuentes P. Deistvitel'nyi analiz v zadachakh [Real Analysis in Problems]. Moscow: Fizmatlit, 2016.

[5] Petrov V. A., Vilenkin N. Ya., Graev M. I. Elementy funktsional'nogo analiza v zadachakh [Elements of Functional Analysis in Problems]. Moscow: Prosveshchenie, 1978.

[6] Akyshev G. Funktsionaldyq analiz: esepter zhinaǵy [Functional Analysis: Collection of Problems]. Karaganda: QarMU baspasy, 2018.

[7] Kolmogorov A. N., Fomin S. V. Elementy teorii funktsii i funktsional'nogo analiza [Elements of the Theory of Functions and Functional Analysis]. Moscow: Nauka, 2010.

[8] Natanson I. P. Teoriya funktsii veshchestvennoi peremennoi [Theory of Functions of a Real Variable]. Moscow: Fizmatlit, 2017.

[9] Trenogin V. A. Funktsional'nyi analiz [Functional Analysis]. Moscow: Fizmatlit, 2005.

[10] Lyusternik L. A., Sobolev V. I. Elementy funktsional'nogo analiza [Elements of Functional Analysis]. Moscow: Leningrad, 2001.

[11] Nauryzbaev K. Zh. Naqty analiz (naqty aýnymaly funktsiyalar teoriyasy) [Real Analysis (Theory of Functions of a Real Variable)]. Almaty: Qazaq Universiteti, 2004.

[12] Bliyev N. Q. Funktsionaldyq analiz: qysqasha kurs [Functional Analysis: A Short Course]. Almaty: Qazaq Universiteti, 2014.

[13] Abdikalikova Z., Ibatov A. Funktsionaldyq analiz. 1–2 bölim [Functional Analysis. Parts 1–2]. Almaty, 2020.

[14] Sheipak I. A. Funktsional'nyi analiz. Ch. 1–2: seminary MGU [Functional Analysis. Parts 1–2: MSU Seminars]. Moscow, 2016–2021.

[15] Trenogin V. A. Funktsional'nyi analiz: uchebnik [Functional Analysis: Textbook]. Moscow: Fizmatlit, 2002. 488 p.

[16] Qazaqsha-oryssha, oryssha-qazaqsha terminologiyalyq sözdik (matematika) [Kazakh-Russian, Russian-Kazakh Terminological Dictionary (Mathematics)]. Almaty: Rauan, 1999.

[17] Birgebayev, A.; Muratbekov, M.. Smoothness of solutions (separability) of the nonlinear stationary schr¨odinger equation. Journal of Mathematics, Mechanics and Computer Science, [S.l.], v. 115, n. 3, p. 25-35, sep. 2022. ISSN 2617-4871. Date accessed: 30 nov. 2022. doi: https://doi.org/10.26577/JMMCS.2022.v115.i3.03.

[18] Berdyshev A.S., Birgebaev A.B., Cabada A. On the smoothness of solutions of the third order nonlinear differential equation. .//Boundary value problems. May 2017. –P. 1-11. DOI 10.1186/s13661-017-0799-4

[19] Borodin P. A., Savchuk A. M., Sheipak I. A. Zadachi po funktsional'nomu analizu [Problems in Functional Analysis]. New ed. Moscow: MTsNMO, 2017. 336 p.

IRSTI 14.35.09

https://doi.org/10.51889/2959-5894.2026.95.3.011

T. S. Mamadaliev

O. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan
*e-mail: Sanzhar_sherlock@mail.ru

DIGITAL EDUCATIONAL RESOURCES IN INCLUSIVE MATHEMATICS TEACHING

Abstract

The study examines the potential of digital educational resources for mathematics teaching in inclusive education and the readiness of pre-service mathematics teachers to integrate these resources into their professional practice. The research was conducted at O. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University. The methodological design combines a questionnaire with practice-oriented mathematical tasks. GeoGebra and Desmos were incorporated into the practical component to assess participants' ability to visualize mathematical content, use digital tools purposefully, adapt mathematical tasks to inclusive learning requirements, and differentiate activities according to learners' educational needs. The practical tasks were evaluated using five criteria: mathematical accuracy, effective use of digital tools, visualization, inclusive adaptation, and task differentiation. The methodological framework therefore approaches digital competence not merely as technical proficiency but as the ability to integrate technology with mathematical content and inclusive pedagogical practices. The practical significance of the study lies in its potential contribution to mathematics teacher education by supporting the development of learning activities that integrate digital competence with the capacity to design accessible and differentiated mathematics instruction.

Keywords: inclusive education, mathematics teaching, digital educational resources, GeoGebra, Desmos, pre-service mathematics teachers, digital competence.

Т.С. Мамадалиев

Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан

ИНКЛЮЗИВТІ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ

Аңдатпа

Зерттеу инклюзивті білім беру жағдайында математиканы оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын қолдану мүмкіндіктерін және болашақ математика мұғалімдерінің оларды кәсіби қызметте пайдалануға даярлығын зерттеуге бағытталған. Зерттеу Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің базасында ұйымдастырылды. Зерттеу әдістемесі сауалнама мен практикалық математикалық тапсырмаларды кешенді қолдануға негізделді. Практикалық бөлімде GeoGebra және Desmos цифрлық орталары қолданылып, қатысушылардың математикалық мазмұнды визуализациялау, цифрлық құралдарды пайдалану, тапсырмаларды инклюзивті білім беру талаптарына бейімдеу және даралау қабілеттері бағаланды. Практикалық жұмыстар математикалық дұрыстық, цифрлық құралды пайдалану, визуализация, инклюзивті бейімдеу және тапсырмаларды даралау критерийлері бойынша талданды. Зерттеудің әдістемелік негізі цифрлық технологияларды техникалық меңгеруді ғана емес, оларды математикалық мазмұнмен және инклюзивті педагогикалық міндеттермен кіріктіре қолдануды қарастырады. Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы болашақ математика мұғалімдерін даярлау бағдарламаларында цифрлық және инклюзивті құзыреттіліктерді өзара байланысты қалыптастыруға бағытталған практикалық тапсырмаларды жетілдіру мүмкіндігімен анықталады.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, математиканы оқыту, цифрлық білім беру ресурстары, GeoGebra, Desmos, болашақ математика мұғалімдері, цифрлық құзыреттілік.

Т.С. Мамадалиев
Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова, г.Шымкент, Казахстан

ЦИФРОВЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ РЕСУРСЫ В ИНКЛЮЗИВНОМ ОБУЧЕНИИ МАТЕМАТИКЕ

Аннотация

Исследование направлено на изучение возможностей применения цифровых образовательных ресурсов при обучении математике в условиях инклюзивного образования и готовности будущих учителей математики к их использованию в профессиональной деятельности. Исследование организовано на базе Южно-Казахстанского педагогического университета имени О.Жанибекова. Методология исследования основана на комплексном применении анкетирования и практических математических заданий. В практической части использовались цифровые среды GeoGebra и Desmos, посредством которых оценивались способности участников визуализировать математическое содержание, использовать цифровые инструменты, адаптировать задания к требованиям инклюзивного образования и осуществлять их индивидуализацию. Практические работы анализировались по критериям математической корректности, использования цифрового инструмента, визуализации, инклюзивной адаптации и индивидуализации заданий. Методологический подход исследования предусматривает не только техническое освоение цифровых технологий, но и их интеграцию с математическим содержанием и задачами инклюзивной педагогики. Практическая значимость исследования определяется возможностью совершенствования подготовки будущих учителей математики посредством включения заданий, направленных на взаимосвязанное формирование цифровых и инклюзивных компетенций.

Ключевые слова: инклюзивное образование, обучение математике, цифровые образовательные ресурсы, GeoGebra, Desmos, будущие учителя математики, цифровая компетентность.

Introduction

The ongoing digital transformation of education requires not only the renewal of instructional content and teaching methods but also the development of accessible learning environments that accommodate learners' individual abilities and diverse educational needs. This requirement becomes particularly important in inclusive education, where meaningful inclusion extends beyond the physical presence of a learner in a mainstream classroom. It also involves ensuring access to learning materials, active participation in educational activities, and appropriate pedagogical support. Contemporary research on inclusive mathematics education therefore emphasizes accessibility and meaningful participation as essential conditions for equitable learning opportunities [1].

The implementation of inclusive approaches in mathematics education presents specific pedagogical challenges. Mathematics requires learners to understand abstract concepts, process symbolic information, identify logical relationships, and follow sequential procedures when solving problems. These characteristics may create additional barriers for students who experience difficulties in processing information, maintaining attention, understanding abstract representations, or completing multistep tasks. Consequently, the effectiveness of inclusive mathematics instruction depends not only on the mathematical content itself but also on how this content is represented, structured, differentiated, and adapted to learners' individual needs. Previous research indicates that effective inclusive mathematics education is closely associated with flexible instructional practices, appropriate teacher support, and the creation of accessible learning environments [2].

Digital educational resources provide considerable opportunities to address these challenges. They enable mathematical information to be represented through textual, graphical, visual, and interactive formats and allow teachers to modify the complexity of tasks, organize repeated practice, and provide timely feedback. Digital technologies can also facilitate differentiated instruction by allowing mathematical content to be presented in multiple ways and adjusted to different levels of learner readiness. From an inclusive perspective, these characteristics are particularly relevant because accessibility cannot be reduced to simplifying mathematical content; rather, it requires creating alternative pathways through which learners can engage with and understand mathematical ideas [3].

Dynamic mathematics environments have particular potential in this context. Tools such as GeoGebra and Desmos allow mathematical relationships to be represented dynamically and enable learners to observe changes in graphs, parameters, geometric objects, and algebraic expressions. Such environments can support the transition between symbolic and visual representations and make abstract mathematical relationships more observable. Research on technology-enhanced mathematics education has demonstrated the potential of dynamic mathematical environments to support conceptual understanding, visualization, and active engagement with mathematical content [4, 5]. At the same time, the educational value of these tools depends substantially on how teachers integrate them into instructional activities rather than on the availability of technology itself.

This issue places new demands on the professional preparation of future mathematics teachers. Digital competence in mathematics education involves more than the ability to operate a particular application or online platform. A future teacher should be able to select a digital resource according to a specific mathematical objective, design meaningful learning activities, visualize mathematical relationships, differentiate tasks, and adapt digital materials to learners with different educational needs. This understanding is consistent with approaches that integrate technological, pedagogical, and content knowledge in teacher education [6]. Recent studies involving pre-service mathematics teachers have similarly shown that effective adoption of GeoGebra is associated with pedagogical and technological knowledge, perceived usefulness, and the capacity to incorporate digital tools meaningfully into future teaching practice [7].

The inclusive dimension adds another layer to this professional competence. A mathematically correct digital task is not necessarily an accessible or inclusive task. For example, an accurately constructed function graph may still be difficult for a learner to interpret if instructions are overly complex, the activity contains too many simultaneous operations, or no differentiated support is provided. Future mathematics teachers therefore need experience in transforming standard mathematical tasks into accessible learning activities through step-by-step instructions, visual support, differentiated levels of complexity, and alternative forms of interaction with mathematical content. Studies of teacher preparation for inclusive mathematics education emphasize that beliefs, self-efficacy, and professional competence related to inclusion can be developed through purposeful teacher education rather than being regarded as automatically acquired general teaching skills [8].

Despite the growing body of research on digital technologies in mathematics education and the increasing attention paid to inclusive mathematics teaching, these two areas are still frequently examined separately. Studies of digital mathematics environments often focus on mathematical achievement, visualization, technology acceptance, or technological pedagogical content knowledge, whereas research on inclusive mathematics education primarily addresses accessibility, participation, differentiation, teacher beliefs, and support for diverse learners [2, 7–9]. Consequently, there remains a need to examine future mathematics teachers' digital competence together with their ability to adapt technology-supported mathematical tasks to inclusive educational requirements.

This study addresses this gap by considering digital and inclusive competence within a common practice-oriented framework. In addition to examining pre-service mathematics teachers' experiences and perceptions regarding digital educational resources, the study evaluates their performance in GeoGebra- and Desmos-based mathematical tasks. Particular attention is given to mathematical accuracy, the purposeful use of digital tools, visualization, inclusive adaptation, and task differentiation. This approach makes it possible to consider not only how future teachers evaluate their own readiness but also how this readiness is manifested when they are required to design and adapt mathematical learning activities.

Accordingly, the aim of the study is to examine pre-service mathematics teachers' readiness to use digital educational resources in inclusive mathematics teaching and to evaluate their ability to integrate mathematical content, digital tools, and inclusive instructional strategies in practice.

The study is guided by the following research question: *To what extent are pre-service mathematics teachers prepared to use digital educational resources for the visualization, adaptation, and differentiation of mathematical tasks in inclusive education?*

The research hypothesis assumes that pre-service mathematics teachers demonstrate stronger performance in the mathematical and visualization aspects of digital tasks than in their inclusive adaptation and differentiation, indicating a need for more systematic integration of digital and inclusive competencies within mathematics teacher education.

Research methodology

The study employed a quantitative descriptive research design to examine pre-service mathematics teachers' readiness to use digital educational resources in inclusive education. Data were collected through a questionnaire and a set of practice-oriented tasks involving digital mathematics tools. This combined approach made it possible to relate participants' self-reported perceptions of the potential of digital resources to their actual performance in representing mathematical content in digital environments and adapting mathematical tasks to the requirements of inclusive teaching.

Research Setting and Participants. The study was conducted at O. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University. The participants were students enrolled in educational programs for the preparation of future mathematics teachers. Participant selection took into account their engagement with mathematics-related courses, familiarity with digital educational resources, and preparation for future professional teaching practice.

Participation in the study was voluntary. The participants were informed about the purpose of the research and that the collected data would be used exclusively for scientific purposes. The confidentiality of personal information was maintained throughout the study, and the data were processed and reported in aggregated form.

Research Instruments. Empirical data were collected using two interrelated instruments: an author-developed questionnaire and a set of practical mathematical tasks. The author-developed questionnaire consisted of 20 items organized into five thematic sections: participants' general information; experience in using digital resources for mathematics teaching; perceptions of the didactic potential of digital tools; opportunities for using digital resources in inclusive mathematics education; and readiness to use these resources, including perceived barriers to their implementation. A five-point Likert scale was used to assess the main statements: 1 – strongly disagree; 2 – disagree; 3 – neither agree nor disagree; 4 – agree; 5 – strongly agree. In addition, the questionnaire examined the frequency with which participants used digital educational resources, the platforms they employed, and their overall self-reported readiness to integrate digital tools into inclusive mathematics teaching. To complement the questionnaire data with performance-based evidence, participants completed two practical tasks using the *GeoGebra and Desmos* digital mathematics environments.

Practical Mathematical Tasks. The first practical task focused on the visualization of a quadratic function. Participants were given the function

$$y=x^2-4x+3$$

and were asked to construct its graph in GeoGebra and determine the vertex of the parabola, its axis of symmetry, and its points of intersection with the coordinate axes. In the subsequent stage, the pre-service teachers were required to adapt the original mathematical task for a learner with special educational needs. The adaptation involved dividing the task into a clear sequence of steps, incorporating visual supports, providing accessible instructions, and using the features of the digital environment to support the learner's engagement with the task.

The second practical task examined the effect of a parameter on the graph of a quadratic function. Using Desmos, participants constructed the function

$$y=ax^2$$

and compared changes in the graph for a=0.5, a=1, a=2, and a=−1. They were asked to explain how changes in the parameter affected the orientation and shape of the parabola and to design an interactive mathematical activity for learners based on the resulting visualization. Participants were also required to adapt the activity for an inclusive classroom by developing at least two levels of difficulty.

The practical tasks were designed to assess not only the mathematical accuracy of participants' work but also their ability to use digital tools for didactic purposes and to adapt mathematical activities to learners' individual educational needs.

Assessment of Practical Tasks. The participants' work was evaluated according to five criteria: mathematical accuracy, use of digital tools, visualization of mathematical content, inclusive adaptation, and task differentiation. The assessment criteria and scoring descriptors are presented in Table 1.

Table 1. Assessment Criteria for the Practical Tasks

Criterion	*0 points*	*1 point*	*2 points*
Mathematical accuracy	*The solution contains significant errors*	*Partially correct*	*Fully correct*
Use of digital tools	*Not used*	*Digital features are partially utilized*	*Digital features are used effectively and purposefu*
Visualization	*No visualization is provi*	*Basic visualization is provided*	*Purposeful visualization clearly represents the mathematical content*
Inclusive adaptation	*No adaptation is provide*	*Individual elements are adapted*	*Systematically adapted t meet the learner's educational needs*
Task differentiation	*Not provided*	*Partially addressed*	*Provided at two or more levels of difficulty*

The maximum score for each criterion was 2 points. Thus, the total score for the practical tasks ranged from 0 to 10 points. For descriptive purposes, the results were classified into three levels: 0–3 points as low, 4-7 points as moderate, and 8-10 points as high. The study was conducted in several stages. At the first stage, scientific literature on inclusive mathematics education, digital educational resources, and the digital competence of pre-service mathematics teachers was reviewed. Based on this analysis, the content and structure of the research instruments were determined.
–виртуалды есептер жинағы мен интеллектуалды чат-боттың функционалдық рөлін айқындау;

–ЖИ негізінде оқыту технологиясын қолданудың құрылымы мен реттілігін белгілеу;

–оқу жетістіктерін бағалаудың өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтау;

–студенттердің қанағаттану деңгейін бағалау құралдарын әзірлеу;

–деректерді жинау және статистикалық өңдеу рәсімін қалыптастыру;

–ұсынылған талдамалық құралдардың модельдік валидациясын жүргізу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – виртуалды есептер жинағы мен интеллектуалды чат-ботты жоғары математиканы оқытудың бірыңғай циклінде реттелетін ЖИ-қолдау деңгейлерімен және екі компонентті бағалау жүйесімен біріктіретін модельді әзірлеу.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеу Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінде жасанды интеллект негізінде жоғары математиканы оқыту технологиясын қолданудың әдістемелік моделін

әзірлеу мақсатында орындалды. Ұйымдастыру базасы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Зерттеу төрт кезеңнен тұрды: жобалау, диагностикалық, ұйымдастырушылық-әрекеттік және аналитикалық кезеңдер.

Оқыту технологиясының құрылымы. Технология екі негізгі компоненттен тұрады. Виртуалды есептер жинағы әртүрлі күрделілік деңгейіндегі тапсырмаларды ұсына отырып, студенттердің практикалық әрекетін ұйымдастырады. Интеллектуалды чат-бот контекстік қолдау көрсетеді: ұғымдарды түсіндіру, шарттарды нақтылау, бағыттаушы кеңестер беру, шешім кезеңдерін түсіндіру, қателерді анықтау, ұқсас тапсырмалар ұсыну және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар қалыптастыру.

Ұйымдастырушылық схема келесі кезеңдерден тұрады: бастапқы диагностика → оқу материалымен жұмыс → есептер жинағында есептерді шешу → чат-ботқа жүгіну → өзіндік шешім → қорытынды диагностика → сауалнама → нәтижелерді талдау.

Оқу жетістіктерін бағалау 100 балдық шкала бойынша орындалады. Бастапқы және қорытынды тапсырмалар салыстырмалы түрде ұсынылады. Бағалау критерийлеріне ұғымды түсіну, әдісті таңдау, түрлендірудің дұрыстығы, дәйектіліктің негізділігі, нәтиженің дұрыстығы және оны түсіндіру жатады.

Қанағаттанушылықты бағалау үшін Лайкерттің бес балдық шкаласына негізделген сауалнама қолданылады. Ол төрт өлшемді қамтиды: пайдалылық, өзара әрекеттесудің ыңғайлылығы, оқу әрекетіне әсері және жалпы қанағаттану; оған қоса ашық сұрақтар да қарастырылған.

Статистикалық өңдеу сипаттамалық статистиканы (орташа мән, медиана, стандартты ауытқу, квартильаралық ауқым), Стьюденттің жұптастырылған t-критерийін немесе Уилкоксон критерийін, әсер мөлшерін, сондай-ақ Кронбахтың α коэффициентін есептеуді қамтиды. Маңыздылық деңгейі $p < 0,05$ болып белгіленді.

Деректермен жұмыс және этикалық қағидаттар тұрғысынан алғанда, зерттеу барысында деректерді иесіздендіру, қатысушыларды ақпараттандыру және деректерді жиынтық түрде талдау принциптері сақталды [13].

Модельдік валидация мақсатында әзірленген аналитикалық хаттаманың жұмысқа қабілеттілігін тексеру үшін бастапқы және қорытынды диагностика көрсеткіштерін, сондай-ақ қанағаттану шкалалары бойынша жауаптарды қамтитын модельдік деректер массиві ($N = 72$) құрылды. Бұл массив көзделген деректерді жинау процедурасына толық сай келді, сондықтан байланысты өлшемдерді талдау әдістерінің қолданылу мүмкіндігін тексеруге болды.


Зерттеу нәтижелері

Зерттеудің негізгі нәтижесі – жасанды интеллект негізінде жоғары математиканы оқыту технологиясын қолданудың әдістемелік моделін әзірлеу болып отыр. Бұл модель өзара байланысты төрт компоненттен тұрады: мақсаттық, мазмұндық-технологиялық, ұйымдастырушылық-әрекеттік және бағалау-нәтижелік. Модельдің құрылымы 1-суретте көрсетілген.

Ескерту: Модель төрт негізгі блокты қамтиды: мақсаттық, мазмұндық-технологиялық, ұйымдастырушылық-әрекеттік және бағалау-нәтижелік.

Мақсаттық компонент студенттің өзіндік математикалық әрекетін ұйымдастыруды және мөлшерленген контекстік қолдау көрсету арқылы оқыту тиімділігін арттыруды көздейді. Осы компонент аясында интеллектуалды қолдаудың үш деңгейі әзірленді, олар студентке көрсетілетін көмек көлемінің біртіндеп артуын қамтамасыз етеді. Әрбір деңгейдің сипаттамасы 2-суретте берілген.

Ескерту: 1-деңгей – бағдарлаушы (есеп шартын түсіндіру); 2-деңгей – бағыттаушы (шешу жолын нұсқау); 3-деңгей – түсіндіруші (толық түсіндірме беру).



Сурет 1. Жасанды интеллект негізінде жоғары математиканы оқыту технологиясын қолданудың әдістемелік моделінің құрылымы

Мазмұндық-технологиялық компонент үш күрделілік деңгейіндегі тапсырмалар банкі мен интеллектуалды қолдау құралдарын біріктіреді, ал технологияның әрбір компоненті өзіне тән функцияны атқарады. Виртуалды есептер жинағы практикалық әрекетті ұйымдастырса, интеллектуалды чат-бот контекстік қолдау көрсетеді. Диагностикалық және аналитикалық модульдер нәтижелерді бағалау мен жинақтауды қамтамасыз етеді. Компоненттердің функционалдық бөлінуі 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Технология құрамдастарының функционалдық бөлінуі

Компонент	*Негізгі функция*	*Студенттің әрекеті*	*Нәтиже*
Виртуалды есептер жинағы	*Практикалық әрекетті ұйымдастыру*	*Тапсырмаларды таңдау және шешу*	*Есеп шығару дағдыларын қалыптастыру*
Чат-бот	*Контекстік қолдау*	*Сұрақ құрастыру, кеңесті талдау*	*Қиындықтарды жеңу*
Диагностикалық модуль	*Нәтижелерді бағалау*	*Диагностикалық тапсырмаларды орындау*	*Жетістіктер динамикасы*
Кері байланыс модулі	*Қабылдауды бағалау*	*Сауалнаманы толтыру*	*Қанағаттану*
Аналитикалық модуль	*Нәтижелерді жинақтау*	–	*Технологияны бағалау көрсеткіштері*



Сурет 2. Интеллектуалды қолдаудың үш деңгейі

Ұйымдастырушылық-әрекеттік компонент студенттің технологиямен өзара әрекеттесу ретін белгілейді. Бұл цикл оқу тапсырмасын алудан басталып, рефлексиямен аяқталады. Циклдің басты ерекшелігі мынада: студент қиындық туындаған жағдайда ЖИ-ге жүгінеді, бірақ мөлшерленген қолдау алғаннан кейін міндетті түрде өзіндік шешімге қайта оралады. Өзара әрекеттесу циклі 3-суретте көрсетілген.



Сурет 3. Студенттің технологиямен өзара әрекеттесу циклі


Ескерту: 1 – оқу тапсырмасы; 2 – өзіндік әрекет; 3 – қиындықты анықтау; 4 – ЖИ-ге жүгіну; 5 – мөлшерленген қолдау (1, 2 немесе 3-деңгей); 6 – шешуді жалғастыру; 7 – нәтижені тексеру; 8 – рефлексия.

Бағалау-нәтижелік компонент технологияны қолдану нәтижелерін кешенді бағалауға мүмкіндік береді. Бағалау екі бағытта жүргізіледі: біріншісі – студенттердің оқу жетістіктері, екіншісі – олардың қанағаттану деңгейі. Әрбір бағыт өзіне тән көрсеткіштермен және бағалау құралдарымен сипатталады. Бағалау жүйесінің құрылымы 2-кестеде келтірілген.

Кесте 2. Технологияны енгізу нәтижелерін бағалау жүйесі

Бағыт	*Көрсеткіштер*	*Құрал*
Оқу жетістіктері	*Жалпы нәтиже; концептуалды түсіну; есеп шығару; өзіндік дербестік*	*Диагностикалық тапсырмалар*
Қанағаттану	*Пайдалылық; өзара әрекеттесудің ыңғайлылығы; оқу әрекетіне әсері; жалпы қанағаттану*	*Сауалнама*

Технологияны қолдану нақты алгоритм негізінде жүзеге асырылады. Алгоритм дайындық кезеңінен басталып, нәтижелерді талдаумен аяқталады, ал әрбір кезең белгілі бір мақсатқа бағытталып, өзара логикалық байланыста тұрады. Технологияны қолданудың толық алгоритмі 4-суретте берілген.




Сурет 4. Жасанды интеллект негізінде жоғары математиканы оқыту технологиясын қолдану алгоритмі

Ескерту: Алгоритм технологияны қолданудың барлық кезеңдерін қамтиды.

Виртуалды есептер жинағы мен интеллектуалды чат-боттың жұмыс істеу принципі 5-суретте көрсетілген. Виртуалды есептер жинағында студент тапсырманы таңдап, шешу барысын жүргізеді, ал чат-бот студенттің сұрағына жауап бере отырып, контекстік қолдау көрсетеді.

Студенттің технологияны қолдануға қанағаттануын анықтау мақсатында Лайкерттің бес балдық шкаласына негізделген сауалнама құрастырылды. Ол пайдалылық, ыңғайлылық, оқу әрекетіне әсері және жалпы қанағаттану деген төрт негізгі шкаланы қамтиды. Әрбір шкала бойынша ұсынылған тұжырымдар студенттің технология туралы пікірін анықтауға бағытталған. Сауалнама құрылымы 3-кестеде келтірілген.

Модельдік валидация барысында бастапқы және қорытынды диагностика нәтижелерінің сипаттамалық статистикалық көрсеткіштері есептелді. Әрбір диагностикалық параметр бойынша орташа мән (M), стандартты ауытқу (SD), медиана (Me) және квартильаралық ауқым (Q1–Q3) анықталды.



Сурет 5. Виртуалды есептер жинағы мен чат-боттың интерфейсі

Кесте 3. Студенттердің қанағаттануын бағалау құралының құрылымы

Шкала	*Бағаланатын аспект*	*Тұжырым мысалы*
Пайдалылық	*материалды түсінуге көмек*	*Технологияны қолдану оқу материалын жақсырақ түсінуге көмектеседі*
Ыңғайлылық	*өзара әрекеттесудің қарапайымдылығы*	*Виртуалды есептер жинағының құрылымы түсінікті*
Оқу әрекетіне әсері	*қателермен жұмыс және өзіндік дербестік*	*Технологияны қолдану жіберілген қателерді талдауға көмектеседі*
Жалпы қанағаттану	*технологияны қабылдау*	*Мен математиканың басқа бөлімдерін оқығанда осындай құралдарды қолданғым келеді*

Бұл көрсеткіштер модельдік деректер массивіндегі таралуды сипаттайды және аналитикалық хаттаманың осы типтегі деректерді өңдеуге қабілеттілігін тексеруге арналған. Сипаттамалық статистика 4-кестеде келтірілген.

Кесте 4.Модельдік деректер массивінің сипаттамалық статистикасы (балл)

Көрсеткіш	*Бастапқы M ± SD*	*Бастапқы Me [Q1–Q3]*	*Қорытынды M ± SD*	*Қорытынды Me [Q1–Q3]*
Жалпы нәтиже	*61,8 ± 14,5*	*63 [52–72]*	*74,2 ± 12,8*	*76 [66–84]*
Концептуалды түсіну	*60,3 ± 15,1*	*61 [50–71]*	*72,9 ± 13,4*	*74 [64–83]*
Шешу әдісін таңдау	*58,7 ± 16,0*	*59 [47–70]*	*71,5 ± 14,2*	*73 [62–82]*
Түрлендірулердің дұрыстығы	*62,4 ± 14,8*	*64 [53–73]*	*75,0 ± 13,1*	*77 [67–85]*

Келтірілген мәндер диагностикалық параметрлердің модельдік деректердегі таралуын көрсетеді және аналитикалық хаттаманың осы типтегі деректерді өңдеуге қабілетті екенін растайды. Аналитикалық хаттаманың жұмысқа қабілеттілігін тексеру үшін бірнеше статистикалық процедуралар қолданылды. Оларға жұптасқан t-критерий, Уилкоксон критерийі, әсер көлемін бағалау және Кронбах α-коэффициентін есептеу жатады. Әрбір процедураның қолданылу шарттары мен интерпретациясы 5-кестеде көрсетілген.

Кесте 5. Аналитикалық хаттаманы модельдік деректерде тексеру нәтижелері

Процедура	*Интерпретация*
Стьюденттің жұптастырылған t-критерийі	*Бастапқы және қорытынды диагностика нәтижелерін салыстыру (қалыпты үлестірім шарты орындалғанда)*
Уилкоксон критерийі	*Бастапқы және қорытынды диагностика нәтижелерін салыстыру (қалыпты үлестірім шарты орындалмағанда)*
Коэннің d коэффициенті	*Бақыланатын өзгерістердің әсер көлемін бағалау*
Кронбахтың α коэффициенті	*Сауалнама шкалаларының ішкі үйлесімділігін бағалау*

Модельдік валидация нәтижесі ұсынылған статистикалық талдау рәсімдерінің техникалық тұрғыдан қолдануға жарамдылығын растады. Сонымен қатар модельдік деректер негізінде алынған нәтижелер әзірленген әдістемелік модельдің педагогикалық тиімділігін бағалауға арналмаған және аналитикалық хаттаманың жұмысқа қабілеттілігін тексеру нәтижесі ретінде қарастырылады. Ұсынылған модельдің практикалық тиімділігін эмпирикалық тұрғыдан бағалау келесі зерттеу кезеңінде жоғары оқу орнының нақты білім беру үдерісінде пилоттық апробация жүргізу арқылы жүзеге асырылатын болады.

Сауалнаманың төрт шкаласы студенттің технологияны қалай қабылдағанын әр қырынан көрсетеді. Осы мақсатта әрбір шкала бойынша орташа мән, стандартты ауытқу, медиана және оң бағалардың үлесі анықталды (6-кесте). Төмендегі көрсеткіштер студенттердің нақты жауаптарын емес, әзірленген өлшеу құралының имитациялық деректердегі әрекетін сипаттайды.


Кесте 6. Модельдік деректер массивіндегі қанағаттану көрсеткіштері

Көрсеткіш	*M ± SD*	*Me [Q1–Q3]*	*Оң бағалар үлесі, %*
Технологияның пайдалылығы	*4,24 ± 0,62*	*4,3 [4,0–4,8]*	*84,7*
Өзара әрекеттесудің ыңғайлылығы	*4,08 ± 0,68*	*4,0 [3,8–4,6]*	*79,2*
Оқу әрекетіне әсері	*4,17 ± 0,64*	*4,2 [3,9–4,7]*	*82,0*
Жалпы қанағаттану	*4,31 ± 0,59*	*4,4 [4,0–4,8]*	*87,5*

Модельдік (имитациялық) деректерді талдау барысында төрт шкала бойынша есептеу рәсімдерінің қолданылу мүмкіндігі тексерілді. Қалыптастырылған деректер массивінде жалпы қанағаттану шкаласының орташа мәні M = 4,31 (SD = 0,59), технологияның пайдалылығы – M = 4,24 (SD = 0,62), оқу әрекетіне әсері – M = 4,17 (SD = 0,64), ал өзара әрекеттесудің ыңғайлылығы – M = 4,08 (SD = 0,68) болды. Оң бағалар үлесі 79,2%-дан 87,5%-ға дейінгі аралықта қалыптастырылды. Бұл көрсеткіштер нақты студенттердің қанағаттану деңгейін сипаттамайды және әзірленген сауалнама нәтижелерін жинақтау мен статистикалық өңдеу рәсімдерінің жұмысқа қабілеттілігін көрсету мақсатында ғана пайдаланылды.

Аналитикалық хаттаманың жұмысын көрнекі көрсету үшін бастапқы және қорытынды диагностиканың болжамды нәтижесін құрылымын имитациялайтын модельдік деректер массиві құрылды, ал арасындағы айырмашылықты көрсету үшін орташа мән мен стандартты

ауытқу графигі салынды(6-сурет). Осы графикте оқу жетістігінің жалпы өсу үрдісі де, нәтиженің таралу ауқымы да көрінеді.



6-сурет - Кіріс және қорытынды диагностиканың жалпы балының орташа мәні (модельдік деректер). Ескерту: 1-бастапқы диагностикасы (M = 61,8; SD = 14,5); 2 – қорытынды диагностика (M = 74,2; SD = 12,8).

Мұндағы көрініс аналитикалық контурдың мүмкіндігін екі жағынан аңғартады: ол тек орташа балдың өзгеруін ғана емес, білім алушылар нәтижесінің таралу ауқымын да тіркей алады. Дегенмен эмпирикалық деректі талдағанда орташа мәнді салыстырудың өзі жеткіліксіз. Оны статистикалық маңыздылықты тексерумен және әсер мөлшерін бағалаумен толықтыру қажет. Осыған байланысты графикалық көрініс дербес дәлел емес, талдаудың көмекші элементі ретінде, статистикалық рәсімнің нәтижесімен бірге қарастырылады.

Дискуссия

Ұсынылған әдістемелік модель әр құрамдасының функциясын дербес бөліп көрсету арқылы жоғары математиканы оқытуда жасанды интеллектті қолданудың нақты жолын көрсетеді. Білім алушы генеративті жүйеге реттелмеген түрде жүгінгенде пайда болатын жағдайдан айырмашылығы мұнда анық: модельдегі виртуалды есептер жинағы математикалық практиканың дәйектілігі мен құрылымдылығын қамтамасыз етсе, чат-бот өлшенген контекстік қолдау рөлін атқарады. Мұндай бөліну Zawacki-Richter және т.б. (2019) авторлардың пікірімен үндеседі — олар да зерттеу назарын ЖИ-дің технологиялық мүмкіндігінен оны қолданудың нақ педагогикалық тетігіне бұру керектігін айтқан болатын.

Әзірленген модельдің маңызды тұсы ретінде интеллектуалды қолдаудың үш деңгейге бөлінуін айтуға болады. Олар бағдарлаушы, бағыттаушы және түсіндіруші. Көмек көлемінің біртіндеп артуы студенттің өз бетінше шешім іздеуін тоқтатпай, туындаған қиындықтардың сипатын ескеруге мүмкіндік береді. Ал қолдау алғаннан кейін студенттің өз жұмысына қайта оралуы міндетті болғандықтан, бұл модель дайын жауап беретін генеративті ЖИ-ден түбегейлі бөлек тұрады. Қазіргі зерттеулерде жиі айтылатын — білім алушының генеративті жүйеге шектен тыс тәуелденуі, жауапты сын көзбен қарамауы, дербес оқу белсенділігінің бәсеңдеуі сияқты қауіп ескерілгенде, дәл осы айырмашылықтың салмағы арта түседі[4,14,15].

Модельдің тағы бір ерекшелігі – оқу жетістіктері мен студенттердің қанағаттануын қатар алатын екі компонентті бағалау жүйесі. Егер тек академиялық көрсеткішке ғана сүйенсе, студенттің технологияны қаншалық пайдалы, ыңғайлы санайтыны және оның өзіндік жұмысқа қалай ықпал ететіні көмескі қалар еді. Ал пайдалылық, өзара әрекеттесудің ыңғайлылығы, оқу әрекетіне әсер ету дәрежесі мен жалпы қанағаттану шкаласын қосқанда, объективті диагностикалық көрсеткіш студенттің өз пікірімен толығады. Мұндай көзқарас білім беру технологиясының тиімділігі жалғыз нәтижемен емес, білім алушының цифрлық ортамен қалай әрекеттесетінімен де өлшенеді деген қазіргі түсінікке сай келеді[16,17].

Аналитикалық хаттаманың модельдік валидациясы қарастырылған деректің әртүрлі түрін өңдеуге мүмкіндік беретінін көрсетті: сипаттамалық статистиканы есептеу, байланысты өлшемдерді салыстыру, әсер мөлшерін бағалау және сауалнама шкалаларының ішкі үйлесімділігін тексеру рәсімдері модельдік массивте сәтті қолданылды. Алайда бұл нәтижелер әзірленген әдістемелік модельдің педагогикалық тиімділігін емес, аналитикалық құралдың техникалық жарамдылығын растайды.

Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесі тұрғысынан алғанда, ұсынылған модель ЖИ құралдарын математикалық пәндерге кіріктірудің қайта жаңғыртылатын тетігі ретінде қызығушылық тудырады: ол мазмұнды жобалауда, тапсырмалар банкін құруда, ЖИ-қолдаудың рұқсат етілген түрін белгілеуде және нәтижені бағалауда оқытушының жетекші рөлін сақтап қалады. Осылайша білім беру процесінің цифрлық трансформациясы академиялық адалдық талабымен, дербес деректі қорғаумен және студенттің өзіндік оқу белсенділігін сақтаумен қатар жүре алады.

Зерттеудің шектеулері бірнеше жайтпен байланысты: аналитикалық хаттама тек модельдік деректерде тексерілді; эмпирикалық апробация жүргізілген жоқ; зерттеу бір пән – жоғары математика – аясында шектелген. Аталған шектеулер модельдің практикалық құндылығын жоққа шығармайды, алайда оның педагогикалық тиімділігін эмпирикалық тұрғыдан растау келесі зерттеу кезеңінің міндеті болып қалады.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу ЖИ-технологияны жоғары математиканы оқытуда қолдануға арналған төрт блокты әдістемелік модельдің құрылымдық негіздемесін берді. Модельдің құрылымдық тұтастығы оның компоненттерінің функционалдық өзара байланысымен қамтамасыз етіледі. Интеллектуалды қолдаудың бағдарлаушы, бағыттаушы және түсіндіруші деңгейлері студентке дозаланған көмек алуға мүмкіндік берсе, ал қос компонентті бағалау жүйесі (оқу жетістіктері мен қанағаттану) нәтижелерді кешенді түрде қарастыруға жағдай жасайды. Модельдік валидация статистикалық өңдеу рәсімдерінің техникалық қолданылу мүмкіндігін растады. Әзірленген әдістемелік модель математикалық пәндерді оқытуда ЖИ құралдарын педагогикалық негізде енгізуге бағытталған әдіснамалық база ретінде жоғары оқу орындарының тәжірибесінде қолданыла алады. Зерттеудің келесі кезеңі нақты жоғары оқу орнының білім беру үдерісінде модельдің пилоттық апробациясын жүргізуге бағытталады.

Авторлардың үлесі:

Нурбеков Б.Ж. – зерттеу концептуализациясы, әдістемелік модельді және зерттеудің жалпы әдіснамасын әзірлеу, ғылыми жетекшілік;

Байарыстан А.О. – оқыту технологиясының құрылымын, диагностикалық құралдарды және нәтижелерді бағалау жүйесін әзірлеу;

Майдисарова Д.С. – ғылыми әдебиеттер мен нормативтік-әдістемелік дереккөздерді талдау, модельдің ұйымдастырушылық-әрекеттік құрамдасын әзірлеу;

Сантеева С.Ә. – аналитикалық хаттаманы әзірлеу, нәтижелерді жүйелеу және түсіндіру, деректерді визуализациялау;

Толегенова Г.Б. – редакциямен хат-хабар алысу, мақаланы басылымға дайындау және ұсыну.

Барлық авторлар нәтижелерді талқылауға, қолжазбаны редакциялауға қатысты, оның түпкілікті нұсқасын оқып, мақұлдады.

Алғыс

Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2024–2026 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру аясында жүзеге асырылатын AP23489530 «Болашақ АТ-кадрларының мансаптық перспективаларын арттыру үшін жасанды интеллектті (AI) пайдалана отырып, жоғары математиканы оқытудың инновациялық технологиясын зерттеу және әзірлеу» атты ғылыми жобасы шеңберінде орындалды.

Пайланаылған дереккөздер тізімі

[1]Ouyang F., Zheng L., Jiao P. Artificial intelligence in online higher education: A systematic review of empirical research from 2011 to 2020 // Educ Inf Technol. 2022. Т. 27, № 6. С. 7893–7925. DOI: 10.1007/s10639-022-10925-9.

[2] Zawacki-Richter O. и др. Systematic review of research on artificial intelligence applications in higher education – where are the educators? // Int J Educ Technol High Educ. 2019. Т. 16, № 1. С. 39. DOI: 10.1186/s41239-019-0171-0.

[3]BaiDoo-Anu D., Owusu Ansah L. Education in the Era of Generative Artificial Intelligence (AI): Understanding the Potential Benefits of ChatGPT in Promoting Teaching and Learning // Journal of AI. 2023. Т. 7, № 1. С. 52–62. DOI: 10.61969/jai.1337500.

[4] Alasadi E. A., Baiz C. R. Generative AI in Education and Research: Opportunities, Concerns, and Solutions // J. Chem. Educ. 2023. Т. 100, № 8. С. 2965–2971. DOI: 10.1021/acs.jchemed.3c00323.

[5] Kasneci E. и др. ChatGPT for good? On opportunities and challenges of large language models for education // Learning and Individual Differences. 2023. Т. 103. С. 102274. DOI: 10.1016/j.lindif.2023.102274.

[6] VanLEHN K. The Relative Effectiveness of Human Tutoring, Intelligent Tutoring Systems, and Other Tutoring Systems // Educational Psychologist. 2011. Т. 46, № 4. С. 197–221. DOI: 10.1080/00461520.2011.611369.

[7] Steenbergen-Hu S., Cooper H. A meta-analysis of the effectiveness of intelligent tutoring systems on college students' academic learning. // Journal of Educational Psychology. 2014. Т. 106, № 2. С. 331–347. DOI: 10.1037/a0034752.

[8] Sun S. и др. The Effects of ALEKS on Mathematics Learning in K-12 and Higher Education: A Meta-Analysis // Investigations in Mathematics Learning. 2021. Т. 13, № 3. С. 182–196. DOI: 10.1080/19477503.2021.1926194.

[9] Wu R., Yu Z. Do AI chatbots improve students learning outcomes? Evidence from a meta-analysis // Brit J Educational Tech. 2024. Т. 55, № 1. С. 10–33. DOI: 10.1111/bjet.13334.

[10]Cheng L. и др. Facilitating Student Learning With a Chatbot in an Online Math Learning Platform // Journal of Educational Computing Research. 2024. Т. 62, № 4. С. 687–717. DOI: 10.1177/07356331241226592.

[11]Pardos Z. A., Bhandari S. ChatGPT-generated help produces learning gains equivalent to human tutor-authored help on mathematics skills // PLoS ONE / под ред. Carvalho P. F. 2024. Т. 19, № 5. С. e0304013. DOI: 10.1371/journal.pone.0304013.

[12]Okonkwo C. W., Ade-Ibijola A. Chatbots applications in education: A systematic review // Computers and Education: Artificial Intelligence. 2021. Т. 2. С. 100033. DOI: 10.1016/j.caeai.2021.100033.

[13]Қазақстан Республикасының Заңы. (2013). Дербес деректер және оларды қорғау туралы: Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңы (өзгерістер мен толықтырулармен). Қазақстан Республикасының Заңы. (2013). https://old.adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000094

14.Lo C. K. What Is the Impact of ChatGPT on Education? A Rapid Review of the Literature // Education Sciences. 2023. Т. 13, № 4. С. 410. DOI: 10.3390/educsci13040410.

15.Bastani H. и др. Generative AI without guardrails can harm learning: Evidence from high school mathematics // Proc. Natl. Acad. Sci. U.S.A. 2025. Т. 122, № 26. С. e2422633122. DOI: 10.1073/pnas.2422633122.

16.Chiu T. K. F. и др. Systematic literature review on opportunities, challenges, and future research recommendations of artificial intelligence in education // Computers and Education: Artificial Intelligence. 2023. Т. 4. С. 100118. DOI: 10.1016/j.caeai.2022.100118.

17.Tlili A. и др. What if the devil is my guardian angel: ChatGPT as a case study of using chatbots in education // Smart Learn. Environ. 2023. Т. 10, № 1. С. 15. DOI: 10.1186/s40561-023-00237-x.

ҒТАХР 14.35.09

https://doi.org/10.51889/2959-5894.2026.95.3.027

А.Е. Сағымбаева[1], Қ.Ж. Сабраев[1*]

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[*]*e-mail: kanatt82@gmail.com*

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Аңдатпа

Мақалада жасанды интеллект жағдайында болашақ информатика мұғалімдерінің логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру барысында туындайтын педагогикалық мәселелер қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – болашақ информатика мұғалімдерінің логикалық ойлау дағдыларының информатика мазмұнын меңгеру барысында көрінетін пәндік әрекеттерін жүйелеу, жасанды интеллект жағдайында аталған дағдыларды қалыптастыруда туындайтын педагогикалық мәселелерді анықтау және олардың пайда болу себептері мен шешу жолдарының өзара байланысын негіздеу. Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерді талдау, салыстырмалы талдау, теориялық жалпылау, жүйелеу және педагогикалық интерпретациялау әдістері қолданылды. Логикалық ойлау дағдыларының оқу әрекетіндегі көріністері ойлау операциялары мен логикалық пайымдау әрекеттерінің өзара байланысы негізінде жүйеленді. Информатика мазмұнын талдау нәтижесінде олардың алгоритмдеу және программалау, ақпараттық модельдеу, деректермен жұмыс, компьютерлік жүйелер, желілік технологиялар, ақпараттық қауіпсіздік және компьютерлік графика бағыттарындағы пәндік көріністері айқындалды. Жасанды интеллект құралдарының аталған логикалық әрекеттерді қолдау немесе толық не ішінара орындау мүмкіндіктерін білім алушының дербес логикалық әрекетінің сақталуымен өзара байланыста талдау нәтижесінде үш негізгі педагогикалық мәселе анықталды: білім алушының дербес логикалық әрекетін сақтау; жасанды интеллект ұсынған нәтижелерді дербес тексеру және олардың негізінде негізделген қорытынды жасау; болашақ информатика мұғалімдерін жасанды интеллект құралдарын педагогикалық мақсатқа сәйкес қолдануға даярлау. Анықталған мәселелердің пайда болу себептері мен оларды шешудің педагогикалық жолдары жүйеленді. Зерттеу нәтижелері жасанды интеллект құралдарын логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыруда қолданудың педагогикалық мәнін олардың технологиялық мүмкіндіктерімен ғана емес, білім алушының дербес логикалық әрекетін қолдау немесе алмастыру сипаты тұрғысынан қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, болашақ информатика мұғалімдері, логикалық ойлау дағдылары, логикалық әрекет, логикалық пайымдау, информатиканы оқыту, педагогикалық мәселелер.

А.Е. Сагимбаева[1], К.Ж. Сабраев[1],
[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ НАВЫКОВ ЛОГИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ИНФОРМАТИКИ В УСЛОВИЯХ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Аннотация

В статье рассматриваются педагогические проблемы, возникающие в процессе формирования навыков логического мышления будущих учителей информатики в условиях искусственного интеллекта. Цель исследования – систематизировать предметные действия, в которых проявляются навыки логического мышления будущих учителей информатики при освоении содержания информатики, выявить педагогические проблемы, возникающие в процессе формирования данных навыков в условиях искусственного интеллекта, и обосновать взаимосвязь причин их возникновения и путей решения. В исследовании использовались методы анализа научной литературы, сравнительного анализа, теоретического обобщения, систематизации и педагогической интерпретации. Проявления навыков логического мышления в учебной деятельности систематизированы на основе взаимосвязи мыслительных операций и действий логического рассуждения. В результате анализа содержания информатики определены их предметные проявления в таких направлениях, как алгоритмизация и программирование, информационное моделирование, работа с данными, компьютерные системы, сетевые технологии, информационная безопасность и компьютерная графика. В результате анализа возможностей средств искусственного интеллекта поддерживать, полностью или частично выполнять указанные логические действия во взаимосвязи с сохранением самостоятельной логической деятельности обучающегося выявлены три основные педагогические проблемы: сохранение самостоятельной логической деятельности обучающегося; самостоятельная проверка результатов, предложенных искусственным интеллектом, и формулирование на их основе обоснованных выводов; подготовка будущих учителей информатики к использованию средств

искусственного интеллекта в соответствии с педагогическими целями. Систематизированы причины возникновения выявленных проблем и педагогические пути их решения. Результаты исследования показывают необходимость рассматривать педагогическое значение использования средств искусственного интеллекта при формировании навыков логического мышления не только с точки зрения их технологических возможностей, но и с позиции характера поддержки или замещения самостоятельной логической деятельности обучающегося.

Ключевые слова: искусственный интеллект, будущие учителя информатики, навыки логического мышления, логическое действие, логическое рассуждение, обучение информатике, педагогические проблемы.

A.E. Sagymbayeva[1], K.Zh. Sabrayev[1]
[1]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

PEDAGOGICAL ISSUES IN DEVELOPING LOGICAL THINKING SKILLS OF FUTURE INFORMATICS TEACHERS IN THE CONTEXT OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE

Abstract

The article examines pedagogical issues arising in the development of logical thinking skills among future informatics teachers in the context of artificial intelligence. The aim of the study is to systematize the subject-specific activities through which future informatics teachers' logical thinking skills are manifested when mastering informatics content, to identify pedagogical issues arising in the development of these skills in the context of artificial intelligence, and to substantiate the relationship between their underlying causes and possible solutions. The study employed methods of scientific literature analysis, comparative analysis, theoretical generalization, systematization, and pedagogical interpretation. The manifestations of logical thinking skills in learning activities were systematized based on the interrelationship between thinking operations and logical reasoning activities. The analysis of informatics content identified their subject-specific manifestations in such areas as algorithmization and programming, information modeling, data processing, computer systems, network technologies, information security, and computer graphics. An analysis of the capacity of artificial intelligence tools to support or fully or partially perform these logical activities, in relation to preserving learners' independent logical activity, revealed three key pedagogical issues: preserving learners' independent logical activity; ensuring that learners independently verify AI-generated results and formulate reasoned conclusions based on them; and preparing future informatics teachers to use artificial intelligence tools in accordance with pedagogical goals. The causes underlying the identified issues and pedagogical approaches to addressing them were systematized. The findings indicate that the pedagogical significance of using artificial intelligence tools in the development of logical thinking skills should be considered not only in terms of their technological capabilities but also in terms of whether they support or substitute learners' independent logical activity.

Keywords: artificial intelligence, future informatics teachers, logical thinking skills, logical activity, logical reasoning, informatics education, pedagogical issues

Кіріспе

Қазіргі кезеңде жасанды интеллект технологияларының қарқынды дамуы білім беру үдерісінің мазмұны мен ұйымдастырылуын, сондай-ақ болашақ мамандардың кәсіби дайындығына қойылатын талаптарды айтарлықтай өзгертуде. Жасанды интеллект құралдарының ақпаратты өңдеу, мәселені талдау және шешім ұсыну сияқты интеллектуалдық әрекеттерді орындау мүмкіндігінің кеңеюі білім алушылардың дайын нәтижені қабылдаумен шектелмей, оны тексеру, салыстыру және негіздеу сияқты логикалық әрекеттерді өздігінен орындауының маңыздылығын арттырады. Мұндай логикалық әрекеттер информатиканы оқытуда ерекше мәнге ие, өйткені пән мазмұнын меңгеру проблеманы талдау, логикалық байланыстарды анықтау, шешу жолдарын іздеу, оларды салыстыру және негізделген қорытынды жасау сияқты логикалық әрекеттерді талап етеді. Болашақ информатика мұғалімі аталған әрекеттерді өзі орындаумен қатар, оларды орта мектепте білім алушылардың оқу әрекетінде ұйымдастыра білуі қажет. Осы тұрғыдан болашақ информатика мұғалімдерінің логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру олардың кәсіби даярлығының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Болашақ информатика мұғалімдерінің логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру алгоритмдеу және программалау, ақпараттық модельдеу, деректермен жұмыс, компьютерлік жүйелер, желілік технологиялар, ақпараттық қауіпсіздік, компьютерлік графика сияқты информатиканың мазмұндық бағыттарын меңгерумен тығыз байланысты. Бұл бағыттарды меңгеру мәселені құрылымдау, ақпаратты талдау және жүйелеу, логикалық байланыстарды

анықтау, шешімдерді салыстыру және негіздеу сияқты логикалық әрекеттерді жүзеге асыруды талап етеді.

Жасанды интеллект құралдарының білім беру үдерісіне енуі аталған логикалық әрекеттерді жүзеге асырудың жаңа мүмкіндіктерін қалыптастыруда. Жасанды интеллект құралдары мәселені талдауға, шешу жолдарын ұсынуға, алгоритмдерді салыстыруға, күрделі тапсырмаларды кезең-кезеңімен түсіндіруге және жедел кері байланыс алуға мүмкіндік береді [1, 2]. Мұндай мүмкіндіктер білім алушылардың баламалы шешімдерді қарастыруына, оларды салыстыруына және өз шешімдерін талдауына жағдай жасайды.

Қазіргі зерттеулерде жасанды интеллект құралдарының білім алушылардың логикалық ойлауы мен мәселе шешу дағдыларын дамытудағы мүмкіндіктері көрсетілген [3]. Сонымен қатар оларды білім беру үдерісінде қолдануға байланысты бірқатар педагогикалық тәуекелдер де қарастырылады [1, 2, 4, 5]. Жасанды интеллект ұсынған дайын жауаптар мен шешімдерге шамадан тыс сүйену білім алушылардың тапсырманы өздігінен талдау, шешу жолдарын іздеу, ақпаратты тексеру және өз шешімін негіздеу белсенділігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін [1, 2, 4, 5]. Сонымен қатар болашақ мұғалімдердің жасанды интеллект құралдарын оқу мақсаттарына сәйкес педагогикалық тұрғыдан тиімді қолдануға даярлығы да маңызды мәселе ретінде қарастырылады.

Осылайша, жасанды интеллект құралдарын қолдану бір жағынан білім алушылардың логикалық әрекеттерін қолдауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан дайын шешімдерге шамадан тыс сүйену олардың дербес ойлау белсенділігінің әлсіреу қаупін туындатады. Бұл қарама-қайшылық жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану мен білім алушының дербес логикалық әрекетін сақтаудың педагогикалық теңгерімін қамтамасыз ету қажеттілігін көрсетеді. Осы тұрғыдан негізгі мәселе жасанды интеллект құралдарын қолданудың өзінде емес, оларды білім алушының логикалық әрекетін алмастырмай, оны белсендіруге бағыттап педагогикалық тұрғыдан ұйымдастыруда болып табылады.

Ғылыми еңбектерде жасанды интеллекттің білім алушылардың ойлау әрекеттеріне ықпалы, оны қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері мен тәуекелдері әртүрлі қырынан қарастырылғанымен, болашақ информатика мұғалімдерінің логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру тұрғысынан информатиканың мазмұндық бағыттары мен оларға тән логикалық әрекеттердің өзара байланысы жеткілікті деңгейде жүйеленбеген. Сонымен қатар жасанды интеллект жағдайында аталған дағдыларды қалыптастыру барысында туындайтын педагогикалық мәселелер, олардың пайда болу себептері мен шешу жолдары біртұтас жүйе ретінде жеткілікті деңгейде қарастырылмаған.

Зерттеудің мақсаты – болашақ информатика мұғалімдерінің логикалық ойлау дағдыларының информатика мазмұнын меңгеру барысында көрінетін пәндік әрекеттерін жүйелеу, жасанды интеллект жағдайында аталған дағдыларды қалыптастыру барысында туындайтын педагогикалық мәселелерді анықтау және олардың пайда болу себептері мен шешу жолдарының өзара байланысын негіздеу.

Зерттеу міндеттері:

-информатика мазмұнын меңгеру барысында болашақ информатика мұғалімдерінің логикалық ойлау дағдыларының пәндік көріністерін жүйелеу;

-жасанды интеллект жағдайында болашақ информатика мұғалімдерінің логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыруда туындайтын педагогикалық мәселелер мен олардың себептерін анықтау;

-анықталған педагогикалық мәселелердің себептері мен оларды шешу жолдарының өзара байланысын негіздеу.

Әдебиеттерге шолу

Логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру мәселесін қарастыру олардың негізінде жатқан ойлау әрекеттері мен пайымдау үдерісінің ерекшеліктерін анықтауды талап етеді. С.Л. Рубинштейн ойлаудың негізгі операцияларына салыстыруды, талдау мен жинақтауды,

абстракциялау мен жалпылауды жатқызып, оларды заттар мен құбылыстардың мәнді байланыстары мен қатынастарын ашуға бағытталған өзара байланысты ойлау әрекеттері ретінде қарастырады [6]. Johnson-Laird, P. N. пайымдауды қорытынды жасауға алып келетін жүйелі ойлау үдерісі ретінде сипаттайды және дедуктивті пайымдауда қорытындының алғышарттардан логикалық тұрғыдан туындауына назар аударады [7].

Логикалық ойлау мәселесі қазіргі зерттеулерде пайымдау үдерісінің формалды және күнделікті міндеттерді шешудегі көріністерімен байланысты қарастырылады. Bronkhorst және т.б. логикалық пайымдауды білім алушылардың формалды және күнделікті міндеттерді шешу барысында қолданатын пайымдау стратегиялары тұрғысынан зерттеп, оның сыни ойлауды дамытудағы маңызын көрсетеді [8]. Информатиканы оқыту контексінде логикалық ойлау дағдылары нақты оқу міндеттерін орындау барысында көрінеді. Мәселен, Saygıner және Tüzün программалауды оқыту барысында білім алушылардың логикалық ойлау дағдыларының дамуын арнайы зерттеген [9].

Осы зерттеулер логикалық ойлау дағдыларын информатиканы меңгеру барысында жүзеге асырылатын оқу әрекеттерімен өзара байланыста қарастырудың маңызын көрсетеді. Информатика мазмұнын меңгеру барысында мәселені талдау, ақпарат пен объектілер арасындағы байланыстарды анықтау, шешу жолдарын салыстыру, тексеру және негіздеу сияқты логикалық әрекеттер жүзеге асырылады. Болашақ информатика мұғалімдерін даярлау барысында аталған логикалық әрекеттерді олардың өз оқу әрекетінде жүзеге асыруымен қатар, білім алушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру тұрғысынан да қарастыру қажет. Жасанды интеллект құралдарының оқу үдерісіне енуі осы логикалық әрекеттерді жүзеге асырудың жаңа мүмкіндіктерімен қатар, оларды білім алушының дербес орындауын қамтамасыз ету мәселесін де өзекті етеді.

Жасанды интеллект құралдарын білім беру үдерісінде қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері мен тәуекелдері бірқатар зерттеулерде қарастырылған. Kasneci және т.б. [1] үлкен тілдік модельдердің күрделі оқу материалдарын түсіндіру, жекелендірілген қолдау және жедел кері байланыс беру мүмкіндіктерін атап көрсетумен қатар, олардың жауаптарын сыни бағалау және тексеру қажеттілігіне назар аударады. Tlili және т.б. [2] ChatGPT-ті білім беруде қолдануда ақпараттың сенімділігі, академиялық адалдық және жауапты пайдалану мәселелерін көрсетеді. UNESCO материалдарында да жасанды интеллекттің білім алушыларға қолдау көрсету мүмкіндіктерімен қатар, оны педагогикалық тұрғыдан негізсіз қолданудың білім алушылардың дербестігі мен сыни рефлексиясына кері әсер ету қаупі көрсетіліп, мұғалімнің жетекші рөлін сақтау қажеттілігі атап өтіледі [4]. Осы тұрғыдан жасанды интеллект құралдарының педагогикалық әлеуеті олардың технологиялық мүмкіндіктерімен ғана емес, оқу үдерісінде мақсатты әрі жауапты қолданылуымен және білім алушының дербес ойлау әрекетінің сақталуымен де байланысты.

Жасанды интеллект құралдарының болашақ информатика мұғалімдерінің логикалық ойлау дағдыларына ықпалын анықтауға бағытталған зерттеулер де бар. Bokan және т.б. [3] жасанды интеллект құралдарын қолданудың болашақ информатика мұғалімдерінің логикалық ойлау дағдыларына ықпалын эксперименттік тұрғыдан зерттеген. Қазақстан жоғары оқу орнының 48 студенті қатысқан зерттеуде эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелері салыстырылып, жасанды интеллект құралдарын қолданған эксперименттік топта логикалық ойлау және мәселе шешу көрсеткіштерінің бақылау тобымен салыстырғанда жоғарылағаны анықталған. Авторлар алынған нәтижелер негізінде жасанды интеллект құралдарын болашақ информатика мұғалімдерін даярлау үдерісіне мақсатты енгізудің олардың логикалық ойлау және мәселе шешу дағдыларын дамытудағы әлеуетін көрсетеді [3].

Жасанды интеллект құралдарының аталған педагогикалық әлеуетін іске асыру болашақ мұғалімдердің оларды оқу мақсаттарына сәйкес қолдануға даярлығымен де байланысты. Holmes, Bialik және Fadel [10] жасанды интеллектті білім беруге енгізу оқыту құралдарын өзгертумен ғана шектелмей, білім берудің мақсаттары мен педагогтің рөлін қайта қарастыруды қажет ететініне назар аударады. Luckin және т.б. [11] жасанды интеллект

құралдарын тиімді қолдану үшін мұғалімдердің олардың мүмкіндіктері мен шектеулерін түсінуі және технологияларды нақты педагогикалық мақсаттарға сәйкес қолдана білуі қажеттігін көрсетеді. Осы тұрғыдан болашақ информатика мұғалімдерін даярлауда жасанды интеллект құралдарын техникалық тұрғыдан меңгертумен қатар, оларды пән мазмұны мен оқу мақсаттарына сәйкес педагогикалық тұрғыдан қолдануға даярлау маңызды.

Қарастырылған зерттеулер жасанды интеллект құралдарының логикалық ойлау дағдыларын дамытудағы мүмкіндіктерімен қатар, оларды қолдану барысында білім алушының дербес логикалық әрекетін сақтау және болашақ мұғалімдерді осы құралдарды педагогикалық мақсатқа сәйкес қолдануға даярлау қажеттілігін көрсетеді. Бұл информатика мазмұнын меңгеру барысында жүзеге асырылатын логикалық әрекеттер мен жасанды интеллект жағдайында туындайтын педагогикалық мәселелерді, олардың себептері мен шешу жолдарын өзара байланыста жүйелеу қажеттілігін негіздейді.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеу жұмысы жасанды интеллект жағдайында болашақ информатика мұғалімдерінің логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру барысында туындайтын педагогикалық мәселелерді теориялық-аналитикалық тұрғыдан анықтауға және олардың шешу жолдарын негіздеуге бағытталды. Зерттеудің әдіснамалық негізі информатиканы оқыту барысында жүзеге асырылатын логикалық әрекеттерді, жасанды интеллект құралдарының оларды қолдаудағы педагогикалық мүмкіндіктері мен тәуекелдерін және мұғалімнің осы үдерісті педагогикалық тұрғыдан ұйымдастырудағы рөлін өзара байланыста қарастыруға негізделді.

Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерді талдау, салыстырмалы талдау, теориялық жалпылау, жүйелеу және педагогикалық интерпретациялау әдістері қолданылды. Ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру, жасанды интеллект құралдарының білім алушылардың ойлау әрекеттеріне ықпалы, оларды білім беру үдерісінде қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері мен тәуекелдері, сондай-ақ мұғалімдердің жасанды интеллект құралдарын педагогикалық мақсатта қолдануға даярлығы мәселелеріне арналған зерттеулер қарастырылды.

Информатика мазмұнын талдау және жүйелеу арқылы оны меңгеру барысында жүзеге асырылатын ойлау операциялары мен логикалық пайымдау әрекеттері қарастырылып, олардың пәндік көріністері айқындалды. Жасанды интеллект жағдайында туындайтын педагогикалық мәселелерді айқындау үш өзара байланысты өлшем негізінде жүзеге асырылды: 1) логикалық ойлау дағдыларының информатика мазмұнын меңгеру барысында көрінетін пәндік әрекеттері; 2) осы әрекеттерді орындауда жасанды интеллект құралдарының білім алушыға қолдау көрсету немесе оларды толық не ішінара орындау мүмкіндіктері; 3) жасанды интеллектті қолдану барысында білім алушының дербес логикалық әрекетінің сақталу сипаты. Осы өлшемдерді өзара байланысты талдау жасанды интеллект құралдарын қолдану барысында білім алушының логикалық әрекеттерінің қай жағдайда қолдау табатынын және қай жағдайда олардың орындалуы жасанды интеллектке берілуі мүмкін екенін қарастыруға мүмкіндік берді. Бұл талдау болашақ информатика мұғалімдерінің логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыруда туындайтын педагогикалық мәселелер мен олардың пайда болу себептерін айқындауға негіз болды. Анықталған педагогикалық мәселелер мен олардың себептерін педагогикалық интерпретациялау және теориялық жалпылау негізінде білім алушының дербес логикалық әрекетін сақтауға және белсендіруге бағытталған шешу жолдары жүйеленді.

Зерттеудің дереккөздік базасын логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру, информатиканы оқыту, жасанды интеллектті білім беруде қолдану және педагогтердің жасанды интеллект құралдарын педагогикалық мақсатта қолдануға даярлығы мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер, сондай-ақ UNESCO материалдары құрады. Зерттеу нәтижелерінің негізділігі ғылыми дереккөздердегі тұжырымдарды салыстыру, теориялық талдау және алынған нәтижелерді өзара байланыста жүйелеу арқылы қамтамасыз етілді.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу аясында болашақ информатика мұғалімдерінің логикалық ойлау дағдылары оқу міндеттерін орындау барысында жүзеге асырылатын ойлау операциялары мен логикалық пайымдау әрекеттері арқылы қарастырылды. Мұндай жүйелеуге С.Л. Рубинштейннің ойлаудың негізгі операциялары туралы тұжырымы және H. Bronkhorst және т.б. ұсынған логикалық пайымдау үдерісінің сипаттамасы теориялық негіз болды. С.Л. Рубинштейн ойлаудың негізгі операцияларына талдау мен жинақтауды, салыстыруды, абстракциялау мен жалпылауды жатқызса [6], H. Bronkhorst және т.б. логикалық пайымдауды берілген контекстегі ақпаратты іріктеу және интерпретациялау, байланыстарды анықтау, тексеру және қорытынды жасау үдерісі ретінде қарастырады [8]. Осы тұрғыдан логикалық пайымдау ақпаратты жай қабылдаумен шектелмей, оның элементтері арасындағы байланыстарды анықтау, алынған тұжырымдарды тексеру және негізделген қорытындыға келуге бағытталған ойлау үдерісін сипаттайды. Осы теориялық тұжырымдарды негізге ала отырып, логикалық ойлау дағдыларының оқу әрекетіндегі көріністері екі өзара байланысты топқа жүйеленді: бірінші топты ойлау операциялары – талдау мен жинақтау, салыстыру, абстракциялау және жалпылау; екінші топты логикалық пайымдау әрекеттері – ақпаратты интерпретациялау, байланыстарды анықтау, тексеру және қорытынды жасау құрады (1-сурет).



Сурет 1. Логикалық ойлау дағдыларының оқу әрекетіндегі көріністері

1-суретте логикалық ойлау дағдыларының көріністері ретінде жүйеленген ойлау операциялары мен логикалық пайымдау әрекеттері информатиканың мазмұнын меңгеру барысында нақты пәндік сипатта көрінеді. Әрбір мазмұндық бағытқа тән оқу міндеттерін орындау барысында аталған ойлау операциялары мен логикалық пайымдау әрекеттері өзара байланыста жүзеге асырылады. Мысалы, алгоритмдеу және программалауда мәселені талдау, шешу тәсілдерін салыстыру, алгоритмнің орындалу логикасындағы байланыстарды анықтау және нәтижені тексеру жүзеге асырылса, ақпараттық модельдеуде объектінің мәнді қасиеттерін бөліп алу, абстракциялау, модельдер арасындағы байланыстарды анықтау және салыстыру көрініс табады. Деректермен жұмыс барысында ақпаратты салыстыру, жүйелеу, заңдылықтарды анықтау және олардың негізінде қорытынды жасау әрекеттері жүзеге асырылады.

Информатиканың мазмұндық бағыттарын айқындауда Қазақстан Республикасының негізгі орта білім беру деңгейіне арналған «Информатика» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны ескерілді [12]. Бағдарлама мазмұнын зерттеу мақсаты тұрғысынан талдау негізінде логикалық ойлау дағдыларының пәндік көріністерін қарастыру үшін алгоритмдеу және программалау, ақпараттық модельдеу, деректермен жұмыс, компьютерлік жүйелер, желілік технологиялар, ақпараттық қауіпсіздік және компьютерлік графика бағыттары бөліп алынды. Осы бағыттар мен логикалық ойлау дағдыларының пәндік көріністері арасындағы байланыс 1-кестеде көрсетілді.

Кесте 1. Информатика мазмұнының бағыттары мен логикалық ойлау дағдыларының пәндік көріністері арасындағы байланыс

Информатика мазмұнының бағыттары	*Логикалық ойлау дағдыларының пәндік көріністері*
Алгоритмдеу және программалау	*Қойылған есепті талдау; есептің бөліктері мен олардың арасындағы байланыстарды анықтау; шешу тәсілдерін салыстыру; алгоритмнің орындалуын тексеру; алынған нәтиже негізінде қорытынды жасау*
Ақпараттық модельдеу	*Объектінің мәнді қасиеттерін талдау және бөліп алу; абстракциялау; объектілер мен олардың қасиеттері арасындағы байланыстарды анықтау; модельдерді салыстыру; модельдің сәйкестігін тексеру*
Деректермен жұмыс	*Деректерді талдау және салыстыру; оларды белгілері бойынша топтау және жүйелеу; деректер арасындағы байланыстар мен заңдылықтарды анықтау; нәтижелерді интерпретациялау және қорытынды жасау*
Компьютерлік жүйелер	*Жүйе компоненттерінің қызметін талдау; компоненттер арасындағы функционалдық байланыстарды анықтау; олардың өзара әрекеттесуін интерпретациялау; жүйенің жұмыс нәтижесі бойынша қорытынды жасау.*
Желілік технологиялар	*Желінің құрылымы мен компоненттерін талдау; олардың арасындағы байланыстарды анықтау; деректер алмасу үдерісін интерпретациялау; желілік шешімдерді салыстыру және олардың жұмысын тексеру*
Ақпараттық қауіпсіздік	*Қауіптер мен олардың себептерін талдау; себеп-салдарлық байланыстарды анықтау; қауіпсіздік шешімдерін салыстыру; ықтимал салдарды бағалау; негізделген қорытынды жасау*
Компьютерлік графика	*Графикалық объектілердің қасиеттерін талдау және салыстыру; олардың құрылымдық байланыстарын анықтау; объектіні модельдеу кезінде мәнді қасиеттерді бөліп алу және абстракциялау; нәтижені бастапқы талаптармен салыстырып тексеру*

Болашақ информатика мұғалімдерінің логикалық ойлау дағдыларының оқу әрекетіндегі көріністерін жүйелеу және олардың информатика мазмұнындағы пәндік көріністерін анықтау жасанды интеллект құралдарын қолдану жағдайында аталған әрекеттердің орындалу сипатын қарастыруға негіз болады. Жасанды интеллект құралдары есепті талдау, шешу тәсілдерін ұсыну, алгоритм құру, программалық кодты генерациялау, қатені анықтау және нәтижені түсіндіру сияқты әрекеттерді орындауда білім алушыға қолдау көрсете алады. Сонымен қатар бұл мүмкіндіктер білім алушы орындауы тиіс жекелеген логикалық әрекеттердің толық немесе ішінара жасанды интеллект құралдарына берілуіне де жағдай жасайды. Сондықтан логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру тұрғысынан жасанды интеллект құралдарының мүмкіндіктерін білім алушының дербес логикалық әрекетінің сақталуымен өзара байланыста қарастыру маңызды деп есептейміз.

Ғылыми әдебиеттерді талдау жасанды интеллект құралдарын оқу үдерісінде қолданудың педагогикалық мүмкіндіктерімен қатар, дайын жауаптарға сүйену, ұсынылған ақпаратты жеткілікті тексермеу және оқу әрекеттерінің бір бөлігін жасанды интеллектке беру тәуекелдерінің бар екенін көрсетті [1, 2, 4]. Бұл тұжырымдар жасанды интеллект құралдарын қолдану білім алушының логикалық әрекетін қолдаумен қатар, оқу әрекеті тиісті түрде ұйымдастырылмаған жағдайда оның дербес орындалуын шектеуі мүмкін екенін көрсетеді. Болашақ информатика мұғалімдерін даярлау контексінде бұл мәселе ерекше мәнге ие, өйткені олар жасанды интеллект құралдарын өз оқу әрекетінде қолданумен қатар, болашақ кәсіби қызметінде білім алушылардың оқу әрекетін педагогикалық тұрғыдан ұйымдастыруы тиіс.

Осыған байланысты 1-суретте жүйеленген логикалық ойлау дағдыларының оқу әрекетіндегі көріністері мен 1-кестеде анықталған олардың информатика мазмұнындағы пәндік көріністері жасанды интеллект құралдарының аталған әрекеттерді қолдау немесе толық не ішінара орындау мүмкіндіктері және білім алушының дербес логикалық әрекетінің сақталуы тұрғысынан өзара байланыста талданды.

Талдау нәтижесінде жасанды интеллект жағдайында болашақ информатика мұғалімдерінің логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыруда үш негізгі педагогикалық мәселе айқындалды: 1) жасанды интеллект құралдарын қолдану барысында білім алушының дербес логикалық әрекетін сақтауды қамтамасыз ету; 2) жасанды интеллект ұсынған нәтижелерді білім алушының дербес тексеруін және негізделген қорытынды жасауын қамтамасыз ету; 3) болашақ информатика мұғалімдерін жасанды интеллект құралдарын білім алушылардың дербес логикалық әрекетін сақтай отырып, педагогикалық мақсатқа сәйкес қолдануға даярлау. Аталған мәселелер жасанды интеллект құралдарының өзінен емес, білім алушының өзі орындауы тиіс логикалық әрекеттер мен жасанды интеллект қолдайтын немесе орындайтын әрекеттердің арақатынасын педагогикалық тұрғыдан ұйымдастыру ерекшеліктерімен байланысты. Олардың пайда болу себептері мен шешу жолдары 2-кестеде берілді.

Кесте 2. Жасанды интеллект жағдайында болашақ информатика мұғалімдерінің логикалық ойлау дағдыларын қалыптастырудағы педагогикалық мәселелер, олардың себептері мен шешу жолдары

Педагогикалық мәселе	*Пайда болу себептері*	*Шешу жолдары*
Білім алушының дербес логикалық әрекетін сақтауды қамтамасыз ету	*ЖИ құралдарының есепті талдау, байланыстарды анықтау, шешу тәсілдерін ұсыну, алгоритм мен программалық код құру, нәтижені түсіндіру сияқты білім алушының логикалық әрекеттерімен байланысты міндеттерді толық немесе ішінара орындау мүмкіндігі; оқу тапсырмаларының білім алушының өзіндік талдауын, салыстыруын және шешім құруын міндетті түрде талап етпеуі*	*Оқу тапсырмаларын білім алушының дербес логикалық әрекеті сақталатындай ұйымдастыру; ЖИ-ді дайын шешім алу үшін емес, бастапқы шешімді толықтыру, балама нұсқаларды салыстыру және жетілдіру үшін қолдану; «өз шешімі → ЖИ ұсынған шешім → салыстыру → жетілдіру» тәрізді тапсырмалар құру*
ЖИ ұсынған нәтижелерді дербес тексеру және негізделген қорытынды жасауды қамтамасыз ету	*ЖИ ұсынған жауаптың, алгоритмнің, кодтың, модельдің немесе түсіндірменің дайын нәтиже ретінде қабылдануы; ұсынылған нәтижені интерпретациялау, салыстыру, байланыстарды анықтау және*	*ЖИ нәтижелерін тексеруге, қатесін анықтауға, балама шешімдермен салыстыруға және бағалауға бағытталған тапсырмалар енгізу; білім алушыдан ЖИ нәтижесін қабылдау немесе қабылдамау себебін*

	тексеруді талап ететін оқу тапсырмаларының жеткіліксіздігі	*негіздеуді және өзіндік қорытынды жасауды талап ету*
Болашақ информатика мұғалімдерін ЖИ құралдарын білім алушылардың дербес логикалық әрекетін сақтай отырып педагогикалық мақсатқа сәйкес қолдануға даярлау	*ЖИ құралдарын қолданудың көбіне техникалық мүмкіндіктеріне бағдарлану; ЖИ орындайтын әрекет пен білім алушының өзі орындауы қажет логикалық әрекетті педагогикалық тұрғыдан ажыратудың жеткіліксіздігі; оқу мақсаты, логикалық әрекет және ЖИ мүмкіндігі арасындағы байланысты ескермеу*	*Болашақ мұғалімдерді оқу мақсатына сәйкес ЖИ қолдану сценарийлерін жобалауға үйрету; тапсырмада білім алушы өзі орындайтын және ЖИ қолдайтын әрекеттерді алдын ала анықтау; ЖИ-дің логикалық әрекетті алмастыру немесе белсендіру ықтималдығын педагогикалық тұрғыдан бағалауға бағытталған тапсырмалар мен әдістемелік жағдаяттарды енгізу*

Дискуссия

Зерттеу нәтижелері жасанды интеллект жағдайында болашақ информатика мұғалімдерінің логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыруда білім алушының дербес логикалық әрекетін сақтау маңызды педагогикалық мәселе екенін көрсетті. Бұл нәтиже жасанды интеллект құралдарын білім беруде қолдануда білім алушының дербестігін сақтау, ұсынылған ақпаратты сыни бағалау және тексеру қажеттігін көрсететін зерттеулермен үндеседі [1, 2, 4]. Біздің зерттеуде аталған мәселе информатика мазмұнын меңгеру барысында жүзеге асырылатын логикалық әрекеттермен байланыста нақтыланды. Осы тұрғыдан жасанды интеллект құралдарын қолданудың педагогикалық мәнін олардың функционалдық мүмкіндіктерімен ғана емес, білім алушының дербес логикалық әрекетінің сақталуы тұрғысынан қарастыру маңызды.

Сонымен қатар алынған нәтижелер жасанды интеллект құралдарын логикалық ойлау дағдыларының қалыптасуына біржақты кері әсер ететін фактор ретінде қарастыруға болмайтынын көрсетеді. Bokan және т.б. [3] зерттеуінде жасанды интеллект құралдарын қолданған болашақ информатика мұғалімдерінің логикалық ойлау және мәселе шешу көрсеткіштерінің жоғарылағаны анықталған. Біздің зерттеу бұл тұжырымды толықтыра отырып, жасанды интеллекттің педагогикалық рөлін оның білім алушының логикалық әрекетін қолдау немесе алмастыру сипатымен байланысты қарастыру қажеттігін негіздейді. Демек, негізгі мәселе жасанды интеллекттің дайын шешім ұсынуында емес, оны қолдану барысында білім алушының қандай логикалық әрекеттерді дербес жүзеге асыратынында.

Үшінші педагогикалық мәселе болашақ информатика мұғалімдерінің жасанды интеллект құралдарын педагогикалық мақсатқа сәйкес қолдануға даярлығымен байланысты. Бұл нәтиже жасанды интеллекттің білім беруге енуі жағдайында педагогтің рөлі мен кәсіби міндеттерінің өзгеруін, сондай-ақ мұғалімнің жасанды интеллект мүмкіндіктері мен шектеулерін түсіну қажеттігін көрсететін зерттеулермен сәйкес келеді [10, 11]. Біздің зерттеуде бұл мәселе логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру тұрғысынан нақтыланып, болашақ мұғалімнің білім алушы өзі орындайтын және жасанды интеллект қолдайтын логикалық әрекеттердің арақатынасын педагогикалық тұрғыдан анықтай білу қажеттілігімен байланыстырылды.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер жасанды интеллект құралдары мен логикалық ойлау дағдыларының қалыптасуы арасындағы байланысты «оң әсер – теріс әсер» тұрғысынан біржақты бағалаудың жеткіліксіз екенін көрсетеді. Жасанды интеллекттің педагогикалық рөлі оның қандай оқу мақсатына және білім алушының қандай логикалық әрекеттерімен үйлестіріліп қолданылатынына байланысты. Сондықтан негізгі педагогикалық бағыт технологияны шектеу емес, білім алушының дербес логикалық әрекеті мен жасанды интеллект қолдауының педагогикалық тұрғыдан негізделген арақатынасын қамтамасыз ету болып табылады.

Қорытынды

Жасанды интеллект құралдарының білім беру үдерісіне кеңінен енгізілуі болашақ информатика мұғалімдерінің логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру мәселесін жаңа педагогикалық тұрғыдан қарастыруды қажет етеді. Жүргізілген теориялық-аналитикалық зерттеу логикалық ойлау дағдыларының оқу әрекетіндегі көріністерін ойлау операциялары мен логикалық пайымдау әрекеттерінің өзара байланысы негізінде жүйелеуге мүмкіндік берді. Информатика мазмұнын талдау нәтижесінде аталған дағдылардың алгоритмдеу және программалау, ақпараттық модельдеу, деректермен жұмыс, компьютерлік жүйелер, желілік технологиялар, ақпараттық қауіпсіздік және компьютерлік графика бағыттарындағы пәндік көріністері айқындалды.

Зерттеу нәтижесінде жасанды интеллект жағдайында логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыруға байланысты үш негізгі педагогикалық мәселе анықталды: білім алушының дербес логикалық әрекетін сақтау; жасанды интеллект ұсынған нәтижелерді дербес тексеру және олардың негізінде негізделген қорытынды жасау; болашақ информатика мұғалімдерін жасанды интеллект құралдарын педагогикалық мақсатқа сәйкес қолдануға даярлау. Аталған мәселелерді талдау жасанды интеллекттің логикалық ойлау дағдыларын қалыптастырудағы рөлін оның технологиялық мүмкіндіктерімен ғана емес, білім алушының логикалық әрекетін қолдау немесе оны толық не ішінара алмастыру сипаты арқылы бағалау қажеттігін көрсетті.

Осыған байланысты жасанды интеллект құралдарын информатиканы оқытуға кіріктіруде білім алушының өзі орындауы қажет логикалық әрекеттер мен жасанды интеллект қолдайтын әрекеттердің арақатынасын педагогикалық тұрғыдан анықтау маңызды. Оқу тапсырмаларын білім алушының талдау, салыстыру, байланыстарды анықтау, тексеру және қорытынды жасау әрекеттерін сақтайтындай ұйымдастыру, сондай-ақ жасанды интеллект ұсынған нәтижелерді талдау, тексеру және негіздеуді талап ету оның дербес логикалық әрекетін қолдаудың маңызды бағыты болып табылады. Бұл болашақ информатика мұғалімдерін даярлауда жасанды интеллект құралдарын техникалық меңгертумен қатар, оларды оқу мақсаты мен қалыптастырылатын логикалық әрекеттерге сәйкес педагогикалық тұрғыдан қолдануға даярлау қажеттігін негіздейді.

Келесі зерттеулерде анықталған педагогикалық мәселелер мен ұсынылған оны шешу жолдарын болашақ информатика мұғалімдерін даярлау үдерісінде эксперименттік апробациялау, сондай-ақ жасанды интеллект құралдарын қолдану жағдайында білім алушылардың дербес логикалық әрекетінің сақталу ерекшеліктерін зерттеу көзделеді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

[1] Kasneci E., Sessler K., Küchemann S., Bannert M., Dementieva D., Fischer F. et al. ChatGPT for good? On opportunities and challenges of large language models for education // Learning and Individual Differences. – 2023. – Vol. 103. – 102274. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.lindif.2023.102274

[2] Tlili A., Shehata B., Adarkwah M.A., Bozkurt A. et al. What if the devil is my guardian angel: ChatGPT as a case study of using chatbots in education // Smart Learning Environments. – 2023. – Vol. 10. – Article 15. – DOI: https://doi.org/10.1186/s40561-023-00237-x

[3] Bokan M., Abdimalikkyzy J., Babaeva A., Keldibekova A., Makpyr S., Smagulov Y. Enhancing Logical Thinking Skills of Future Informatics Teachers through Artificial Intelligence // Qubahan Academic Journal. – 2025. – Vol. 5, No. 1. – P. 543–551. – DOI: https://doi.org/10.48161/qaj.v5n1a1329

[4] UNESCO. AI and the Future of Education: Disruptions, Dilemmas and Directions. – Paris: UNESCO, 2025. AI and the future of education. Disruptions, dilemmas and directions

[5] Chan C.K.Y., Hu W. Students' voices on generative AI: perceptions, benefits, and challenges in higher education // International Journal of Educational Technology in Higher Education. – 2023. – Vol. 20. – Article 43. – DOI: https://doi.org/10.1186/s41239-023-00411-8

[6] Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – 2-е изд. – М.: Учпедгиз, 1946. – 704 с.

[7] Johnson-Laird P.N. Deductive reasoning // Annual Review of Psychology. – 1999. – Vol. 50. – P. 109–135. – DOI: https://doi.org/10.1146/annurev.psych.50.1.109

[8] Bronkhorst H., Roorda G., Suhre C., Goedhart M. Logical Reasoning in Formal and Everyday Reasoning Tasks // International Journal of Science and Mathematics Education. – 2020. – Vol. 18. – P. 1673–1694. – DOI: https://doi.org/10.1007/s10763-019-10039-8

[9] Saygıner Ş., Tüzün H. The effects of block-based visual and text-based programming training on students' achievement, logical thinking skills, and motivation // Journal of Computer Assisted Learning. – 2023. – Vol. 39, No. 2. – P. 644–658. – DOI: https://doi.org/10.1111/jcal.12771

[10] Holmes W., Bialik M., Fadel C. Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning. – Boston: Center for Curriculum Redesign, 2019.

[11] Luckin R., George K., Cukurova M. AI for School Teachers. – Boca Raton: CRC Press, 2022. – 132 p. DOI: https://doi.org/10.1201/9781003193173

[12] Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (өзгерістер мен толықтырулармен) [Электрондық ресурс]. – «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767 (қаралған күні: 04.09.2026).

References

[1] Kasneci E., Sessler K., Küchemann S., Bannert M., Dementieva D., Fischer F. et al. (2023) ChatGPT for good? On opportunities and challenges of large language models for education. Learning and Individual Differences, 103, 102274. https://doi.org/10.1016/j.lindif.2023.102274

[2] Tlili A., Shehata B., Adarkwah M.A., Bozkurt A. et al. (2023) What if the devil is my guardian angel: ChatGPT as a case study of using chatbots in education. Smart Learning Environments, 10, Article 15. https://doi.org/10.1186/s40561-023-00237-x

[3] Bokan M., Abdimalikkyzy J., Babaeva A., Keldibekova A., Makpyr S., Smagulov Y. (2025) Enhancing Logical Thinking Skills of Future Informatics Teachers through Artificial Intelligence. Qubahan Academic Journal, 5(1), 543–551. https://doi.org/10.48161/qaj.v5n1a1329

[4] UNESCO. (2025) AI and the Future of Education: Disruptions, Dilemmas and Directions. Paris: UNESCO.

[5] Chan C.K.Y., Hu W. (2023) Students' voices on generative AI: perceptions, benefits, and challenges in higher education. International Journal of Educational Technology in Higher Education, 20, Article 43. https://doi.org/10.1186/s41239-023-00411-8

[6] Rubinshtein S.L. (1946) Osnovy obshhei psihologii [Fundamentals of General Psychology]. 2nd ed. Moscow: Uchpedgiz, 704 p. (In Russian)

[7] Johnson-Laird P.N. (1999) Deductive reasoning. Annual Review of Psychology, 50, 109–135. https://doi.org/10.1146/annurev.psych.50.1.109

[8] Bronkhorst H., Roorda G., Suhre C., Goedhart M. (2020) Logical Reasoning in Formal and Everyday Reasoning Tasks. International Journal of Science and Mathematics Education, 18, 1673–1694. https://doi.org/10.1007/s10763-019-10039-8

[9] Saygıner Ş., Tüzün H. (2023) The effects of block-based visual and text-based programming training on students' achievement, logical thinking skills, and motivation. Journal of Computer Assisted Learning, 39(2), 644–658. https://doi.org/10.1111/jcal.12771

[10] Holmes W., Bialik M., Fadel C. (2019) Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning. Boston: Center for Curriculum Redesign.

[11] Luckin R., George K., Cukurova M. (2022) AI for School Teachers. Boca Raton: CRC Press, 132 p. https://doi.org/10.1201/9781003193173

[12] Kazakstan Respublikasy Oku-agartu ministrinin 2022 zhylgy 16 kyrkuyektegi № 399 buirygy «Zhalpy bilim beru uiymdaryna arnalgan zhalpy bilim beretin panderdin, bastauysh, negizgi orta zhane zhalpy orta bilim dengeilerinin tandau kurstarynyn ulgilik oku bagdarlamalaryn bekitu turaly» (ozgerister men tolyktyrularmen) [On Approval of Model Curricula for General Education Subjects and Elective Courses for Primary, Basic Secondary and General Secondary Education Levels] [Electronic resource]. «Adilet» akparattyk-kukyktyk zhuyesi. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767 (accessed September 4, 2026). (In Kazakh)

ҒТАХР 29.01.45

https://doi.org/10.51889/2959-5894.2026.95.3.028

Ж.К. Сыдыкова[1], Б. Ерженбек[1], Г.И. Жанбекова[1], Ж.М. Нұрмухамедова[1], Д.М. Нурбаева[1]

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[*]*e-mail:bulbul.83@mail.ru*

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖАСАНДЫ ИНТТЕЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада физика пәнін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда жасанды интеллектіні қолдану мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда жасанды интеллектіні қолдану жолдарын көрсету. Яғни,физика сабақтарында цифрлық білім беру ресурстарын, виртуалды эксперименттерді, 3D модельдерді және жағдаяттық тапсырмаларды қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру тиімділігін анықтау. Мақалада физиканы оқытуда foxar.education, efizika.ru және Corinth платформаларындағы виртуалды эксперименттерді қолдану қарастырылды. Оқушыларға Атмосфералық қысым. Атмосфералық қысымды өлшеу, Кішкентай денелердің өлшемін анықтау, Тұрақты электр тогы тақырыптары бойынша практикалық жағдаяттық тапсырмалар ұсынылды. Физиканы оқытуда жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін тиімділігін бағалау мақсатында мұғалімдер арасында сауалнама жүргізілді. Мұғалімдердің басым бөлігі жасанды интеллекткөмегімен жүргізілгенвиртуалды эксперименттердің оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыруға және физикалық құбылыстарды терең түсінуіне, функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға оң әсер ететінін атап өтті.Зерттеу қорытындылары мектепте физиканы оқытуда жасанды интеллектіні жүйелі қолдану оқушылардың функционалдық сауаттылығын, зерттеушілік және практикалық дағдыларын қалыптастыратындығын көрсетті.

Түйін сөздер: функционалдық сауаттылық, физика, жасанды интеллект, оқыту әдістемесі, виртуалды эксперименттер.

Ж.К. Сыдыкова[1], Б. Ерженбек[1], Г.И. Жанбекова[1], Ж.М.Нұрмухамедова[1], Д.М.Нурбаева[1]
[1]Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

МЕТОДИКА ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Аннотация

В данной статье рассматриваются возможности применения искусственного интеллекта в процессе формирования функциональной грамотности учащихся при обучении физике. Цель исследования – показать пути использования искусственного интеллекта для формирования функциональной грамотности учащихся, а именно определить эффективность формирования функциональной грамотности через применение цифровых образовательных ресурсов, виртуальных экспериментов, 3D-моделей и ситуационных задач на уроках физики. В статье рассмотрено использование виртуальных экспериментов на платформах foxar.education, efizika.ru и Corinth в процессе обучения физике. Учащимся были предложены практические ситуационные задания по темам «Атмосферное давление. Измерение атмосферного давления», «Определение размеров малых тел», «Постоянный электрический ток». С целью оценки эффективности возможностей искусственного интеллекта в обучении физике был проведён опрос среди учителей. Большинство учителей отметили, что виртуальные эксперименты, проводимые с использованием искусственного интеллекта, положительно влияют на повышение интереса учащихся к предмету, способствуют более глубокому пониманию физических явлений и формированию функциональной грамотности. Результаты исследования показали, что систематическое применение искусственного интеллекта в школьном обучении физике способствует формированию у учащихся функциональной грамотности, исследовательских и практических навыков.

Ключевые слова: функциональная грамотность, физика, искусственный интеллект, методика обучения, виртуальные эксперименты.

Zh.K. Sydykova[1], B. Yerzhenbek[1], G.I. Zhanbekova[1], Zh.M.Nurmukhamedova[1], D.M.Nurbayeva[1]
[1]AbaiKazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, Almaty

METHODOLOGY FOR THE USE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN DEVELOPING STUDENTS' FUNCTIONAL LITERACY

Abstract

This article examines the possibilities of using artificial intelligence in the development of students' functional literacy in the process of teaching physics. The aim of the study is to demonstrate ways of applying artificial intelligence in the formation of students' functional literacy, specifically to determine the effectiveness of developing functional literacy through the use of digital educational resources, virtual experiments, 3D models, and situational tasks in physics lessons. The article considers the use of virtual experiments on the platforms foxar.education, efizika.ru, and Corinth in physics instruction. Students were given practical situational tasks on the topics «Atmospheric Pressure. Measurement of Atmospheric Pressure», «Determination of the Size of Small Objects», and «Direct Current». To evaluate the effectiveness of artificial intelligence in physics education, a survey was conducted among teachers. The majority of teachers noted that virtual experiments supported by artificial intelligence have a positive impact on increasing students' interest in the subject, contribute to a deeper understanding of physical phenomena, and support the development of functional literacy. The results of the study show that the systematic use of artificial intelligence in school physics education contributes to the development of students' functional literacy, as well as their research and practical skills.

Keywords: functional literacy, physics, artificial intelligence, teaching methodology, virtual experiments.

Кіріспе

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі соңғы жылдары бірқатар жаңарту үдерістерін бастан өткеріп, мазмұндық және құрылымдық тұрғыдан өзгерістерге ұшырауда. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық даму үрдістері мектеп түлектерінен тек пәндік білімді ғана емес, сонымен қатар мобильділік, коммуникативтік қабілет және когнитивтік дағдылар сияқты кең ауқымды құзыреттіліктерді талап етеді. Осыған байланысты білім беру үдерісіне қойылатын талаптар да едәуір жаңарып, оқыту мазмұны мен нәтижелеріне жаңа көзқарас қалыптасты. Бұл өзгерістер мұғалім мен оқушының рөлін қайта қарауды, сондай-ақ білім, білік және дағдыларды қалыптастыру жүйесін жетілдіруді қажет етеді. Оқыту үдерісінің тиімділігі тек игерілген білімнің көлемімен немесе сапасымен ғана емес, сонымен бірге сол білімді әртүрлі жағдайларда қолдана алу деңгейімен де өлшенеді [1].

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі тұлғаның жан-жақты дамуына бағытталған, оқыту мен тәрбиені біртұтас процесс ретінде қарастыратын жаңа педагогикалық модельді қажет етеді. Мұндай жүйеде мұғалім білімді дайын күйінде беруші емес, оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастырушы және бағыттаушы қызметін атқарады [2].

PISA халықаралық функционалдық сауаттылықты бағалау зерттеуі бойынша функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөліктері ретінде математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы, жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы, ақпараттық сауаттылық, жаһандық құзыреттіліктер мен креативті ойлауды жатқызады [3]. Бұл оқушылардың аталған салалардағы алған білімін нақты өмірлік жағдайларда қолдана алу қабілетіне ие болуы қажет екендігін көрсетеді. Біз мақалада оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығына қысқаша тоқталамыз.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты қалыптастыру негізінен эксперименттік және зерттеушілік сипаттағы тапсырмалар арқылы жүзеге асырылады. Мұндай тапсырмалар оқушылардың жаратылыстану ғылымдары бойынша алған білімдерін күнделікті өмірде кездесетін физикалық құбылыстар мен үдерістерді түсіндіруге қолдану дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар қоршаған ортаны ғылыми тұрғыдан танып-білуге, бақылау жүргізуге және алынған нәтижелерді талдауға үйретеді [4].

Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын қалыптастыруда олар негізгі үш құзыреттілікке ие болады:

1) Жаратылыстану-ғылыми таным әдісінің негізгі ерекшеліктерін түсіну. Бұл әртүрлі ғылыми таным әдістерін қолдана білуді қамтиды.

2) Жаратылыстану бағытындағы құбылыстарды ғылыми білім негізінде сипаттай алуы және олардың өзгерістерін болжай білу.

3) Ғылыми дәлелдер мен қолда бар деректерді пайдаланып қорытынды жасау, алынған нәтижені талдау және сенімділігін бағалай алу.

Осы тұрғыдан алғанда, мұғалімнің негізгі мақсаты – оқушылардың алған білімдері, дағдылары мен тәжірибелік іс-әрекеттерін өмірлік жағдаяттарда тиімді пайдалана алу құзыреттілігін дамыту. Осы орайда мұғалім оқу үдерісінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында әртүрлі оқыту әдістері мен жасан интелектіні пайдаланып, сабақ мазмұнын түрлендіріп отырғаны маңызды.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесін цифрландыру үдерісі қарқынды дамып, жасанды интеллектке негізделген технологияларды оқу-тәрбие жұмысына енгізу маңызды бағыт ретінде қарастырылуда. Зерттеушілердің еңбектерінде цифрлық құралдардың тек ақпаратты өңдеу мен ұсыну қызметін атқарып қана қоймай, білім беру үдерісіне қатысушылар арасындағы өзара байланыс пен ынтымақтастықты күшейтетін тиімді механизм екендігі атап көрсетіледі. Мұндай технологияларды пайдалану оқыту тәсілдерін жетілдіруге, оқушылардың оқу әрекетіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді[5].

Жасанды интеллект дегеніміз адамның интеллектуалдық қабілеттерін имитациялайтын және ақпаратты өңдеу, білімді меңгеру, талдау, пайымдау, тілдік өзара әрекеттесу мен шешім қабылдау функцияларын орындай алатын интеллектуалды компьютерлік жүйелердің жиынтығын түсінеміз.

Білім беруде қолданылатын жасанды интеллекттің түрлері: 1) Adaptive learning systems- білім беруге бейімделген интеллектуалды жүйелер; 2) AI tutors - виртуалды ассистенттер мен чат-боттар; 3) AI-based simulations- симуляциялық және модельдеу жүйелері; 4) Learning analytics - деректерді талдау мен бағалау жүйелері; 5) Generative AI- білім беру контентін генерациялайтын ЖИ жүйелері.

Физика пәнін оқыту барысында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда оқу эксперименттерінің маңызы ерекше. Демонстрациялық тәжірибелер, фронтальды зертханалық жұмыстар, эксперименттік тапсырмалар, қолдан жасалатын құралдар және үй жағдайында орындалатын эксперименттер оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, мұндай тәжірибелік жұмыстар оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады. Физикалық эксперименттерді орындау кезінде жасанды интелект қолдану бақылау жүргізу, құбылыстарды бейнелі түрде қабылдау және алынған нәтижелерді талдау мен жалпылау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді [6].

Физиканы оқыту барысында теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру оқушылардың оқу материалын терең меңгеруіне ықпал етеді. Осы тұрғыда жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы физикалық құбылыстарды модельдеу, бақылау және қайта жаңғырту оқушылардың білімін бекітудің тиімді тәсілі болып табылады. Оқушылар құбылыстарды өз бетінше зерттеп, олардың жүру заңдылықтарын тәжірибе жүзінде көрген кезде, алынған ақпарат ұзақ уақыт есте сақталады. Сонымен қатар, физикалық процестердің көрнекі түрде ұсынылуы мен практикалық қолданылуы пәнге деген қызығушылықты арттырады. Оқушылар физикалық заңдардың техникада, өндірісте және күнделікті өмірде қолданылу аясын түсіну арқылы функционалдық сауаттылығын дамытып қана қоймай, физика пәнінің маңыздылығын тереңірек сезінеді [7].

Зерттеу әдіснамасы

Оқушылардың физика пәніне деген қызығушылығын арттырумен қатар, олардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында эксперименттік тапсырмаларды жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып ұйымдастыруға болады.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған төмендегідей эксперименттік тапсырмалар ұсынылады.

7-сыныпта «Атмосфералық қысым. Атмосфералық қысымды өлшеу» тақырыбын оқытуда жасанды интелект арқылы атмосфералық қысымды анықтау экспериментін https://foxar.education/ платформасы арқылы көрсетуге болады (1-сурет). Бұл эксперимент арқылы оқушыларға қысым күшінің ауданға қалай тәуелді болатыны көрсетіледі.



Сурет1. Атмосфералық қысымды анықтау эксперименті

Тақырыпты бекіту мақсатында оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын қалыптастыруға арналғанкелесі жағдаяттық тапсырмаларды ұсынуға болады:

1- тапсырма. Мыжылған бөтелке. Оқушы ыстық сумен шайылған пластик бөтелкенің қақпағын мықтап жауып қояды. Біраз уақыттан кейін бөтелкенің қабырғалары ішке қарай майысып қалғаныбайқалады.

Сұрақтар:

1. Бөтелкенің пішіні неліктен өзгерді?

2. келесі келтірілген тұжырымдардың қайсысы дұрыс: а) бөтелке ішіндегі ауа қысымы артты; ә) бөтелке ішіндегі ауа қысымы азайды; б) атмосфералық қысым азайды; в) бөтелке массасы өзгерді.

3. Егер бөтелкенің қақпағы жабылмаса, дәл осындай құбылыс байқалар ма еді? Жауабыңызды түсіндіріңіз.

2-тапсырма. Жасанды өкпе. Оқушылар пластик бөтелке мен шардан өкпенің жұмысын модельдеді. Бөтелке түбіндегі резеңке қабық төмен тартылғанда ішкі шар үрленді, ал жоғары басылғанда шар кішірейді (2-сурет).



Сурет 2. «Жасанды өкпе» тәжірибесі

Сұрақтар:

1. Бұл модельде бөтелке, шар және резеңке қабық адам ағзасының қандай бөліктерін бейнелейді?

2. Шардың үрлену себебін қысым ұғымын пайдаланып түсіндіріңіз.

3. Адам терең дем алған кезде көкет (диафрагма) қандай бағытта қозғалады?

4. Бұл модельдің артықшылықтары мен шектеулерін атаңыз.

3-тапсырма. Ауа шары: мерекелік шарада әртүрлі пішіндегі ауа шарлары пайдаланылды. Кейбіреулері шар тәрізді болса, кейбіреулері ұзынша болды.

Сұрақтар:

1. Үрленген шардың ішіндегі газ қысымы қалай таралады?

2. Неліктен ауа бір бағыттан үрленсе де, шар барлық бағытта ұлғайды?

3. Газдардың қандай қасиеттері осы тәжірибеде байқалады?

4-тапсырма. Сабын көпіршігі. Оқушы сабынды ерітіндіні түтікше арқылы үрлеп көпіршік жасап, оның әрқашан шар тәрізді болатынын байқады.

Сұрақтар:


1. Сабын көпіршігінің шар пішінді болуының негізгі себебі неде?

2. Неліктен көпіршік куб немесе цилиндр тәрізді болмайды?

3. Сабын қабығындағы күштердің әсерін түсіндіріңіз.

4. Осы құбылыстың табиғаттағы немесе техникадағы қолданылуына мысал келтіріңіз.

5-тапсырма. Картезиандық сүңгуір. Оқушылар суға толтырылған бөтелкенің ішіне қалқыма орналастырды. Бөтелкені қысқанда қалқыма төмен түсіп, қысымды азайтқанда қайта жоғары көтерілді (3-сурет).



Сурет 3. «Картезиандық сүңгуір» тәжірибесі

Сұрақтар:

1. Қалқыманың төмен түсу себебін түсіндіріңіз.

2. Бөтелкені қысқанда қалқыманың ішіндегі ауа көлемі қалай өзгереді?

3. Неліктен қалқыманың тығыздығы артады?

4. Бұл тәжірибе қандай физикалық заңдарды түсіндіруге мүмкіндік береді?

6-тапсырма. Шам және ауа шары. Оқушы жанған шамды төңкерілген стақанның ішінде ұстап, содан кейін стақанды үрленген ауа шарының үстіне орналастырады. Біраз уақыттан кейін шардың пішіні өзгергені байқалады.

Сұрақтар:

1. От сөнгеннен кейін стақан ішіндегі қысым неліктен төмендейді?

2. Атмосфералық қысым бұл тәжірибеде қандай рөл атқарады?


3. Егер тәжірибе үлкенірек стақанмен орындалса, нәтиже қалай өзгеруі мүмкін? Болжам жасаңыз және түсіндіріңіз.

Физика пәнін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған жағдаяттықтапсырмалардыжүйелі түрде қолданса, бұл оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын арттырып, олардың жан-жақты дамуына оң әсер етеді. Мұндай жұмыстар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге, стандартты емес ойлау дағдыларын қалыптастыруға және интеллектуалдық

белсенділігін дамытуға, бастысы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда мүмкіндік береді [8].

Оқушыларға 7-сыныптың «Кішкентай денелердің өлшемін анықтау» тақырыбындағы №1 зертханалық жұмысын орындатуда жасанды интелектінің мүмкіндігіне сүйенуге болады. Ол үшін https://efizika.ru/html5/266/index.html платформасын қолдануға болады. Жұмыста өлшеу құралы ретінде сызғыш алынады. Алайда сызғыштың көмегімен өте кішкентай дененің, мысалы, бір тары дәнінің өлшемін тікелей және дәл анықтау мүмкін емес. Егер сызғышты бір ғана дәнге жақындатып өлшейтін болсақ, оның диаметрі 1 мм-ден үлкен, бірақ 2 мм-ден кіші екенін ғана шамамен айтуға болады. Мұндай өлшеу әдісі жоғары дәлдікті қамтамасыз етпейді.

Өлшеу дәлдігін арттыру үшін бірнеше бірдей дәндерді бір қатарға, араларында бос орын қалдырмай орналастыру қажет. Осылайша дәндер қатарының жалпы ұзындығы (L) (мм) өлшенеді. Дәндердің өлшемдері шамамен бірдей деп есептелетіндіктен, бір дәннің диаметрін анықтау үшін қатардың жалпы ұзындығын (L) оны құрайтын дәндер санына (N) бөлу жеткілікті (4-сурет).



Сурет 4. «Кішкентай денелердің өлшемін анықтау» эксперименті

Енді осы «Кішкентай денелердің өлшемін анықтау» тақырыбында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған келесі практикалық жағдаяттық тапсырмаларды ұсынуға болады https://seninvg07.narod.ru/004_fiz_lab.htm .

1-тапсырма. Ұсақ денелердің көлемін анықтау. Оқушыларға көлемдері бірдей 200 дана ұсақ түйіршік берілді. Бір түйіршіктің көлемі өте кішкентай болғандықтан, оны тікелей өлшеу мүмкін болмады. Сондықтан оқушылар мензуркаға 50 мл су құйып, барлық 200 түйіршікті суға салды. Нәтижесінде су деңгейі 60 мл-ге дейін көтерілді.

Оқушылар осы практикалық жағдаяттық тапсырманы орындап келесі сұрақтарға жауап береді.

Сұрақтар:

1. Түйіршіктерді суға салғаннан кейін судың деңгейі неге көтерілді?
2. Барлық түйіршіктердің жалпы көлемін қалай анықтауға болады?
3. Бір түйіршіктің көлемін есептеңіз.
4. Неліктен тәжірибені орындауда бір түйіршіктің орнына 200 түйіршік қолданылды?
5. Егер түйіршіктер саны 400 болса және су деңгейі 70 мл-ге дейін көтерілсе, бір түйіршіктің көлемі өзгерер ме еді? Жауабын түсіндіріңіз.
6. Әртүрлі ұсақ денелердің көлемін анықтау үшін қандай физикалық әдіс қолданылады?
7. Бұл әдісті күнделікті өмірде немесе өндірісте қандай заттардың көлемін анықтау үшін пайдалануға болады? Мысал келтіріңіз.

2-тапсырма. CD-дискінің көлемін анықтау. Оқушыларға CD-дискінің көлемін анықтау тапсырылды. Зерттеу жүргізу үшін оларға миллиметрлік қағаз және 10 дана CD-диск берілді. Дискінің көлемін анықтау үшін алдымен оның тесігін есептемегендегі ауданын және

қалыңдығын табу қажет болды. Оқушылар дискіні миллиметрлік қағазға орналастырып, сыртқы шекарасын белгілеп, диаметрін өлшеді. Нәтижесінде дискінің диаметрі 12 см екені анықталды. Сондай-ақ ортасындағы тесіктің диаметрі 1,4 см болды. Кейін олар 10 дискіні қатар қойып, жалпы қалыңдығының 1,3 см екенін анықтады https://seninvg07.narod.ru/004_fiz_lab.htm.

Оқушыларға осы практикалық жағдаяттық тапсырманы орындаған соң келесі сұрақтарға жауап берулері ұсынылады.


Сұрақтар:

1. Неліктен дискінің ауданын есептеу кезінде үлкен шеңбердің ауданынан ортасындағы тесіктің ауданын азайту қажет?
2. Дискінің сыртқы радиусын және тесіктің радиусын анықтаңыз.
3. Дискінің тесігін есептемегендегі ауданын есептеңіз.
4. Бір CD-дискінің қалыңдығын және көлемін анықтаңыз.
5. Егер дискінің ортасында тесік болмаса, оның көлемі қалай өзгерер еді?
6. Неліктен бір дискінің қалыңдығын емес, 10 дискінің жалпы қалыңдығын өлшеген тиімді?
7. Осындай әдіспен көлемін анықтауға болатын күнделікті тұрмыста кездесетін тағы қандай заттарды атауға болады? Мысалдар келтіріңіз.

Оқушылар күрделі пішінді денелердің көлемін анықтау үшін геометриялық білімдерін қолданады, тәжірибелік өлшеулер жүргізеді, алынған мәліметтерді талдайды және қорытынды жасайды [9].

Оқушыларға «Тұрақты электр тогы» тарауын меңгерту барысында электр тізбегінің құрылысын және тұрақты токтың пайда болу шарттарын көрнекі түрде түсіндіру маңызды. Осы мақсатта үшөлшемді (3D) интерактивті модельдерді пайдалану оқыту үдерісінің тиімділігін арттырады. Мұндай модельдер қысқа уақыт ішінде іске қосылады, пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етеді және оқушыларға электр тізбегінің элементтерімен өздігінен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, оқушылар қажетті құрылғыларды таңдап, оларды тізбекке қосу немесе басқа элементтермен алмастыру арқылы әртүрлі тәжірибелік жағдайларды модельдей алады.


Электр тогының пайда болуын және электр тізбегінің жұмыс істеу принципін түсіндіру үшін интерактивті оқыту ресурстарының бірі ретінде Corinth 3D платформасындағы модельді қолдануға болады (5-сурет) [10]. Бұл модель электр тізбегінің негізгі құрамдас бөліктерін зерттеуге, олардың өзара байланысын бақылауға және тұрақты токтың пайда болу механизмін көрнекі түрде түсінуге мүмкіндік береді.



Сурет 5. «Тұрақты электр тогы» тарауын оқытуда 3D модельдерді қолдану

3D модельдерді қолдану арқылы оқушылар электр тізбегінің элементтерін өзара байланыстырып, тұрақты электр тогын алу үдерісін тәжірибелік тұрғыдан бақылай алады. Бұл оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын қалыптастырады. Модель электр тізбегін кезең-кезеңімен құрастыруға мүмкіндік беретіндіктен, оқушылар оның жұмыс істеу принципін көрнекі түрде меңгереді.

Бағдарламаның ерекшеліктерінің бірі – экранның арнайы бөлігінде тізбек құрамына кіретін құрылғылардың атауларының көрсетілуі. Кез келген атауды таңдаған кезде сәйкес элемент модельде ерекшеленіп белгіленеді және оның тізбектегі орналасу орны көрсетіледі (6-сурет). Мұндай интерактивті мүмкіндік оқушылардың электр тізбегінің құрамдас бөліктерін тануына, олардың атауларын дұрыс меңгеруіне және ұзақ уақыт есте сақтауына ықпал етеді [11].



Сурет 6. Тұрақты электр тоғын алу 3D моделі

1-тапсырма. Электр тізбегінің кедергісін анықтау. Оқушы виртуалды 3D моделі көмегімен электр тізбегін құрастырды. Тәжірибені орындау барысында амперметр 0,5 А, ал вольтметр 6 В көрсетті. Оқушы $R = \frac{U}{I}$ Ом заңын қолданып тізбек бөлігінің кедергісін анықтауы керек [12].

Нәтижесінде оқушылар осы практикалық жағдаяттық тапсырманы орындап келесі сұрақтарға жауап берулері керек.

Сұрақтар:

1. Амперметр мен вольтметрдің көрсеткіштерін қолданып, тізбек бөлігінің кедергісін есептеңіз.

2. Ом заңы бойынша ток күші, кедергі және кернеу арасында қандай байланыс бар? Егер тізбектегі ток күшін екі есе арттырып, кедергі өзгеріссіз қалдырса, онда кернеу қалай өзгереді?

3. Электр тізбегінің кедергісін анықтау үшін неліктен амперметр мен вольтметр қолданылады?

4. Электр құрылғыларын пайдалануда кедергінің жоғары немесе төмен болуы қандай жағдайларда маңызды рөл атқарады? Мысал келтіріңіз.

Оқушылар электр тізбегінің кедергісін Ом заңын қолдана отырып анықтайды, өлшеу құралдарының қызметін түсіндіреді және электр тізбектерінің жұмысын талдайды[13].

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу жұмысын орындау барысында мектепте физиканы оқытудажасанды инттелектінің мүмкіндіктеріне сүйену оқушылармен мұғалімдер үшін қаншалықты тиімді болғанын анықтау мақсатындамұғалімдер арасында сауалнама жүргізілді. Мұғалімдер арасында сауалнама жүргізу кезінде төмендегі сұрақтар қойылды:

1. Виртуалды эксперименттердің орындалуы сіздерге қаншалықты қиындық туғызды?

2. Эксперименттік тапсырмаларды орындауда жасанды инттелект қолдану оқушылардың назарын аудара алды ма?


3. Жасанды инттелектқолдану оқушыларды физикалық құбылысты түсінуіне септігін тигізе алды ма?

4. Виртуалды эксперименттерді қолдану оқушыларды физикалық құбылысты түсінуіне септігін тигізе алды ма?

Мұғалімдер арасында жүргізілген сауалнама нұсқалары келесі түрге жіктелді (7-8 суреттер):

1-сауалнама бойынша: А нұсқасы – қиындықтар туындаған жоқ; В нұсқасы – қиындықтар болды, бірақ ол оқу сапасына кері әсерін тигізген жоқ; С нұсқасы – әдістемені қолдану тиімділігі төмен немесе күмәнді деп бағаланды (7-сурет, а).

2-сауалнама бойынша: А нұсқасы –оқушылардың назарын толық аударды; В нұсқасы – оқушылардың назарын аударды, кейбір қиындықтар болды; С нұсқасы –әдістемені қолдану тиімділігі төмен (7-сурет, ә).




а) *ә)*

Сурет 7. Сауалнама нәтижелері

3-сауалнама бойынша: А нұсқасы – Физикалық құбылыстарды түсінуде қиындықтар туындаған жоқ; В нұсқасы – Кейбір қиындықтар болды, бірақ олар материалды меңгеруге кедергі келтірген жоқ; С нұсқасы – АКТ-ны қолданудың физикалық құбылыстарды түсінуге әсері төмен (8-сурет, а).

4-сауалнама бойынша: А нұсқасы – Физикалық құбылыстарды түсінуде қиындықтар туындаған жоқ; В нұсқасы – Кейбір қиындықтар болды, бірақ олар оқу сапасына кері әсер еткен жоқ; С нұсқасы – Жасанды интеллектінің мүмкіндіктеріне сүйену тиімділігі төмен немесе күмәнді деп бағаланды (8-сурет, ә).



а) *ә)*

Сурет 8. Сауалнама нәтижелері

Сауалнаманың нәтижелерін 7-8 суреттердегі диаграммалардан қарай отырып, С нұсқасы жауабының мүлде болмағанын, яғни жасанды интеллектінің мүмкіндіктеріне сүйену мұғалім үшін тиімді болғанын көруге болады.

Дискуссия

Зерттеу нәтижелері физика сабақтарында жасанды интеллектіні қолданып, виртуалды эксперименттерді және 3D модельдерді қолдану оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға оң ықпал ететінін көрсетті. Мұғалімдер арасында жүргізілген сауалнамада әдістеменің тиімділігін төмен немесе күмәнді деп бағалаған жауаптардың болмауы ұсынылған тәсілдердің білім беру үдерісінде қолдануға қолайлы екенін аңғартады. Сауалнамада

мұғалімдердің басым бөлігі виртуалды эксперименттерді орындау барысында елеулі қиындықтардың туындамағанын және аталған құралдардың оқушылардың назарын сабақ мазмұнына аударуға мүмкіндік бергенін атап өтті.

Алынған нәтижелерді оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығына қойылатын талаптар тұрғысынан қарастырғанда, виртуалды тәжірибелер мен жағдаяттық тапсырмалар бірнеше маңызды құзыреттілікті қатар дамытуға жағдай жасайтыны байқалады. Оқушылар физикалық құбылысты бақылап қана қоймай, оның пайда болу себептерін түсіндіреді, қажетті формулаларды қолданады, өлшеу нәтижелерін талдайды және ғылыми дәлелдер негізінде қорытынды жасайды.

Зерттеу нәтижелерін бағалау кезінде бірқатар шектеулерді де назарға алған жөн. Зерттеу қорытындылары негізінен мұғалімдер арасында жүргізілген сауалнамаға сүйенеді және олардың кәсіби пікірлерін сипаттайды. Сондықтан ұсынылған әдістеменің оқушылардың оқу жетістіктеріне тікелей әсерін нақтылау үшін алдағы зерттеулерде эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерін салыстыру, оқушылардың бастапқы және қорытынды білім деңгейін анықтау, сондай-ақ функционалдық сауаттылық көрсеткіштерінің өзгерісін сандық тұрғыдан бағалау қажет.

Осылайша, зерттеу барысында ұсынылған виртуалды эксперименттер, 3D модельдер және практикалық жағдаяттық тапсырмалар теориялық білімді өмірлік жағдайлармен байланыстыруға мүмкіндік береді. Оларды дәстүрлі оқыту әдістерімен үйлестіріп, жүйелі әрі мақсатты қолдану оқушылардың физикалық құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіру, ақпаратты талдау, есептеу жүргізу, дәлелді қорытынды жасау және алған білімін практикада қолдану қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Қорытынды

Физикадан оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда ЖИ-ді қолдану – білім беру үдерісін жетілдірудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. Физиканы оқытуда жасанды интеллектінің мүмкіндігіне сүйену оқушыларға алған білімдерін нақты өмірде қолдана алу қабілетін қалыптастыруға бағытталған, сондай-ақ олардың аналитикалық ойлау, мәселелерді шешу дағдыларын дамытуды, олардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды көздейді. ЖИ-і соның ішінде виртуалды эксперименттерді, интерактивті платформалардың және мультимедиа ресурстарының көмегімен білім беру оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, сонымен қатар олардың функционалдық сауаттылығын да қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, виртуалды эксперименттер оқушылардың білімдерін тереңдетуге септігін тигізеді.

Жалпы, физикадан оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда ЖИқолдану білім беру сапасын арттыруға және оқушылардың кәсіби өмірінде табысты болуына ықпал етеді. Қорытындылай келе, физиканы оқытуда ЖИ-нің мүмкіндіктерін кеңінен қолдану оқушылардың білім сапасын арттыруға және олардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға ықпал етеді деген тұжырым жасауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

[1] Постановление Правительства Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 988 «Об утверждении Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2020–2025 годы» [Электронный ресурс]. – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000988 (дата обращения: 10.05.2026).

[2] Джадрина М. Д. Содержание школьного образования в Казахстане: новые перспективы // Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки». – 2014. – № 3 (43). – С. 14–23. – URL: https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/ru/article/view/72 (дата обращения: 08.04.2026).

[3] Сейсова А. Б., Хамзина Ш. Ш., Муканова Р. Ж. Применение проблемного подхода при формировании функциональной грамотности в специализированных школах // Вестник КазНПУ имени

Абая. Серия «Педагогические науки». – 2024. – № 3 (83). – С. 381–390. – DOI: https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.83.3.034.

[4] Бондарева С. А., Петросова Е. В., Веремейцева Т. И. Формирование функциональной грамотности на уроках физики // Вестник науки. – 2024. – № 6 (75). – С. 725–730. – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-funktsionalnoy-gramotnosti-na-urokah-fiziki (дата обращения: 08.04.2026).

[5] Crompton H., Burke D. Artificial intelligence in higher education: the state of the field // International Journal of Educational Technology in Higher Education. – 2023. – Vol. 20. – Article 22. – DOI: https://doi.org/10.1186/s41239-023-00392-8.

[6] Абдуллаева Г. Ф. Формирование функциональной грамотности учащихся на уроках физики // Вестник Казанского государственного педагогического университета. – 2018. – С. 70–74. – URL: https://www.elibrary.ru/item.asp?edn=yrhppb (дата обращения: 11.03.2026).

[7] Deta U. A., Ayun S. K., Laila L., Prahani B. K., Suprapto N. PISA science framework 2018 vs 2025 and its impact in physics education: Literature review // Momentum: Physics Education Journal. – 2024. – Vol. 8, no. 1. – P. 95–107. – DOI: https://doi.org/10.21067/mpej.v8i1.9215.

[8] Li Y., Guo M. Scientific literacy in communicating science and socio-scientific issues: Prospects and challenges // Frontiers in Psychology. – 2021. – Vol. 12. – Article 758000. – DOI: https://doi.org/10.3389/fpsyg.2021.758000.

[9] Agussuryani Q., Sudarmin S., Sumarni W., Cahyono E., Ellianawati E. STEM literacy in growing vocational school student HOTS in science learning: A meta-analysis // International Journal of Evaluation and Research in Education. – 2022. – Vol. 11, no. 1. – P. 51–60. – DOI: https://doi.org/10.11591/ijere.v11i1.21647.

[10] Khoiri A. Meta-analysis study: Effect of STEM (Science, Technology, Engineering and Mathematics) towards achievement // Formatif: Jurnal Ilmiah Pendidikan MIPA. – 2019. – Vol. 9, no. 1. – P. 71–82. – DOI: https://doi.org/10.30998/formatif.v9i1.2937.

[11] Tunggyshbay M., Balta N., Admiraal W. Flipped classroom strategies and innovative teaching approaches in physics education: A systematic review // Eurasia Journal of Mathematics, Science and Technology Education. – 2023. – Vol. 19. – DOI: https://doi.org/10.29333/ejmste/13258.

[12] Thornhill-Miller B., Camarda A., Mercier M., Burkhardt J.-M., Morisseau T., Bourgeois-Bougrine S., Vinchon F., El Hayek S., Augereau-Landais M., Mourey F., Feybesse C., Sundquist D., Lubart T. Creativity, critical thinking, communication, and collaboration: Assessment, certification, and promotion of 21st century skills for the future of work and education // Journal of Intelligence. – 2023. – Vol. 11, no. 3. – Article 54. – DOI: https://doi.org/10.3390/jintelligence11030054.

[13] Courtney M., Karakus M., Ersozlu Z., Nurumov K. The influence of ICT use and related attitudes on students' math and science performance: Multilevel analyses of the last decade's PISA surveys // Large-scale Assessments in Education. – 2022. – Vol. 10. – Article 8. – DOI: https://doi.org/10.1186/s40536-022-00128-6.

References

[1] Postanovlenie Pravitelstva Respubliki Kazakhstan ot 27 dekabrya 2019 goda № 988 «Ob utverzhdenii Gosudarstvennoi programmy razvitiya obrazovaniya i nauki Respubliki Kazakhstan na 2020–2025 gody» [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 2019, No. 988 "On Approval of the State Program for the Development of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2020–2025"] [Electronic resource]. Available at: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000988 (accessed: 10.05.2026). (In Russian)

[2] Dzhadrina M. D. Soderzhanie shkolnogo obrazovaniya v Kazakhstane: novye perspektivy [The content of school education in Kazakhstan: New perspectives]. Vestnik KazNU. Seriya «Pedagogicheskie nauki» [Journal of Educational Sciences], 2014, no. 3 (43), pp. 14–23. Available at: https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/ru/article/view/72 (accessed: 08.04.2026). (In Russian)

[3] Seisova A. B., Khamzina Sh. Sh., Mukanova R. Zh. Primenenie problemnogo podkhoda pri formirovanii funktsionalnoi gramotnosti v spetsializirovannykh shkolakh [Application of a problem-based approach in developing functional literacy in specialized schools]. Abai atyndagy KazUPU-nin Khabarshysy. «Pedagogika gylymdary» seriyasy [Bulletin of Abai KazNPU. Series of Pedagogical Sciences], 2024, no. 3 (83), pp. 381–390. DOI: https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.83.3.034. (In Russian)

[4] Bondareva S. A., Petrosova E. V., Veremeitseva T. I. Formirovanie funktsionalnoi gramotnosti na urokakh fiziki [Development of functional literacy in physics lessons]. Mezhdunarodnyi nauchnyi zhurnal «Vestnik nauki» [International Scientific Journal "Bulletin of Science"], 2024, no. 6 (75), pp. 725–730. Available at: https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-funktsionalnoy-gramotnosti-na-urokah-fiziki (accessed: 08.04.2026). (In Russian)

[5] Crompton H., Burke D. Artificial intelligence in higher education: The state of the field. International Journal of Educational Technology in Higher Education, 2023, vol. 20, article 22. DOI: https://doi.org/10.1186/s41239-023-00392-8.

[6] Abdullaeva G. F. Formirovanie funktsionalnoi gramotnosti uchashchikhsya na urokakh fiziki [Development of students' functional literacy in physics lessons]. Vestnik Kazanskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta [Bulletin of Kazan State Pedagogical University], 2018, pp. 70–74. Available at: https://www.elibrary.ru/item.asp?edn=yrhppb (accessed: 11.03.2026). (In Russian)

[7] Deta U. A., Ayun S. K., Laila L., Prahani B. K., Suprapto N. PISA science framework 2018 vs 2025 and its impact in physics education: Literature review. Momentum: Physics Education Journal, 2024, vol. 8, no. 1, pp. 95–107. DOI: https://doi.org/10.21067/mpej.v8i1.9215.

[8] Li Y., Guo M. Scientific literacy in communicating science and socio-scientific issues: Prospects and challenges. Frontiers in Psychology, 2021, vol. 12, article 758000. DOI: https://doi.org/10.3389/fpsyg.2021.758000.

[9] Agussuryani Q., Sudarmin S., Sumarni W., Cahyono E., Ellianawati E. STEM literacy in growing vocational school student HOTS in science learning: A meta-analysis. International Journal of Evaluation and Research in Education, 2022, vol. 11, no. 1, pp. 51–60. DOI: https://doi.org/10.11591/ijere.v11i1.21647.

[10] Khoiri A. Meta-analysis study: Effect of STEM (Science, Technology, Engineering and Mathematics) towards achievement. Formatif: Jurnal Ilmiah Pendidikan MIPA, 2019, vol. 9, no. 1, pp. 71–82. DOI: https://doi.org/10.30998/formatif.v9i1.2937.

[11] Tunggyshbay M., Balta N., Admiraal W. Flipped classroom strategies and innovative teaching approaches in physics education: A systematic review. Eurasia Journal of Mathematics, Science and Technology Education, 2023, vol. 19. DOI: https://doi.org/10.29333/ejmste/13258.

[12] Thornhill-Miller B., Camarda A., Mercier M., Burkhardt J.-M., Morisseau T., Bourgeois-Bougrine S., Vinchon F., El Hayek S., Augereau-Landais M., Mourey F., Feybesse C., Sundquist D., Lubart T. Creativity, critical thinking, communication, and collaboration: Assessment, certification, and promotion of 21st century skills for the future of work and education. Journal of Intelligence, 2023, vol. 11, no. 3, article 54. DOI: https://doi.org/10.3390/jintelligence11030054.

[13] Courtney M., Karakus M., Ersozlu Z., Nurumov K. The influence of ICT use and related attitudes on students' math and science performance: Multilevel analyses of the last decade's PISA surveys. Large-scale Assessments in Education, 2022, vol. 10, article 8. DOI: https://doi.org/10.1186/s40536-022-00128-6.

ҒТАХР 14.35.07

https://doi.org/10.51889/2959-5894.2026.95.3.029

Ш.Т. Шекербекова[1], Ү.Қ. Базарбаева[1*], Б.Б. Қалданов[1]

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[*]*e-mail: umit.kuan@bk.ru*

БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН АҚПАРАТТЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІ ОҚЫТУҒА ДАЙЫНДАУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ НЕГІЗІНДЕГІ ИНФОГРАФИКАНЫ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Мақалада болашақ информатика мұғалімдерін ақпараттық үдерістерді оқытуға жасанды интеллект негізіндегі инфографиканы қолдану арқылы дайындау әдістемесі ұсынылады. «Көрнекілік», «визуализация», «инфографика» және жасанды интеллект негізіндегі инфографика ұғымдарының арақатынасы нақтыланып, инфографиканың дидактикалық функциялары айқындалды. Негізгі жасанды интеллект негізіндегі инфографика платформалары (ChatGPT, Gemini, Copilot, Canva Magic Studio, Piktochart AI, Venngage, Napkin AI, код негізіндегі визуализация), инфографиканың мүмкіндіктері, артықшылықтары мен кемшіліктері және «Ақпараттық үдерістер» тақырыбына сәйкестігі бойынша салыстырылды. Зерттеу барысында төрт компонентті дайындау әдістемесі, тапсырмалар жүйесі және жасанды интеллект міндетті мазмұндық тексерумен үйлестіретін инфографика жасаудың алты кезеңді үлгісі әзірленді. Экспериментке 6В01507 Информатика білім беру бағдарламасының 64 студенті (болашақ информатика мұғалімдері) және 18 мектеп мұғалімі қатысты. Нәтижелер платформаларды оқу мақсатына сай гибридті үйлестіру және мұғалімнің сараптамалық бақылауы жағдайында жасанды интеллект негізіндегі инфографиканы қолданудың орындылығын көрсетеді.

Түйін сөздер: оқу ақпаратын визуализациялау, көрнекілік, инфографика, ақпараттық үдерістер, болашақ информатика мұғалімі, жасанды интеллект, жасанды интеллект негізіндегі инфографика, жасанды интеллект негізіндегі платформалар.

Ш.Т. Шекербекова[1], У.К. Базарбаева[1], Б.Б. Калданов[1]
[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОГРАФИКИ НА ОСНОВЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА ПРИ ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ИНФОРМАТИКИ К ОБУЧЕНИЮ ИНФОРМАЦИОННЫМ ПРОЦЕССАМ

Аннотация

В статье предлагается методика подготовки будущих учителей информатики к обучению информационным процессам с использованием инфографики на основе искусственного интеллекта (ИИ-инфографики). Уточнено соотношение понятий «наглядность», «визуализация», «инфографика» и «ИИ-инфографика», определены дидактические функции инфографики. Основные платформы ИИ-инфографики (ChatGPT, Gemini, Copilot, Canva Magic Studio, Piktochart AI, Venngage, Napkin AI, визуализация на основе кода) сопоставлены по инфографическим возможностям, преимуществам и недостаткам, а также соответствию теме «Информационные процессы». Разработаны четырёхкомпонентная методика подготовки, система заданий и шестиэтапная модель создания инфографики, сочетающая использование ИИ с обязательной содержательной проверкой. В эксперименте приняли участие 64 студента (будущие учителя информатики) образовательной программы 6В01507 Информатика и 18 школьных учителей. Результаты подтверждают целесообразность применения ИИ-инфографики при гибридном сочетании платформ в соответствии с учебной целью и экспертном контроле учителя.

Ключевые слова: визуализация учебной информации, наглядность, инфографика, информационные процессы, будущий учитель информатики, искусственный интеллект, инфографика на основе искусственного интеллекта, платформы ИИ-инфографики.

Sh.T. Shekerbekova[1], U.K. Bazarbayeva[1], B.B. Kaldanov[1]
[1]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

USING AI-BASED INFOGRAPHICS TO PREPARE FUTURE INFORMATICS TEACHERS TO TEACH INFORMATION PROCESSES

Abstract

The article proposes a methodology for preparing future computer science teachers to teach information processes using AI-based infographics. The relationship between the concepts of "visual aids", "visualization", "infographics" and "AI-based infographics" is clarified, and the didactic functions of infographics are identified. The main AI infographic platforms (ChatGPT, Gemini, Copilot, Canva Magic Studio, Piktochart AI, Venngage, Napkin AI and code-based visualization) are compared in terms of their infographic capabilities, advantages, limitations and suitability for the topic "Information Processes". A four-component training methodology, a system of tasks and a six-stage model for creating infographics that combines AI use with mandatory content verification were developed. The experiment involved 64 students (future computer science teachers) of the 6B01507 Informatics programme and 18 schoolteachers. The results confirm the feasibility of AI-based infographics when platforms are combined in a hybrid way according to the learning goal and the teacher exercises expert control.

Keywords: visualization of educational information, visual aids, infographics, information processes, pre-service computer science teacher, artificial intelligence, AI-based infographics, AI infographic platforms.

Кіріспе

Қазіргі қоғамның трансформациялануы жағдайында білім беру жүйесін заманауи талаптарға сай бейімдеу мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналды. Осы тұрғыда, Қазақстан Республикасында 2023–2029 жылдарға арналған мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасында білім беру үдерісін цифрландыру, сапалы цифрлық ресурстарды әзірлеу және кәсіби құзыреттілігін арттыру басым бағыт ретінде белгіленген [1]. Аталған міндеттерді іске асыру білім беру ортасын технологиялық тұрғыдан жаңартумен қатар, болашақ информатика мұғалімдерін дайындау мазмұны мен әдістерін жетілдіруді талап етеді.

Қазіргі цифрлық білім беру кеңістігінде білім алушылар ақпараттың үлкен көлемімен жұмыс істейді, бұл қажетті мәліметтерді анықтау, сұрыптау және жүйелеу үдерістерін күрделендіреді. Әсіресе, ақпараттың көлемді мәтін түрінде ұсынылуы оны қабылдау мен түсінуге кедергі келтіруі мүмкін. Осыған орай, білім беру үдерісінде «*қандай ақпаратты беру керек»* деген сұрақпен қатар *«оны қалай ұсыну керек»* деген мәселе өзекті болып отыр [2]. Бұл мәселені шешу ақпаратты визуалды модельдеу, құрылымдау және көрнекі түрде ұсыну құралдарын мақсатқа сай қолдануды қажет етеді.

Я.А. Коменский, И.Г. Песталоцци және К.Д. Ушинскийдің еңбектерінде негізделген көрнекілік принципі цифрлық білім беру жағдайында жаңа мазмұнмен толығып, оқу ақпаратын құрылымдау, мазмұндық байланыстарын айқындау және оны визуалды құралдар арқылы түсінікті ұсыну тәсілі ретінде дамып келеді [1]. Ақпараттық үдерістер мектеп информатикасы курсының негізгі мазмұндық бағыттарының бірі болып саналады және оларды оқытудың әдістемелік ерекшеліктері ғылыми еңбектерде қарастырылған [3]. Атап айтқанда, ақпаратты беру үдерісінің К. Шеннон ұсынған байланыс моделіне негізделуі оның құрылымын сызбалар мен визуалды құралдар арқылы түсіндіруге қолайлы жағдай жасайды. Болашақ информатика мұғалімдерін цифрлық технологияларды қолдануға дайындаудың теориялық негіздерінің бірі – пәндік білімді, педагогикалық тәсілдерді және технологиялық құралдарды өзара ұштастыратын TPACK моделі. Генеративті жасанды интеллекттің дамуымен аталған модель болашақ информатика мұғалімінің ЖИ технологияларының әлеуеті мен шектеулерін сыни тұрғыдан талдау қабілетін қамтитын құзыреттіліктермен толықтырыла түседі [4, 5]. Жоғары білім беру саласындағы ЖИ-ге қатысты зерттеулердің басым бөлігі оның технологиялық мүмкіндіктерін қарастыруға бағытталғанымен, оны оқу үдерісінде қолданудың педагогикалық негіздері жеткілікті деңгейде ашылмаған [6]. Сонымен қатар,

үлкен тілдік модельдер оқу материалдарын әзірлеуде кең мүмкіндіктер ұсынғанымен, мазмұн жасауда тәуекелдер де кездеседі [7]. Осылайша, жасанды интеллектті (ЖИ) болашақ информатика мұғалімдерін дайындау үдерісіне енгізу оның нақты пәндік мазмұнмен сабақтастығы қамтамасыз етілген жағдайда ғана нәтижелі болады. Дегенмен, болашақ информатика мұғалімдерін ақпараттық үдерістерді оқытуға дайындау барысында ЖИ негізіндегі инфографиканы қолдану мәселесі әлі де арнайы зерттеуді қажет етеді.

Информатиканың негізгі ұғымдары – ақпарат, деректер, ақпараттық үдерістер, кодтау, ақпаратты өлшеу – абстрактілі сипатқа ие: ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және беру үдерістері өзара тығыз байланысты, бірақ тек мәтіндік анықтамалар арқылы олардың логикасын көру қиын. Бұған дейінгі зерттеуімізде болашақ информатика мұғалімдерін ақпараттық үдерістерді оқытуға арнайы дайындау қажеттілігі негізделген болатын [8]. Бұл зерттеуде инфографика оқу мазмұнындағы негізгі ұғымдар мен олардың арасындағы байланыстарды мәтіндік және графикалық элементтерді, сондай-ақ визуалды метафораларды үйлестіру арқылы ықшам әрі көрнекі түрде ұсынатын құрал ретінде қарастырылады. Ал ЖИ негізіндегі инфографика дегеніміз – мазмұнды құрылымдау, макет әзірлеу және визуалды элементтерді жасау кезеңдерінің біреуі немесе бірнешеуі генеративті жасанды интеллект құралдарының көмегімен мәтіндік сұраныс (промпт) негізінде жүзеге асырылатын, ал ақпаратты іріктеу, оның дұрыстығын тексеру және оқу мақсаттарына сәйкестігін бағалау болашақ информатика мұғалімнің бақылауында қалатын визуалды оқу материалы. ЖИ негізіндегі инфографика дәстүрлі инфографикадан оны әзірлеу үдерісінің ерекшеліктерімен, адам мен ЖИ арасындағы өзара әрекеттесу сипатымен және нәтижені бақылау тәсілдерімен ерекшеленеді. Атап айтқанда, мәтіндік сұраныстарды пайдалану арқылы қысқа уақыт ішінде инфографиканың бірнеше нұсқасын жасауға болады. Сонымен қатар, алынған материалдың мазмұндық дұрыстығын міндетті түрде тексеру қажет. Бұл жағдайда болашақ информатика мұғалімнің қызметі графикалық дизайн жасаумен шектелмей, оқу мазмұнын жобалау, ЖИ ұсынған нәтижелерді сыни бағалау және оларды дидактикалық мақсаттарға сәйкестендіру міндеттерін қамтиды.

Инфографиканың дидактикалық мүмкіндіктері бірқатар ғылыми зерттеулерде зерделенген: инфографиканың негізгі түрлері мен оны әзірлеу қағидалары айқындалған [1], болашақ информатика мұғалімдерін объектіге бағытталған бағдарламалауға оқытуда қолдану тәжірибесі қарастырылған [9], сондай-ақ мектеп информатикасы курсының жекелеген тақырыптарына арналған инфографикалық материалдар әзірленген [10]. Бүгінде ChatGPT сияқты жалпы мақсаттағы тілдік модельдерді болашақ информатика мұғалімдері мен мектеп мұғалімдерінің көпшілігі қолданады, алайда инфографика жасауға арналған басқа ЖИ негізіндегі инфографика платформаларының (Canva Magic Studio, Napkin AI, Piktochart AI, Venngage және т.б.) мүмкіндіктері ақпараттық үдерістерді оқыту тұрғысынан салыстырмалы түрде талданбаған, ал мұндай талдау қай платформаның қандай оқу тапсырмасына тиімді екенін алдын ала анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – болашақ информатика мұғалімдерін ақпараттық үдерістерді оқытуға ЖИ негізіндегі инфографиканы қолдануға дайындау әдістемесін жасау және оның тиімділігін эксперимент арқылы бағалау. Зерттеу мақсатына сәйкес келесі зерттеу сұрақтары айқындалды: инфографика мен ЖИ негізіндегі инфографика ақпараттық үдерістерді оқытуда қандай дидактикалық қызметтер атқарады? (*ЗС1*), қолжетімді ЖИ негізіндегі инфографика платформаларының қайсысы ақпараттық үдерістерді визуализациялауға неғұрлым тиімді? (*ЗС2*), болашақ информатика мұғалімдерін ЖИ негізіндегі инфографика арқылы ақпараттық үдерістерді оқытуға дайындау әдістемесі қандай компоненттерден тұруы тиіс? (*ЗС3*), болашақ және информатика мұғалімдер ЖИ негізіндегі инфографиканы қолданудың тиімділігін қалай бағалайды? (*ЗС4)*.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеу екі кезеңде жүргізілді. *Теориялық кезеңде* ғылыми-әдістемелік әдебиетті талдау, салыстыру және жүйелеу арқылы инфографиканың функциялары мен қолдану тәсілдері жинақталып, «Ақпараттық үдерістер» тақырыбы бойынша тапсырмалар жүйесі әзірленді, сондай-ақ ЖИ негізіндегі инфографика платформаларына алты критерий бойынша салыстырмалы талдау жүргізілді: инфографикалық мүмкіндіктері, мазмұндық дәлдік пен құрылымды бақылау, нәтижені өңдеу мүмкіндігі, қазақ тілін қолдау, қолжетімділігі және «Ақпараттық үдерістер» тақырыбына сәйкестігі. Талдау платформалардың ресми сипаттамалары мен оларды сабақта қолдану тәжірибесіне негізделді. Эмпирикалық кезеңде әзірленген тәсілдердің нәтижесі тәжірибелік эксперимент арқылы бағаланды.

Эксперименттің ұйымдастыру Абай атындағы ҚазҰПУ-дың математика, физика және информатика факультетінде үш кезеңде өтті. *Дайындық кезеңінде* инфографика үлгілері (1-сурет), тапсырмалар (2-кесте) және 10 тұжырымнан тұратын сауалнама әзірленді. *Қолдану кезеңінде* 6В01507 Информатика ББББ-ның 3-4 курс студенттері (n = 64) «Информатиканы оқыту әдістемесі» сабақтарында семестр бойы инфографиканы талдап, өз бетінше (оның ішінде ЖИ арқылы) жасады және сабақ жоспарына енгізді; Алматы қаласы мектептерінің информатика мұғалімдері (n = 18) әдістемелік семинарда осы тәсілдермен танысып, өз сабақтарында қолданып көрді. *Бағалау кезеңінде* екі топқа бірдей сауалнама жүргізілді, яғни ол инфографикамен нақты жұмыс істеген адамдардың пікірін өлшейді.

Сауалнама және деректерді өңдеу. Бірінші бөлімде 10 тұжырым (С1–С10) бес балдық Ликерт шкаласы бойынша бағаланды (1 – «мүлдем келіспеймін», 5 – «толық келісемін»). Тұжырымдар бес топқа біріктірілді: түсіну және есте сақтау (С1–С3), қызығушылық (С4), өз бетінше жасау арқылы дағдыларды дамыту (С5–С6), ЖИ құралдарын пайдалану (С7–С8) және кәсіби дайындық (С9–С10). Екінші бөлімде инфографиканы қолдану тиімді сабақ кезеңдері таңдалды, үшінші бөлімде қиындықтар мен ұсыныстар туралы ашық сұрақтар қойылды. Әр тұжырым бойынша орташа мән (*M*), стандартты ауытқу (*SD*) және 4 немесе 5 балл қойғандардың үлесі (% келісемін) есептелді. Шкаланың сенімділігі Кронбахтың α коэффициентімен ($\alpha \geq 0{,}70$), топтар арасындағы айырмашылық реттік деректерге және көлемі әртүрлі топтарға жарамды Манн–Уитнидің U-критерийімен ($p < 0{,}05$) тексерілді; ашық жауаптар мазмұндық талдау арқылы санаттарға топтастырылды.

Зерттеу нәтижелері

Инфографика ұғымы: көрнекіліктен визуализацияға (ЗС1). «Көрнекілік» пен «визуализация» жиі синоним ретінде қолданылады, алайда көрнекілік демонстрациялық сипатта болып, онда иллюстративтік функция басым, ал визуализацияда когнитивтік функция басым: А.А. Вербицкийдің анықтамасы бойынша бұл ой мазмұнын көрнекі бейнеге «жинақтау» үдерісі, ал бейне кейін қайта «ашылып», ойлау және практикалық әрекеттерге тірек болады [11]. Информатика ұғымдары қатынастар мен үдерістерге негізделгендіктен, оларды оқытуда дайын бейнені көрсету жеткіліксіз, модельдеу қажет.

Инфографика – визуализацияның нақты формасы. В.В. Лаптев оны ақпаратты, байланыстарды, сандық деректер мен білімді графикалық ұсынуға негізделген коммуникативтік дизайн саласы ретінде анықтайды [12]. Инфографиканың графиктер мен диаграммалардан басты айырмашылығы – деректермен қатар өмірлік ұқсастықтар мен визуалды бейнелерді біріктіретін метафоралық сипаты. Осыған сүйеніп, *білім беру инфографикасын* оқу мақсатына сәйкес іріктелген мазмұнды, оның негізгі ұғымдары мен байланыстарын мәтін, графикалық элементтер және визуалды метафоралар бірлігі арқылы ықшам ұсынатын, білім алушының ақпаратты түсіну, талдау және қайта жаңғырту әрекетін қолдайтын визуализация құралы ретінде анықтаймыз.

Инфографиканың оқытудағы қажеттілігі бірнеше негізге сүйенеді. R.E. Mayer мультимедиялық оқыту теориясына сәйкес сөз бен бейне бірге берілгенде, әсіресе мәтін мен бейне қатар орналасып (кеңістіктік жақындық принципі), артық элементтер алынып

тасталғанда (келісімділік принципі), оқыту нәтижесі жоғары болады [13]. Қазіргі білім алушылар визуалды мәдениет ортасында өсуде, ал инфографика мәтінді алмастырмай, ақпаратқа «кіру нүктесін» жасайды. Инфографиканы өз бетінше жасау мазмұнды сыни талдауға және негізгі ақпаратты қосымшасынан ажыратуға үйретеді, ал мета-талдау оның оқу жетістіктеріне оң әсерін көрсетеді [14].

Инфографиканың дидактикалық функциялары 1-кестеде жүйеленді.

Кесте 1. Инфографиканың оқу үдерісіндегі дидактикалық функциялары

Функция	*Мазмұны*	*Информатика сабағындағы мысал*
Когнитивтік	*Абстрактілі ұғымдарды, байланыстар мен қатынастарды көрнекі модель арқылы түсінуге көмектеседі*	*Ақпараттық үдерістердің (жинау, өңдеу, сақтау, беру) өзара байланысын көрсету*
Құрылымдаушы (жүйелеуші)	*Үлкен көлемдегі ақпаратты ықшамдап, негізгі элементтерді бөліп, логикалық құрылымға келтіреді*	*Ақпараттың өлшем бірліктері мен олардың арақатынасын бір кестелі-сызбалық бейнеге біріктіру*
Мотивациялық	*Тақырыпқа назар аударады, қызығушылық пен оқуға деген ынтаны арттырады*	*Сабақ басында «Ақпарат және деректер» инфографикасы арқылы проблемалық сұрақ қою*
Коммуникативтік	*Ақпаратты қысқа әрі түсінікті жеткізуге, оны талқылауға және өз ойын дәлелдеуге мүмкіндік береді*	*Топтық жұмыста инфографика бойынша ақпаратты беру схемасын түсіндіру*
Бақылау-диагностикалық	*Білім алушылардың тақырыпты қаншалықты түсінгенін анықтауға мүмкіндік береді*	*Оқушылардың өзі жасаған инфографикасындағы қателер мен олқылықтарды талдау*
Дамытушылық	*Визуалды, сыни және жүйелі ойлауды, функционалдық сауаттылық пен цифрлық дағдыларды дамытады*	*Инфографикадағы ақпаратты кестеге немесе диаграммаға қайта кодтау, өз инфографикасын жасау*

Инфографиканың түрлері және онымен жұмыс тәсілдері. Ұсыну формасы бойынша статикалық, интерактивті және бейнеинфографика ажыратылады; мектепте ең қолжетімдісі – басып шығаруға және тірек-конспект ретінде пайдалануға ыңғайлы статикалық инфографика. Мазмұндық құрылымы бойынша үдеріс (ақпаратты беру схемасы), жіктеуші (ақпарат түрлері мен қасиеттері), салыстырмалы (аналогтық және дискретті ақпарат), статистикалық, хронологиялық және алгоритмдік инфографика бөлінеді. Білім беру инфографикасына қарапайымдылық, дәлдік, бейнелілік, эстетикалық тартымдылық, ғылыми дұрыстық және жас ерекшелігіне сәйкестік талаптары қойылады.

Инфографикамен жұмыс тәсілдерін оқу әрекетінің күрделену реттілігі ретінде жүйеледік: 1) болашақ информатика мұғалімдерінің дайын инфографиканы түсіндіруі; 2) білім алушылардың инфографиканы «оқуы» және талдауы; 3) ақпаратты қайта кодтау (кестеге, диаграммаға айналдыру); 4) сыни талдау (қателерді анықтап, түзету ұсыну); 5) өз инфографикасын жасау – бұл жұмыстың ең жоғары деңгейі [1].

Болашақ информатика мұғалімдерін ЖИ негізіндегі инфографика *арқылы ақпараттық үдерістерді оқытуға дайындау әдістемесі (ЗС3).* Зерттеудің өзегі – «Информатиканы оқыту әдістемесі» пәні аясында әзірленген әдістеме. Оның теориялық негізі – TPACK моделінің ЖИ жағдайына бейімделген нұсқалары [4, 5]: болашақ информатика мұғалімі пәндік мазмұнды (ақпараттық үдерістер), педагогикалық тәсілдерді (инфографикамен жұмыс) және технологияны (ЖИ негізіндегі инфографика) біртұтас үйлестіре білуі тиіс. *Мақсаттық компонент* – ақпараттық үдерістерді ЖИ негізіндегі инфографика арқылы визуализациялау

және сабақта қолдану дайындығын қалыптастыру. *Мазмұндық компонент* үш модульден тұрады: М1 – ақпараттық үдерістердің ғылыми негіздері (жинау, өңдеу, сақтау, беру, іздеу, қорғау; Шеннонның байланыс моделі) және визуализация принциптері; М2 – ЖИ негізіндегі инфографика платформаларын салыстыру және таңдау, промпт құрастыру, ЖИ нәтижесіндегі қателерді анықтау; М3 – ЖИ негізіндегі инфографиканы сабақ жоспары мен тапсырмалар жүйесіне енгізу, микросабақ. *Процессуалдық компонент* жұмыс тәсілдерінің реттілігіне, тапсырмалар жүйесіне (2-кесте) және алты кезеңді үлгіге (2-сурет) сүйенеді. *Нәтижелік-бағалау компоненті* студенттердің инфографикасын ғылыми дұрыстық, логика, түсініктілік және дизайн критерийлері бойынша бағалауды және сауалнаманы қамтиды.

«Ақпараттық үдерістер» тақырыбы бойынша инфографика мысалы. Негізгі мектептің информатика курсындағы «Ақпарат және деректер», «Ақпараттық үдерістер», «Ақпаратты ұсыну», «Ақпаратты өлшеу» тақырыптарын инфографика арқылы жүйелеуге болады; инфографика оқулықты алмастырмайды, бірақ түсіндіру кезінде көрнекі құрал, ал өзіндік жұмыста тірек-конспект бола алады (1-сурет).



Сурет 1. «Ақпарат және деректер» (а) және «Ақпараттық үдерістер» (б) инфографикалары (авторлық мазмұн негізінде ЖИ құралдарымен визуализацияланған)

«Ақпарат және деректер» инфографикасы (1-сурет, а) ақпарат көздерін, қасиеттерін және ақпарат пен деректердің айырмашылығын өмірлік мысалдармен көрсетеді. «Ақпараттық үдерістер» инфографикасында (1-сурет, б) ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және беру жеке блоктарға бөлініп, әрқайсысы танымал белгімен бейнеленген, бұл кеңістіктік жақындық принципіне сәйкес келеді [13]. Сонымен бірге үдерістердің реттілігі толық айқын емес, «іздеу» мен «қорғау» үдерістері көрсетілмеген; мұндай олқылықтар оқу ресурсына айналады, ал инфографиканың қазақша нұсқасын жасау терминологиялық дәлдікті тексеретін тапсырма бола алады. Осы инфографика негізінде тапсырмалар әзірленді (2-кесте).

Тапсырмалар танудан талдауға, одан шығармашылыққа қарай күрделенеді, бұл Блум таксономиясының деңгейлеріне сәйкес келеді, ал білім алушылар жасаған инфографика тақырыптың қаншалықты меңгерілгенін бағалауға мүмкіндік береді [10].

Кесте 2.«Ақпараттық үдерістер» инфографикасымен жұмыс істеуге арналған тапсырмалар

Сабақ кезеңі	*Тапсырма түрі*	*Тапсырма мысалы*
Білімді өзектендіру, мотивация	*Болжау*	*Инфографиканы 1–2 минут қарап шығыңыз. Суреттегі адамдар мен құрылғылар ақпаратпен қандай әрекеттер жасайды деп ойлайсыз?*

Жаңа материалды түсіндіру	*Ақпаратты іздеу және шығарып алу*	*Инфографикада қандай ақпараттық үдерістер көрсетілген? Әрқайсысына сәйкес белгіні атаңыз.*
Жаңа материалды түсіндіру	*Негізгі және қосымша ақпаратты ажырату*	*Қай элементтер ақпараттық үдерістің мәнін ашады, ал қайсысы тек безендіру үшін берілген?*
Бекіту	*«Дұрыс/бұрыс» Өмірмен байланыстыру*	*Тұжырымдарды бағалаңыз: «Мәтінді кестеге айналдыру – ақпаратты сақтау»; «Дискета – ақпарат тасымалдаушының мысалы». Смартфонмен суретке түсіріп, досыңызға жіберген кезде қандай ақпараттық үдерістер жүзеге асады? Оларды инфографикадағы блоктармен сәйкестендіріңіз.*
Қайталау және жалпылау	*Сыни талдау және толықтыру*	*Инфографикада қандай үдерістер жетіспейді (мысалы, іздеу, қорғау)? Үдерістердің реттілігін көрсеткілер арқылы нақтылаңыз.*
Жоба, үй тапсырмасы	*Шығармашылық (өз инфографикасын жасау)*	*Инфографиканың қазақ тіліндегі нұсқасын жасаңыз немесе «Ақпаратты беру» тақырыбына өз инфографикаңызды құрастырыңыз.*
Бақылау	*Рефлексия, бағалау*	*Өзіңіз немесе сыныптасыңыз жасаған инфографиканы критерийлер бойынша бағалаңыз: ғылыми дұрыстық, логика, түсініктілік, дизайн.*

Инфографиканы жасау кезеңдері. ЖИ құралдары оқу материалын алдын ала құрылымдауға, қысқа тұжырымдар дайындауға және дизайн нұсқаларын жылдам жасауға көмектеседі, алайда олардың нәтижесінде терминологиялық қателер, логикалық реттіліктің бұзылуы, мағынасыз безендіру кездесуі мүмкін. Сондықтан инфографиканы жасау арнайы ұйымдастырылған педагогикалық дизайн әрекеті ретінде қарастырылуы тиіс [15]. Осыны ескеріп, алты кезеңді үлгі ұсынамыз (2-сурет): ЖИ тек төртінші кезеңде, мазмұн мен визуализация тәсілін болашақ информатика мұғалімдерінің (студенттің) өзі анықтағаннан кейін қолданылады, одан кейін міндетті мазмұндық тексеру жүргізіледі.



Сурет 2. Білім беру инфографикасын жасаудың алты кезеңді үлгісі (авторлар әзірлеген)

Мысалы, «Ақпаратты беру» тақырыбы үшін ЖИ-ге ақпарат көзін, хабарламаны, байланыс арнасын, кедергілерді және қабылдаушыны көрсететін, қазақ тіліндегі 7-сыныпқа арналған құрылым сұралады; алынған нұсқада терминология, элементтер реттілігі және бейнелердің мазмұнға сәйкестігі тексеріліп, қате табылса, жұмыс алдыңғы кезеңдерге қайтарылады. (2-сурет).

ЖИ негізіндегі инфографика *платформаларын салыстырмалы талдау (ЗС2).* Тәжірибеде ЖИ қолдану көбіне ChatGPT сияқты тілдік модельдермен шектеледі, алайда инфографика жасауға мүмкіндіктері әртүрлі үш платформалар тобы бар: 1) кескін генерациясы бар тілдік

модельдер; 2) ЖИ модульдері бар дизайн-платформалар мен инфографика генераторлары; 3) мәтінді сызбаға айналдыратын сервистер және код негізіндегі визуализация (3-кесте).

Кесте 3. Негізгі ЖИ негізіндегі инфографика платформаларын салыстыру

Платформа	*Инфографикалық мүмкіндіктері*	*Артықшылықтары*	*Кемшіліктері*	*«Ақпараттық үдерістер» тақырыбына сәйкестігі*
ChatGPT, Gemini (тілдік модель + кескін генерациясы)	*Мазмұнды құрылымдау, инфографика сценарийі, кескін генерациясы, диаграмма коды*	*Диалог арқылы мазмұнды нақтылау; қазақша мәтін құрау; тегін қолжетімділік*	*Кескіндегі қазақша жазуда қателер; «галлюцинация»; растрлық кескінді өңдеу қиын*	*Жоғары – мазмұнды құрылымдауда ; орташа – визуализацияда*
Microsoft Copilot (Designer)	*Мәтіннен кескін жасау; PowerPoint-те дизайн ұсыну*	*Тегін; Microsoft 365 ортасымен интеграция*	*Құрылымды бақылау әлсіз; жазулардағы қателер*	*Төмен–орташа – мотивациялық бейнелер*
Canva Magic Studio (дизайн-платформа)	*Шаблондар, мәтіннен макет құру, кескін генерациясы, қабаттарды өңдеу*	*Шаблон қоры үлкен; әр элемент өңделеді; тегін білім беру нұсқасы*	*Қазақша қаріптер мен шаблондар аз; безендірудің мазмұннан басым болу қаупі*	*Жоғары – безендіру, жіктеуші және салыстырмалы инфографика*
Piktochart AI, Venngage (инфографика генераторлары)	*Сұраныс бойынша инфографика макеті (процесс, уақыт шкаласы, салыстыру), диаграммалар*	*Инфографика жанрына арналған дайын құрылымдар*	*Негізгі функциялары ақылы; шаблондар ағылшын тілді; мазмұны жалпылама*	*Орташа – статистикалық, хронологиялық инфографика*
Napkin AI (мәтіннен сызбаға)	*Мәтін абзацын блок-схемаға, цикл, иерархия диаграммасына айналдыру; SVG/PNG экспорты*	*Мәтіннің логикасын сақтайды; сызбаны жылдам жасайды; өңделеді*	*Стильдік мүмкіндіктері шектеулі; интерфейсі ағылшынша*	*Өте жоғары – процестік инфографика (жинау → өңдеу → сақтау → беру)*
ЖИ + код (Mermaid, draw.io, Python)	*Тілдік модель сызба кодын жазады, ол арнайы ортада визуализацияланады*	*Кириллица мен терминология дәл; толық өңделеді; алгоритмдік ойлауды дамытады*	*Бағдарламалау дағдысын талап етеді; метафоралық бейнелері шектеулі*	*Өте жоғары – процестік және алгоритмдік инфографика*

Талдау нәтижесінде бірде-бір платформаның инфографика жасаудың барлық кезеңін бірдей сапалы қамтамасыз етпейтінін көрсетеді: тілдік модельдер мазмұнды құрылымдауда күшті, бірақ визуализацияда (әсіресе қазақша жазуларда) әлсіз, ал дизайн-платформалар керісінше. Сондықтан платформаларды *гибридті үйлестіру* ұсынылады: тілдік модель арқылы мазмұн құрылымын жобалау (2-суреттегі 4-кезең) → Napkin AI немесе Mermaid көмегімен процестік сызба қаңқасын құру → Canva-да безендіру және қазақша мәтінді түзету → міндетті мазмұндық тексеру. Оқу үдерісінде 3-кесте ЖИ негізіндегі инфографика құралдарын саналы түрде таңдауға бағыт беретін әдістемелік бағдар ретінде қолданылады. Мысалы, болашақ

информатика мұғалімдері ақпаратты беру тақырыбы бойынша бір сызбаны екі түрлі платформада әзірлеп, алынған нәтижелерді белгіленген критерийлер бойынша салыстырады.

*Эксперимент нәтижелері бойынша ш*каланың сенімділігі жоғары болды: Кронбахтың α коэффициенті студент (болашақ информатика мұғалімі) үшін 0,86, мектептегі информатика мұғалімдері үшін 0,84. Сауалнаманың бірінші бөлімінің нәтижелері 4-кестеде берілген.

Кесте 4. Сауалнаманың бірінші бөлімі бойынша нәтижелер (M – орташа балл, SD – стандартты ауытқу, % – 4 немесе 5 балл қойғандар үлесі)

№	Тұжырым	Студенттер (n = 64), M (SD)	Студенттер, % келісемін	Мұғалімдер (n = 18), M (SD)	Мұғалімдер, % келісемін
C1	Инфографика оқу материалын тезірек түсінуге көмектеседі	4,52 (0,64)	89,1	4,61 (0,61)	94,4
C2	Инфографика ұғымдар арасындағы байланысты (мысалы, ақпараттық үдерістердің реттілігін) көруге көмектеседі	4,47 (0,69)	87,5	4,56 (0,62)	88,9
C3	Инфографикамен ұсынылған материал есте жақсырақ сақталады	4,31 (0,75)	82,8	4,33 (0,77)	83,3
C4	Инфографика сабаққа деген қызығушылықты арттырады	4,44 (0,71)	85,9	4,50 (0,71)	88,9
C5	Инфографиканы өз бетінше жасау тақырыпты тереңірек талдауды талап етеді	4,25 (0,80)	79,7	4,39 (0,78)	83,3
C6	Инфографика жасау барысында ақпаратты іріктеу және құрылымдау дағдылары дамиды	4,39 (0,72)	84,4	4,44 (0,70)	88,9
C7	ЖИ құралдары инфографика жасауға кететін уақытты қысқартады	4,08 (0,88)	75,0	3,94 (0,94)	66,7
C8	ЖИ арқылы жасалған инфографика мазмұндық тексеруді қажет етеді	4,56 (0,61)	90,6	4,72 (0,57)	94,4
C9	Инфографиканы өз сабақтарымда қолдануға дайынмын	4,20 (0,79)	78,1	4,28 (0,83)	77,8
C10	Инфографиканы информатика сабағында жүйелі қолдану қажет деп санаймын	4,36 (0,74)	84,4	4,50 (0,71)	88,9
	Шкала бойынша жалпы орташа мән	4,36	83,8	4,43	85,6

Ең жоғары бағалар инфографиканың материалды тез түсінуге (C1), ұғымдар арасындағы байланысты көруге (C2) және есте сақтауға (C3) көмектесуіне берілді, бұл когнитивтік және құрылымдаушы функцияларды растайды. Респонденттердің басым бөлігі инфографиканың

қызығушылықты арттыратынын (С4), ал оны өз бетінше жасау тақырыпты тереңірек талдауды талап етіп, ақпаратты іріктеу мен құрылымдау дағдыларын дамытатынын (С5–С6) атап өтті. ЖИ-ге қатысты тұжырымдарда топтар арасындағы ең айқын айырмашылық байқалды: ЖИ уақытты үнемдейді деген тұжырым (С7) мектептегі мұғалімдерде 4 балдан төмен бағаланған жалғыз тұжырым болды, ал ЖИ нәтижесін мазмұндық тексеру қажет деген тұжырым (С8) екі топта да ең жоғары бағаны алды, бұл 2-суреттегі міндетті тексеру кезеңінің негізділігін растайды. Респонденттердің шамамен төрттен үші инфографиканы өз сабағында қолдануға дайын (С9), ал одан да көбі оны жүйелі қолдануды қажет деп санайды (С10); бұл инфографика жасау дағдыларын әдістемелік пәндерде арнайы қалыптастыру керектігін көрсетеді.

Манн–Уитнидің U-критерийі студенттер мен мектептегі информатика мұғалімдерінің бағалары арасында статистикалық маңызды айырмашылықты анықтаған жоқ ($U = 521,5$; $p = 0,42$), яғни екі топтың пікірі негізінен сәйкес келеді.

Инфографиканы қолдануға ең тиімді кезеңдер ретінде студенттер жаңа материалды түсіндіруді (71,9%), бекітуді (65,6%) және қайталау мен жалпылауды (59,4%) атады; мектептегі информатика мұғалімдерінде де осы үш кезең алдыңғы орында болды (77,8%, 61,1% және 72,2%). Негізгі қиындықтар: мазмұнға сәйкес визуалды бейнені таңдау (34,4%), ЖИ мәтініндегі терминологиялық және логикалық қателер (28,1%), жасауға кететін уақыт (18,8%), сервистерде қазақ тіліндегі шаблондар мен қаріптердің жеткіліксіздігі (15,6%). Респонденттер қазақ тіліндегі инфографикалар банкін құруды және бағалау критерийлерін әзірлеуді ұсынды.

Дискуссия

Алынған нәтижелер инфографиканың оқу нәтижелеріне оң әсерін көрсеткен халықаралық зерттеулермен сәйкес келеді [14]. Болашақ информатика мұғалімдері үшін инфографика тек оқу құралы емес, кәсіби әрекеттің объектісі: оны жасау барысында олар мазмұнды талдауды және ұсыну форматын таңдауды үйренеді. ЖИ-ге қатысты нәтижелер инфографиканы жасау арнайы педагогикалық дизайнды қажет етеді деген ұстанымды қолдайды [15]: ЖИ жобалауды қолдайтын көмекші құрал, ал мазмұнның дұрыстығы үшін жауапкершілік информатика мұғалімде қалады.

Ұсынылған тәсілдің ерекшелігі. ChatGPT сияқты құралдарды мектептегі информатика мұғалімдері мен студенттердің көпшілігі қолданады, сондықтан ЖИ-ді пайдаланудың өзі жаңалық емес. Біздің тәсіліміздің айырмашылығы: 1) ЖИНИ платформалары нақты пәндік мазмұн мен инфографика түрі тұрғысынан критерийлер негізінде таңдалады (3-кесте); 2) бір платформаның орнына гибридті тізбек ұсынылады, мазмұнның дұрыстығы мен оқу мақсаттарына сәйкестігін тексеру мұғалімнің жауапкершілігінде болады; 3) ЖИ жіберген қателер сыни талдауға арналған оқу ресурсы ретінде пайдаланылады (2-кесте); 4) болашақ мұғалім дайын өнімді тұтынушы емес, ЖИ негізіндегі инфографиканы сабақ мақсатына сай жобалайтын педагогикалық дизайнер ретінде дайындалады, сонымен қатар, кодқа негізделген визуализация ақпаратты көрнекі ұсынумен қатар, білім алушылардың логикалық ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл тұжырым ЖИ жағдайында кеңейтілген TPACK нұсқаларында қарастырылатын технологияларды сыни бағалау құзыреттілігінің [4, 5] және жасанды интеллект құралдарын педагогикалық мақсаттарға сәйкес негіздеп қолдану қажеттігінің [6] маңыздылығын айқындайды.

Қорытынды

Зерттеу сұрақтарына сәйкес төмендегідей қорытындылар тұжырымдалды. Инфографика ақпараттық үдерістерді оқытуда когнитивтік, құрылымдаушы, мотивациялық, коммуникативтік, бақылау-диагностикалық және дамытушылық қызметтерді атқарады. ЖИ негізіндегі инфографиканың дәстүрлі нұсқадан басты айырмашылығы – оны адам мен ЖИ-дің бірлесіп әзірлеуі, мәтіндік сұраныстар арқылы құрастыру мүмкіндігі және дайын материалдың мазмұндық дұрыстығын міндетті түрде тексеру қажеттілігі (ЗС1). Зерттеу нәтижелері ЖИ негізіндегі инфографика платформаларының ешқайсысы оны әзірлеудің барлық кезеңдерін

бірдей деңгейде қамтамасыз етпейтінін көрсетті. Тілдік модельдер оқу мазмұнын құрылымдау мен мәтіндік ақпаратты жүйелеуге, Napkin AI және кодқа негізделген визуализация құралдары үдерістер мен олардың арасындағы байланыстарды сызбалық түрде көрсетуге, ал Canva дайын материалды көркем безендіруге қолайлы. Осыған байланысты инфографика әзірлеуде аталған құралдардың мүмкіндіктерін өзара толықтыратын гибридті тәсілді қолдану ұсынылады (ЗС2). Болашақ информатика мұғалімдерін ақпараттық үдерістерді оқытуда ЖИ негізіндегі инфографиканы қолдануға дайындаудың төрт компоненттен тұратын әдістемесі, практикалық тапсырмалар жүйесі және өзара байланысты алты кезеңді жүзеге асыру үлгісі әзірленді (ЗС3). Екі топ қатысушыларының да инфографиканы қолдануға оң баға бергенін көрсетті: бағалаудың жалпы орташа көрсеткіштері тиісінше 4,36 және 4,43 болды (ЗС4). Сонымен қатар, қатысушылар ЖИ көмегімен әзірленген материалдардың мазмұндық дұрыстығын міндетті түрде тексеру қажеттігін атап өтті. Топтар арасындағы бағалау айырмашылығы статистикалық тұрғыдан маңызды болмады. Қорытындылай келе, ақпараттық үдерістердің мазмұны мен инфографика түріне сәйкес ЖИ негізіндегі инфографика құралдарын критерийлер бойынша іріктеу және оларды кезең-кезеңімен қолдану тәсілдерін болашақ информатика мұғалімдерін дайындау әдістемесіне кіріктірумен сипатталады. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында әдістемелік пәндерде және информатика мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курстарында қолдануға болады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

[1] Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2500000271

[2] Жакупова А., Жолшаева М. Инфографика педагогикалық процесте қолданылатын ақпаратты визуализациялау құралы ретінде // Педагогика и методы обучения. 2021. № 4(57). С. 5–9. https://doi.org/10.47344/sdu20bulletin.v57i4.603

[3] Лапчик М.П., Рагулина М.И., Семакин И.Г., Хеннер Е.К. Методика обучения информатике: учебное пособие. СПб.: Лань, 2016. 392 с.

[4] Mishra P., Warr M., Islam R. TPACK in the age of ChatGPT and Generative AI // Journal of Digital Learning in Teacher Education. 2023. Vol. 39(4). P. 235–251. https://doi.org/10.1080/21532974.2023.2247480

[5] Celik I. Towards Intelligent-TPACK: an empirical study on teachers' professional knowledge to ethically integrate artificial intelligence (AI)-based tools into education // Computers in Human Behavior. 2023. Vol. 138. Art. 107468. https://doi.org/10.1016/j.chb.2022.107468

[6]Zawacki-Richter O., Marín V.I., Bond M., Gouverneur F. Systematic review of research on artificial intelligence applications in higher education – where are the educators? // International Journal of Educational Technology in Higher Education. 2019. Vol. 16. Art. 39. https://doi.org/10.1186/s41239-019-0171-0

[7] Kasneci E., Sessler K., Küchemann S. et al. ChatGPT for good? On opportunities and challenges of large language models for education // Learning and Individual Differences. 2023. Vol. 103. Art. 102274. https://doi.org/10.1016/j.lindif.2023.102274

[8] Шекербекова Ш., Базарбаева Ү. Білімді цифрландыру жағдайында болашақ информатика мұғалімдерін ақпараттық үдерістерді оқытуға дайындау қажеттігі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Физика-математика ғылымдары сериясы. 2025. № 91(3). Б. 335–345. https://doi.org/10.51889/2959-5894.2025.91.3.030

[9] Bekezhanova A., Bidaibekov Y., Mametzhanova N. Using infographics to teach object-oriented programming to future computer science teachers // Journal of e-Learning and Knowledge Society. 2023. Vol. 19(2). P. 60–67. https://doi.org/10.20368/1971-8829/1135752

[10] Бондарева К.Д., Исаева М.А. Инфографика в обучении информатике: эффективный способ представления материала для VII класса // Информатика в школе. 2024. № 1. С. 28–34. https://doi.org/10.32517/2221-1993-2024-23-1-28-34

[11] Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход. М.: Высшая школа, 1991. 207 с.

[12] Лаптев В.В. Изобразительная статистика: введение в инфографику. СПб.:Эйдос, 2012. 180 с.

[13] Mayer R.E. Multimedia Learning. 2nd ed. New York: Cambridge University Press, 2009. 304 p.

[14] Elaldı Ş., Çifçi T. The effectiveness of using infographics on academic achievement: a meta-analysis and a meta-thematic analysis // Journal of Pedagogical Research. 2021. Vol. 5(4). P. 92–118. https://doi.org/10.33902/JPR.2021473498

[15] Ozdamli F., Ozdal J. Developing an instructional design for the design of infographics and the evaluation of infographic usage in teaching // EURASIA Journal of Mathematics, Science and Technology Education. 2018. Vol. 14(4). P. 1197–1219. https://doi.org/10.29333/ejmste/81868

References

[1] Қazaқstan Respublikasynda mektepke dejingi, orta, tehnikalyқ zhәne kәsiptik bilim berudi damytudyң 2023–2029 zhyldarғa arnalғan tұzhyrymdamasy [Concept for the Development of Preschool, Secondary, and Technical and Vocational Education in the Republic of Kazakhstan for 2023–2029]. ҚR Ykimetinің 2023 zhylғy 28 nauryzdaғy № 249 қaulysy. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2500000271

[2] Zhakupova A., Zholshaeva M. (2021) Infografika pedagogikalyқ proceste қoldanylatyn aқparatty vizualizacijalau құraly retinde [Infographics as a tool for visualizing information used in the pedagogical process] // Pedagogika i metody obuchenija. № 4(57). 5–9. https://doi.org/10.47344/sdu20bulletin.v57i4.603

[3] Lapchik M.P., Ragulina M.I., Semakin I.G., Henner E.K. (2016) Metodika obuchenija informatike [Methodology of Teaching Computer Science]: uchebnoe posobie. SPb.: Lan', 392.

[4] Mishra P., Warr M., Islam R. (2023) TPACK in the age of ChatGPT and Generative AI. Journal of Digital Learning in Teacher Education. Vol. 39(4). 235–251. https://doi.org/10.1080/21532974.2023.2247480

[5] Celik I. (2023) Towards Intelligent-TPACK: an empirical study on teachers' professional knowledge to ethically integrate artificial intelligence (AI)-based tools into education // Computers in Human Behavior. Vol. 138. Art. 107468. https://doi.org/10.1016/j.chb.2022.107468

[6] Zawacki-Richter O., Marín V.I., Bond M., Gouverneur F. (2019) Systematic review of research on artificial intelligence applications in higher education – where are the educators? International Journal of Educational Technology in Higher Education. Vol. 16. Art. 39. https://doi.org/10.1186/s41239-019-0171-0

[7] Kasneci E., Sessler K., Küchemann S. et al. (2023) ChatGPT for good? On opportunities and challenges of large language models for education // Learning and Individual Differences. Vol. 103. Art. 102274. https://doi.org/10.1016/j.lindif.2023.102274

[8] Shekerbekova Sh., Bazarbaeva Y. (2025) Bilimdi cifrlandyru zhaғdajynda bolashaқ informatika mұғalimderin aқparattyқ yderisterdi oқytuға dajyndau қazhettigi [The need to prepare future computer science teachers to teach information processes in the context of the digitalization of education.] // Abaj atyndaғy ҚazҰPU Habarshysy. Fizika-matematika ғylymdary serijasy. №91(3). 335–345. https://doi.org/10.51889/2959-5894.2025.91.3.030

[9] Bekezhanova A., Bidaibekov Y., Mametzhanova N. (2023) Using infographics to teach object-oriented programming to future computer science teachers // Journal of e-Learning and Knowledge Society. 2023. Vol. 19(2). 60–67. https://doi.org/10.20368/1971-8829/1135752

[10] Bondareva K.D., Isaeva M.A. (2024) Infografika v obuchenii informatike: jeffektivnyj sposob predstavlenija materiala dlja VII klassa [Infographics in Computer Science Education: An Effective Way to Present Material for 7th Grade] // Informatika v shkole. № 1. 28–34. https://doi.org/10.32517/2221-1993-2024-23-1-28-34

[11] Verbickij A.A. (1991) Aktivnoe obuchenie v vysshej shkole: kontekstnyj podhod [Active Learning in Higher Education: A Contextual Approach. Visual]. M.: Vysshaja shkola, 207.

[12] Laptev V.V. (2012) Izobrazitel'naja statistika: vvedenie v infografiku [Statistics: An Introduction to Infographics.]. SPb.: Jejdos, 180.

[13] Mayer R.E. (2009) Multimedia Learning. 2nd ed. New York: Cambridge University Press, 304.

[14] Elaldı Ş., Çifçi T. (2021) The effectiveness of using infographics on academic achievement: a meta-analysis and a meta-thematic analysis // Journal of Pedagogical Research. Vol. 5(4). 92–118. https://doi.org/10.33902/JPR.2021473498

[15] Ozdamli F., Ozdal J. Developing an instructional design for the design of infographics and the evaluation of infographic usage in teaching // EURASIA Journal of Mathematics, Science and Technology Education. 2018. Vol. 14(4). P. 1197–1219. https://doi.org/10.29333/ejmste/81868

МРНТИ 29.03.85

https://doi.org/10.51889/2959-5894.2026.95.3.030

К.Ж. Шетиева[1*], А.Н. Салыкова[1*], А. Есейкызы[1], У.Э. Мамбетакунов[2]

[1]Жетысуский университет имени И.Жансугурова, г.Талдыкорган, Казахстан
[2]Бишкекский музыкально-педагогический институт имени Т. Эрматова,
